


«Балапан» бобекжай-бақшасы МКҚК

Бекітемін: 

МКҚК «Балапан»

бобекжай-бақшасының директоры

Биксариева М.Ж



«Вариативтік компонент»

« Ертегілер елінде»

Ересек топ

Тәрбиеші: Уяйсова Н.М

## Түсіндірме жазба

Балабақшаның ересек топтарына арналған «Арт терапия» таңдау пәнінің бағдарламасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы № 118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 20020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленген. Жаңа стандарт 05.05.2020 үлгілік оқу бағдарламасының «Қатынас» білім беру саласына сәйкес дайындалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын жүзеге асыруда 4 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, ұйымдастырылған оқу қызметінің білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарының жүйелілігі мен бірізділігі сақталып әзірленді.

Тақырыпқа сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда сахналық қойылымдарды тәжірибеде пайдалану әдістері отандық және шетелдік ғалымдардың: Л.В. Артемова, Л.В. Ворошина, Л.С. Фурмина, Б.Б. Баймұратова, Т.Қалдыбаева т.б еңбектерінде сипатталған.

Арт терапия терминін ғылымға 1938 жылы Адриан Хилл енгізді. Арт терапия ағылшын тілінен аударғанда «шығармашылық терапия» дегенді білдіреді.

Арт терапияның ерекшеліктері: музыкалық терапия, драма терапиясы, ертегі терапиясы, ойын терапиясы, фото терапиясы, құм терапиясы, маска терапиясы т.б

Жас баланың ойлау, есте сақтау, сөйлеу, көру қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиеті үлгілерінің алатын орны ерекше. Солардың ішінде көп тараған үлгілерінің бірі ертегілер. Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ертегі баланың қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды.

Ертегілер- халқымыздың тұрмыс- салтын, арман-үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді салаларының бірі. Ертегілердің білім мен тәрбие беру саласында маңызы өте зор. Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегілерді оқып беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Әрбір ертегіні оқып беріп, таныстыру арқылы танымдық қабілеттерін арттыруға болады. Балабақшадағы жоғарғы топтарда өткізілетін әрбір ұйымдастырылған оқу қызметтерінде ертегілерді негізгі динамикалық қозғаушы күші, яғни дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалануға болады.

Ертегі терапиясы –психотерапияның құрамдас бөлігі. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкерлердің қиыншылықтарына алаңдауы оның келешекте өз алдына пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей

дайындығын тудырады. Баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектеседі.

Бала тәрбиесінде үлкен орын алатын мәселенің бірі- балалардың тілін дамыту. Бала тілін дамытуда халық ауыз әдебиетін жүйелі түрде пайдалана білу баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтіп, ұғымын байыту. Театрланға қойылымдар арқылы мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру. Сонымен қатар, баланың ойлау белсенділігі артады, өз бетімен жұмыс түрі дамиды, өз ойын еркін жеткізе алады.

Әдістемелік құралдың мақсаты: тәрбиешілерге білім беру процесін тиімді ұйымдастыруда көмек көрсету және мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын дамытып, тілін дамыту және тілге деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.

Әдістемелік құралдардың міндеттері:

- балаларды театр мәдениетіне баулу;
- таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналауға үйрету;
- шығармашылық қабілеттерін көрсетуге жағдай жасау;

Ертегі терапияның жетістіктері:

- баланың сөйлеуін дамытады, сөздік қорын дамытады, дұрыс диалог құруға көмектеседі;
- баланың эмоцияларын дамытады, бала ертегі кейіпкерлерін елестете отырып, кейіпкерлердің ішкі дүниесін ұғынуды, оларға жанашырлық танытуды үйренеді;
- баланың қиялы, шығармашылық қабілеттері артады;
- балаға жағымды эмоционалдық көңіл күй сыйлайды;
- баланың ертегіге деген сүйіспеншілігі оянып, әртістік қабілеті артады.

Қорыта келгенде ертегі терапиясы балалардың көркем қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға арқылы қарым қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Қалай десек те ертегі балалар үшін мереке, демалыс орны.

1	Ертегілер еліне саяхат	Балалармен ертегілер еліне саяхат жасай отырып, ертегі туралы түсініктерін қалыптастыру, ертегіге қызығушылығын арттыру, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	<b>Қыркүйек</b> 1 сағат
2	«Ақыл мен Білім» ертегісі	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ақылды және білімді болу адам баласын бақытқа жеткізетінін түсіндіру, сөздік қорларын молайту, ақылды және білімді болуға тәрбиелеу.	1 сағат
3	«Ғажайып түс» ертегісі	Ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, ойлау дүниетанымын, ортаға деген көзқарастарын дамыту, салауатты өмір салтын ұстануға баулу, дене күтімін сақтауға тәрбиелеу.	1 сағат
4	«Нан қайдан шығады?» ертегісі. М. Етекбаев	Көрнекі құралдарды пайдалана отырып ертегінің мазмұнын түсіндіру, нанның адам еңбегімен келетіндігін, дастарханға жеткенше қаншама еңбек жасалатынын айту, үлкендердің еңбегін құрметтеп, нанды ысырап етпеуге тәрбиелеу.	1 сағат
5	«Шаруа мен аю» орыс халық ертегісі	Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ойын қиялымен ұштастыра білуге дағдыландыру, балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.	<b>Қазан</b> 1 сағат
6	«Шаруа мен аю» орыс халық ертегісін сахналау	Ертегі желісі бойынша рөлге бөлініп ойнауға, сөйлем құруға, кейіпкерлердің мінезін дұрыс жеткізуге дағдыландыру, кейіпкер әрекетін дауыс ырғағымен сомдауға баулу.	1 сағат
7	«Көкөністер мен жемістер туралы»	Балаларға адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды	1 сағат

	ертегісі	ажырата отырып, әдептілік әліпшесін бойларына дарыту, сөздік қорларын молайту, жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу.	
8	«Әтеш пен тоты» ертегісі	Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелеуге үйрету, сөздік қорларын дамыту, адал дос болуға тәрбиелеу.	1 сағат
9	«Арыстан мен тышқан» ертегісі	Ертегі желісімен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын арттыру, мәдениеттілікке дағдыландыру достыққа тәрбиелеу.	<b>Қараша</b> 1 сағат
10	«Арыстан мен тышқан» ертегісін сахналау	Балаларды ертегі желісі бойынша рөлдерге бөліп сахналауға үйрету. шығармашылық қабілеттерін дамыту, кішіпейілділікке тәрбиелеу.	1 сағат
11	«Қасқыр мен ит» ертегісі	Ертегі мазмұнымен таныстыру, балалардың ойлау кеңістігін арттыру, қиялын дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.	1 сағат
12	«Қолғап» ертегісі	Ертегі желісімен таныстыра отырып, балаларды жақсы, жаман кейіпкерлерді анықтауға үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, бір-біріне деген достық қарым қатынасқа тәрбиелеу.	1 сағат
13	«Мысық, әтеш және түлкі» орыс халық ертегісі	Балаларды жақсы, жаман кейіпкерлерді анықтауға үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, бір-біріне деген достық қарым қатынасқа тәрбиелеу.	<b>Желтоқсан</b> 1 сағат
14	«Мысық, әтеш және түлкі» орыс халық ертегісін сахналау	Ертегі кейіпкерлерін сахналау арқылы іс-әрекеттерін, көңіл күйлерін көрсете отырып, рөлді дұрыс орындауын бақылау. Сөздерді анық, дұрыс айтуға дағдыландыру, достыққа	1 сағат

		тәрбиелеу.	
15	«Түлкі мен тырна» ертегісі	Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйрету, арқылы сөздік қорын дамыту. бір-біріне қамқор, дос болуға тәрбиелеу.	1 сағат
16	«Түлкі мен тырна» ертегісі сахналау.	Таныс сюжеттер бойынша ертегіні сахналай білуге үйрету, өзіне деген сенімділігін, қимыл қозғалыс, шығармашылық қабілеттерін дамыту, достарын сыйлауға тәрбиелеу.	1 сағат
17	«Алтын сақа» ертегісі	Ертегі мазмұнымен таныстыру, балалардың халық ауыз әдебиетіне қызығушылығын ертегілер арқылы арттыру, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.	<b>Қаңтар</b> 1 сағат
18	«Бес ешкі» ертегісі	Ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту, кейіпкерлерді сипаттай алуға дағдыландыру, адал достыққа тәрбиелеу.	1 сағат
19	«Қойшы, түлкі және аю» ертегісі	Ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдай білуге дағдыландыру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз мінездерін сипаттай білуді үйрету.	1 сағат
20	«Қойшы, түлкі және аю» ертегісін сахналау.	Ертегі кейіпкерлеріне еніп, үйлесімді қимылдарды дамыту, кейіпкерлердің эмоциялық бейнесін бере білу, олардың ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану, тапқырлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	1 сағат
21	«Кім күшті?» ертегісі	Ертегілер арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету, оларды әңгімелуге, қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беріге баулу, ертегіні мәнерлеп айтуға дағдыландыру.	<b>Ақпан</b> 1 сағат

22	«Кім күшті?» ертегісін сахналау	Тақырып мазмұнын меңгерту, ертегі кейіпкерлеріне еніп, олардың мінез-құлқын бойларына сіңіру, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, актерлық шеберлігін дамыту.	1 сағат
23	«Жақсылық пен жамандық» ертегісі	Ертегі желісімен таныстыру, балалардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, адамгершілікке, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету.	1 сағат
24	«Жақсылық пен жамандық» ертегісін сахналау	Жақсылық пен жамандықтың айырмашылығы туралы түсінік беру, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.	1 сағат
25	«Алдар көсе мен бай» ертегісі	Ертегі тыңдау қабілеттерін қалыптастыру, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау, ойлау қасиеттерін дамыту, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	<b>Наурыз</b> 1 сағат
26	«Үйшік» ертегісі	Ертегінің мазмұнын таныстыру, сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту, балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.	1 сағат
27	«Үйшік» ертегісін сахналау	Ертегі кейіпкерлеріне еніп ойнау, кейіпкерлердің өзіндік мінез-құлқын ашу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.	1 сағат
28	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	Ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру, балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырып, сөздік қорын байыту.	1 сағат

29	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін сахналау	Ертегі кейіпкерлеріне еніп, ертегі желісін сахналау, ертегі желісін көз алдыларына елестете отырып, әр кейіпкердің мінезін аша білуді үйрету, ертегі мазмұны арқылы еңбексүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелеу.	<b>Сәуір</b> 1 сағат
30	«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі	Ертегіні дұрыс түсініп, мәнерлеп оқып беру арқылы өз ойларын тиянақты, еркін айтуға машықтандыру.	1 сағат
31	«Құмырсқаның қанағаты» ертегісі	Ертегіні түсініп тыңдай білуге, сөйлеу тілдерін жетілдіру, сөздік қорларын молайту, балаларды ертегі арқылы достыққа, адалдыққа, мейірімділікке, жақсы мен жаманды айыра білуге тәрбиелеу.	1 сағат
32	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	Ертегілер туралы білімдерін кеңейту, сөйлеу мәдениетін, сөздік қорларын дамыту, балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.	1 сағат
33	«Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау	Балалардың бойында ертегілер туралы түсініктерін кеңейту, кейіпкерлердің айқын бейнесін көрсете білуге және кіші қойылымдарды сахналауды үйрету, балалардың ойлау қабілеттерін, қимылдарын дамыту. Адал достыққа тәрбиелеу.	<b>Мамыр</b> 1 сағат
34	«Екі сараң қонжық» венгер халқының ертегісі	Балаларға ертегі оқып, мазмұнын түсіндіру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың іс-әрекеттерін бағалауға үйрету.	1 сағат



35	«Ағаштар неге ашуланды?»	Балаларға әңгіме желісімен таныстыра отырып, ағаштар және олардың пайдасы туралы жан-жақты мәлімет бере отырып, көктем мезгілінің ерекшелігін сезіне білуді үйрету.	1 сағат
36	«Жыл мезгілдері» ертегісі	Жыл мезгілдерінің өзіндік ерекшелігін айта отырып, ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақ қою арқылы ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	1 сағат

**№1-тақырып:** Ертегілер еліне саяхат

**Мақсаты:** Балалармен ертегілер еліне саяхат жасай отырып, ертегі туралы түсініктерін қалыптастыру, ертегіге қызығушылығын арттыру, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Әдіс тәсілдер:** түсіндіру, баяндау

**Көрнекі құралдар:** ертегі кейіпкерлерінің муляждары, суреттер

**Билингвалды компонент :** ертегі-сказка, гүл-цветок

**ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** Балалар, ерте, ерте, ертеде деп не басталатын еді?

*Балалардың жауабы тыңдалады.*

**Тәрбиеші:**

1. Сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыздар ма?

2. Қандай ертегілерді білесіңдер?

3. Ертегідегі қандай мейірімді кейіпкерлерді білесіңдер?

**Тәрбиеші:** Олай болса біз бүгін сендермен ертегілер еліне саяхаттаймыз.

Балалар, біз ертегілер еліне сиқырлы кілемшемен жетеміз. Ол үшін көзімізді жұмып, сиқырлы кілемшеге жайғасайық.

(Әуен қосылып, балалар кілем үстіне жайғасады)

**Тәрбиеші:** Балалар, міне, бізде ертегілер еліне келіп жеттік. Қараңдаршы, қандай керемет. Ертегілер елі сиқырға толы екен. Түрлі түсті гүлдер, жұпар иісін айтсандаршы. Қане, гүлдерді иіскеп көрейікші. Балалар, мына гүлдің күлтесінде бірдеңе жасырынып тұрған сияқты. Ол не болды екен? Гүлдің күлтелерінде жұмбақ жасырылған екен. Қане, мен оқимын, сендер жауабын табыңдар.

*Ертегілер елі алдын ала жасақталып қойылады.*

**Жұмбақ:**

Үйін жинап ертемен,

Мейіз тауып алыпты.

Мысығы келмеген соң,

Ол өкпелеп қалыпты.

Бұл қай ертегі? (Мақта қыз бен мысық)

Атай өзі салғанын.

Көрді өсіп қалғанын.

Ары тартты, бері тартты,

Бірақ тарта алмады. (Шалқан)

Апасынан қашып кетті.

Атасынан қашып кетті.

Барлық аңнан құтылды.

Түлкіге барып тұтылды. (Бауырсақ)

Бір шаңырақ астында,

Барлық аңдар бірлесіп,

Тату тәтті тұрыпты.

Түлкі келіп қуланып,

Бәрін қуып шығыпты.

Аю келіп айбарлы,

Сыбағасын беріпті. (Үйшік)

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, балалар. Өте зерек, ақылды балалар екенсіңдер.

Енді сендермен «Қардан жасалған гүл» ертегісін тыңдайық.

«Қардан жасалған гүл» ертегісі. Авторы: М.Сембай

**Ертегіні аудио тыңдау.**

Тектен текке тұрмайық.

Назар салып тыңдайық.

Келіңдер, қане, балалар,

Ертегі тыңдап алайық.

**Сұрақ-жауап:**

1. Ертегі не туралы?

2. Қыз қардан не жасады?

3. Ата-анасының татуласуына гүлдің септігі тиді ме?

4. Ертегі кейіпкерлерін ата?

**Билингвалды компонент:** қар-снег, гүл-цветок

**Ойын:** «Гүл»

**Тәрбиеші:** балалар, сендермен «Гүл» ойынын ойнаймыз.

**Ойынның шарты:** балалар әр жерге отырады. Күн шығып, гүлдер жайлап өсе бастайды. (қолдарын созады). Кенет баяу жел соға бастап, гүлдер жан жаққа шайқалады. Жаңбыр жауғанда гүлдер тоңып, бүрісіп жабысады. Күн шыққанда гүлдер ашылып, құлпыра бастайды. (балалар үлкен шеңбер жасап, бір үлкен шоғына айналады) .

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар, балалар! Сендерге ертегі, ойынымыз ұнады ма?

**Тәрбиеші:** олай болса балалар, сиқырлы кілемімізге мініп балабақшамызға оралайық.

(Әуен ойнап, балалар сиқырлы кілемнің үстіне жайғасып көздерін жұмады)

**Рефлексия:**

1. Балалар, біз қайда саяхаттадық?

2. Ертегілер әлемінде не көрдіңдер?

3. Ертегілер еліне саяхаттаған сендерге ұнады ма?

-Бүгінгі саяхатымызда сендер жақсы, тілалғыш, тәртіпті болдыңдар.  
Сендерге ертегі елінен мына бір гүлдер сыйлыққа тарту етемін.

**№2-тақырып:** «Ақыл мен Білім » ертегісі

**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, ойлау дүниетанымын, ортаға деген көзқарастарын дамыту, салауатты өмір салтын ұстануға баулу, дене күтімін сақтауға тәрбиелеу.

**Әдіс тәсілдер:** түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап

**Көрнекіліктер:** суреттер, бетперде

**ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** Балалар, бәріміз дөңгеленіп тұрып, бүгінгі күнімізді жақсы, көңілді өтсін ниетпен бір-бірімізге жақсы тілек тілеп бастайық.

**Балалар:** - Күніміз сәтті өтсін!

-Аспанымыз ашық болсын!

- Нанымыз көп болсын!

-Ауырмандар!

-Күндей күлімдеп жүріңдер!

-Ақылды, білімді болыңдар!

**Тәрбиеші:** сендердің ойларыңша, ақылды, білімді бала қандай болады?

**Балалар:** тәртіпті, бәрін білетін, жақсы.

**Тәрбиеші:** адам ақылды және білімді болу үшін не істеу керек?

**Балалар:** жақсы оқу керек, тәртіпті болу керек, үлкендерді тыңдау керек.

**Негізгі бөлім:**

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар, балалар! Ендеше мен сендерге бүгін «Ақыл мен Білім» ертегісін айтып беремін.

Ертеде Ақыл мен Білім деген екі дос болады. Балалар екеуміздің қайсысымызды керек етеді екен деп ойланып, олардың ортасына барады.

Сонда баланың бірі:

-Мен күнде екілік аламын, ата-анамнан сабақ оқи алмағаным үшін ұрыс естіп, бұрышқа тұрамын. Маған ең бірінші-білім керек. Менің басыма қоншы, білімді болайыншы ,-деп жалыныпты. Білім ойланып, баланың жауабын тыңдап болған соң:

-Жарайды, қалауың осы болса деп баланың басына қонады. Сол күннен бастап әлгі бала күнде бестік баға алып жүреді. Ата-анасы аң-таң. Бұл қалайша болғаны? Үйде мүлде кітап бетін ашпайды, ал күнделігі төрт пен бес. Достары да таңғалады.

-Қалайша ол күнде екіден көз ашпайтын , енді бестікке қалай оңай жетті? деген сұраққа жауап таба алмайды.

Бала болса қиналмай бестік баға алғанына қуанып жүреді. Күндердің бір күнінде балдақты қария аяғы тайып жерге құлайды. Бала оған мән бермей өз бетімен кете береді. Ал, басқа балалар қарияға көмек береді.

Бір күні әжесі әлгі балаға : балам, көзім нашар көруші еді, инемді сабақтап берші дейді. Әжесінің сөзін елең қылмай ойнап отыра береді.

Баланың сыртынан бақылап жүрген Ақыл мен Білім бұлай жалғаса бермеу керек деп бір шешімге келеді.

– Ақыл, бұл бала өзіне берілген білімді дұрыс пайдаланған жоқ. Әр істі оймен , ақылмен шешіп орындамайды екен. Жақсы бала болу үшін білімді болу аз екен. Дереу сенің көмегің керек, орнымызды ауыстырайық дейді,- Білім. Таңертеңгісін бала тамақтанып отырып әдепті сөйлеп, үлкендерге көмектесіп жақсы істер жасайды. Ақылдың арқасында білімге қол жететінін ұғыпты. «Ақыл- білімнен жоғары» деген рас екен.

### **Сұрақ-жауап:**

1. Ертегі не жайында?
2. Білімді баланың іс әрекеті қандай болды?
3. Ақылсыз білімнің қаншалықты пайдасы бар?
4. Ақыл-білімнен жоғары дегенді қалай түсінесіңдер?

### **Мақал мәтелдер**

1. Білімдіге дүние жарық.
2. Алтын алма, білім ал.
3. Жеті жұрттың тілін біл,  
Жеті түрлі білім біл.
4. Білім-бұлақ,  
Ақыл жағалай біткен құрақ.
5. Ақыл азбайды,  
Білім тозбайды.

### **Сергіту сәті:**

**Ойын жаттығу:** «Көңілді доп»

**Ойынның мақсаты:** өзінде бар жақсы қасиеттерді бағалай білуге, өзінің қасында жүрген адамдардың жақсы қасиеттерін білуге арналған.

**Ойынның шарты:** допты бір-біріне берген кезде балалар адамгершілік қасиеттерін айтуы керек. Мысалы: ақылдымын, ақкөңілмін, жылдаммын, білімдімін, батылмын, мейірімдімін т.б

### **Рефлексия:**

1. Бүгінгі ертегінің мазмұны не жайында?
2. Ақылды әрі білімді болу үшін сен не істер едің?
3. Сен қандай бала болар едің?

**№3-тақырып:** «Ғажайып түс» ертегісі.

**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнымен таныстыру. Сөздік қорларын молайтып, байланыстыра отырып сөйлеуге үйрету және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Дене күтімін сақтауға тәрбиелеу.

**Тілдік компонент:** ғажайып-сказочный, түс-сон

**Әдіс тәсілдер:** түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап

**Көрнекіліктер:** суреттер, бетперде, хат, слайд

**ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** Балалар, бәріміз бір-бірімізге жақсы көңіл күй сыйлай отырып, қуанышты дауыс ырғағымен қайталаймыз:

Біз қандаймыз, қандаймыз.

Шұғылалы тандаймыз.

Күлімдеген күндейміз,

Жабырқауды білмейміз.

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де.

Қуанайық бәріміз,

Арайлап атқан күнге.

(өлең жолдарын айтып балалар орындарына жайғасады)

**Тосын сәт:**

(есік қағылып қарлығаш келеді)

**Қарлығаш:** Сәлеметсіздер ме, мен қарлығаш боламын. Сіздердің топтарыңызға хат алып келдім.

**Тәрбиеші:** бұл хат кімнен болды екен, не жазылған екен?

(Қарлығаш шығып кетеді)

**Тәрбиеші:** қане көрейік, не жазылған екен? Мұнда жұмбақтар жасырылған екен. Балалар, сендерге жұмбақ шешкен ұнайды ма?

**Жұмбақ:**

1. Бір беткейде екі көл (көз)

2. Қосылғанда қос шебер, қыруар іс өнер. (қол)

3. Сөз ұққыш, екі тұтқыш (кұлақ)

4. Екі көрші, бірі- пысылдауық, бірі- сырылдауық (мұрын мен ауыз)

5. Сырты орман,

Алды жазық құрлықты.

Араласаң,

Табасың жеті құрлықты. (бас)

(балалардың жауаптары айтқан сайын дене мүшелері слайдтан шығып, адам

денесі құралады. )

**Тәрбиеші:** -балалар, сендер жұмбақтың шешуін табу арқылы адамның дене мүшелерін құрастырдыңдар. Адамның дене мүшелеріне не жатады екен?

**Балалар:** бас, ауыз, мұрын, құлақ, қол, аяқ, көз т.б

**Тәрбиеші:** балалар, мен сендерге «Ғажайып түс» ертегісін айтып берейін.  
(Суреттерге қарау арқылы балалар ертегіні тыңдайды)



1. Ертегі не жайында?
2. Адамның дене мүшелеріне не жатады?
3. Сенің ойынша адамға қай дене мүшесі маңызды?

**Сергіту сәті:**

Мынау менің жүрегім,  
Бәрі осыдан басталған.  
Мынау басым ақылды,  
Бәрі осыдан басталған.  
Мынау менің оң қолым,  
Мынау менің сол қолым.  
Барлық істі басқарған.

(ертегінің желісімен танысып, ертегіні түсінген соң балалар рөлге бөліп сахналау)

**Ойын:** «Жылдам тап»

**Ойынның шарты:** тәрбиеші дене мүшелерін айтып, балаларды жаңылыстыруға тырысады. Балалар айтылған дене мүшелерін дұрыс әрі жылдам көрсету керек.

**Рефлексия:**

**Тәрбиеші:**

-Ертегі саған ұнады ма?

- Дене мүшелерінің атқарар қызметтерін айт.

-Жарайсыңдар, балалар. Сендер бүгін белсенді қатысып отырдыңдар. Мен сендерге әдемі жұлдызша беремін.

**№4-тақырып:** «Нан қайдан шығады?» ертегісі. М.Етекбаев

**Мақсаты:** Көрнекі құралдарды пайдалана отырып ертегінің мазмұнын түсіндіру, нанның адам еңбегімен келетіндігін, дастарханға жеткенше қаншама еңбек жасалатынын айту, үлкендердің еңбегін құрметтеп, нанды ысырап етпеуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** наубайхана, наубайшы, диірмен, дихан.

**Әдіс тәсілдер:** түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап

**Көрнекіліктер:** нанның түрлері, бидай, бетперделер.

**ҰОҚ барысы:**

Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір біріне жақсы тілек айтады.

– Ақылды бол!

-Күніміз жарық болсын!

-Аспанымыз ашық болсын!

Есік қағылады. Топқа қолында бауырсағы бар қыз кіреді. Ол қолындағы бауырсағын шашып жейді де, қалғанын кез келген жерге тастай салады.

**Тәрбиеші:** Балалар, мына қыздың істеген қылығы дұрыс па? Нанды шашуға, лақтыруға, жерге басуға бола ма ?

*Балалар мына қыздың қылығының дұрыс емесдігін, нанды шашуға, басуға болмайтындығын айтады да, жерде жатқан бауырсақты жинайды.*

**Тәрбиеші:** Балалар, мына суреттен нанның қандай түрлерін көріп тұрсыңдар? Атап беріңдер.

–Нанды неден пісіреді?

-Ұнды қалай жасайды? (Балалардың жауаптары тыңдалады)

**Негізгі бөлім:**

**Тәрбиеші:** Мен бүгін сендерге «Нан қайдан келеді?» ертегісін оқып беремін.



Мұқият тыңдаймыз.

1. Балалар, ертегі қалай аталады?
2. Тышқан қайда келді? Тышқанның нені білгісі келді ?
3. Тышқан өзін толғандырған сұрағына жауап таба алды ма?

**Сөздік жұмыс:**

Наубайхана- нан пісіретін арнаулы орын.

Наубайшы-нан пісіретін адам.

Дихан- бидайды егіп, өсіріп баптайтын адам.

диірмен-эртүрлі дақыл дәндерін майдалауға арналған машина

**Сергіту сәті:**

Жайқалады ақ бидай.

Ырғалады желменен.

Трактор мен комбайн,

Оруға мен дайын.

Жиналған ақ бидайды,

Қырманға әкеп төгемін.

Диірменге тартып ұн етіп,

Наубайханаға жеткізем.

Піскен тәтті нандарды,

Дүкеншіге әкелемін.

**Балалар ертегіні рөлге бөліп ойнайды.**

Тышқан, күзетші, нан, сатушы, наубайшы, диірменші, комбайншы.

**Дидактикалық ойын:** «Қайсысы артық?»

**Ойын шарты:** берілген суреттердің ішінен нан өнімдеріне жатпайтын тағам түрлерін алып тастау.

**Рефлексия:**

1. Балалар бүгінгі тыңдаған ертегі ұнады ма?
2. Тышқанды қандай сұрақ мазалады?
3. «Ас атасы- нан» сөзін қалай түсінесіңдер?
4. Нан біздің дастарханымызға оңай жолмен келеді ме?

Балалар, олай болса, рөлдерде ойнағандарға көңілді смайликтер, ал оқу қызметіне белсенді қатысқандарға жұлдызша беремін. Оқу қызметін өлең шумақтарымен тамамдаймыз.

**«Нан қиқымын шашпаңдар!» Ө.Тұрманжанов**

Нан- ардақты адал ас

Кәрі, жас одан аттамас.

Ақ дастархан үстінде,

Қол жумай оны ұстамас.

Нан қиқымын шашпаңдар.  
Теріп алып қастерлеп,  
Торғайларға тастаңдар.

**№5-тақырып:** «Шаруа мен аю» ертегісі(орыс халық ертегісі)

**Мақсаты:** Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ойын қиялымен ұштастыра білуге дағдыландыру, балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** шаруа, аю, шалқан

**Әдіс тәсілдер:** түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап

**Көрнекіліктер:** суреттер, аудио

**ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** Балалар, бәріміз бір-бірімізге жақсы көңіл күй сыйлай отырып, қуанышты дауыс ырғағымен қайталаймыз:

Арайлап бүгін таң атты,

Шашып бізге шапағын.

Тілейміз сізге ақ таңның,

Қуанышын, шаттығын.

Қайырлы таң, қайырлы таң!

Қуанышты күн бүгін.

(өлең жолдарын айтып балалар орындарына отырады)

**Тәрбиеші:** -балалар, біз осы уақытқа дейін қандай ертегілермен таныстық. Еске түсірейікші.

**Тәрбиеші:** -Балалар, сендер ертегі тыңдағыларың келе ме?

**Негізгі бөлім:**

**Тәрбиеші:** Ендеше мен сендер бүгін «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісін тыңдап, танысасыңдар. Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын. Шешімін тауып көріңдер.

**Жұмбақ:**

Қыс бойы жатады.

Тәтті ұйқыға батады. (аю)

Дөп дөңгелек жұмыр

Жүйекте отыр домаланып,

Жерде өсті қазықтай. (шалқан)

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар, ендеше сендер «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісін тыңдайсыңдар.

**Бейнетаспа арқылы ертегіні тыңдату.**

Ертегі не жайында?

2. Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?

3. Шаруа не екті?

4. Шаруа мен аю неге келісті?

5. Келесі жылы аю не екті?

**Сөздік жұмыс:**

Шаруа- қарапайым, күндерін қара жұмыспен көріп жүрген адам. Шалқан- өнімі жердің астында, жапырақтары жер бетінде жататын көкөніс.

**Сергіту сәті:**

Бір, екі, үш.

Қарлығаш боп үш.

Төрт, бес, алты.

Қарлығаш боп қалқы.

Жеті, сегіз, тоғыз, он.

Қарлығаш боп қон.

**Дидактикалық ойын:** «Сиқырлы суреттер»

**Ойынның шарты:** үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрастыру.

**Рефлексия:**

-Бүгін қандай ертегімен таныстық?

-Шаруа не есті?

-Аю қандай жануар, қайда мекендейді?

**№6-тақырып:** «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісі ( сахналау)

**Мақсаты:** Ертегі желісі бойынша рөлге бөлініп ойнауға, сөйлем құруға, кейіпкерлердің мінезін дұрыс жеткізуге дағдыландыру, кейіпкер әрекетін дауыс ырғағымен сомдауға баулу, ертегі мазмұны арқылы еңбексүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелеу.

**Қойылымды көркемдеу:** бетперделер: шаруа, аю, музыкалық сүйемелдеу

**ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** Балалар, сәлеметсіңдер ме? Бүгінгі көңіл күйлерің қалай?

*Балалардың жауаптары тыңдалады.*

**Тәрбиеші:** олай болса тамаша көңіл күймен шаттық шеңберіне тұрып, менімен бірге қайталаңдар.

Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет!

Таза ауа, саған рахмет!

Бұлт, жаңбыр, жауғаның үшін рахмет!

Ағаш, көлеңкең үшін рахмет!

Жер, саған жомарттығың үшін рахмет!

Табиғат, сұлулығың үшін рахмет!

(балалар іс қимыл жасау арқылы тәрбиешімен бірге қайталайды)

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар, балалар! Ал, енді «Шаруа мен аю» ертегісін естеріңе түсіріңдерші.

*Балалар ертегіні еске түсіріп, мазмұнын айтып шығады.*

–Ертегінің кейіпкерлерін атаңдаршы?

-Аюдың жасаған іс-әрекеті дұрыс па?

-Ертегінің айтар ойы не?

*Ертегі мазмұнын еске түсіре отырып, балалар сұрақтарға жауап береді.*

*Бетперделерді киіп ертегіні сахналайды.*

**Бірінші бала(автор):** Ертеде бір шаруа шалқан екпекші болып, орманға келіп жер жыртып жүрсе, оған аю жолығады.

**Екінші бала (аю):** Ей, шаруа, мен сені құртамын!

**Бірінші бала(автор):** дейді аю.

**Үшінші бала (шаруа):** Аюжан, мені құрта көрмеші. Одан да екеуміз бірігіп шалқан егейік. Шыққан егіннің сабағын түгелдей сен ал, маған түбірін берсең де болады.

**Бірінші бала(автор):** дейді аю.

**Екінші бала (аю):** Жарайды, келістік. Бірақ мені алдап кететің болсаң, сені орманның маңына жолатпаймын.

**Бірінші бала(автор):** Деп ескертеді де аю жөнімен кетеді. Шалқан кереметтей ірі болып өседі. Күз түсе шаруа шалқанды қазуға барады. Мұны сезген аю келеді.

**Екінші бала (аю):** Қане, шалқанды бөліске салайық. Менің үлесімді бер!

**Бірінші бала(автор):** дейді аю. Шаруа қарсылық көрсетпей аюға жапырақ, сабақтарын жинап аюға береді де өзі шалқандарды арбаға тиеп, қалаға сатуға кетіп бара жатады. Осы кезде аю жолығып

**Екінші бала (аю):** Қайда бара жатырсың?

**Бірінші бала(автор):** деп сұрайды шаруадан.

**Үшінші бала (шаруа):** Түбірлерімді сатайын деп қалаға бара жатырмын.

**Бірінші бала(автор):** дейді шаруа.

**Екінші бала (аю):** Қане, түбірдің дәмін татып көрейінші

**Бірінші бала(автор):** Дейді аю. Шаруа аюға шалқаннан ұсынады. Аю оны апыл-ғұпыл жеп алып

**Екінші бала (аю):** А-а-а! Сен мені алдап соққан екенсің! Түбірдің тәтті екенін айтпадың, енді отын аламын деп орманға жолаушы болма! Маңына келсең, сазайыңды беремін

**Бірінші бала(автор):** Деп аю ашуланады. Келесі жылы шаруа дәл осы жерге бидай егеді. Бидай піскен кезде шаруа оруға келсе, аю шаруаны тосып

отыр екен.

**Екінші бала (аю):** Ә-ә-ә, енді сенің алдауыңа көне қоймаспын, қәне, менің үлесімді бер!

**Бірінші бала(автор):** дейді аю.

**Үшінші бала (шаруа):** Аюжан, сенің –ақ дегенің болсын! Түбірін сен ал, ал маған сабағы да жетеді.

**Бірінші бала(автор):** дейді шаруа. Сөйтіп олар бидайды түгел жинап болады. Шаруа түбірдің барлығын аюға беріп, өзі бидай сабақтарын арбаға тиеп алып, үйіне кетеді. Аю әрі әуреленіп, бері әуреленіп түбірден еш нәрсе шығара алмай, шаруаға қатты ыза болады. Міне, содан бері шаруа мен аю араз болып кеткен екен деседі.

*Тәрбиеші балалардың қойылымды сахнауларына баға беріп, өз ойын айтып, балалардың ой пікірлерін сұрап шығады.*

**Қимылды ойын:** «Аю мен аралар»

**Ойынның шарты:** Аю орындықта отырады. Аралар орманға бүлдірген теруге барады.

Мына сөздерді айтады:

Орманында аюдың

Бүлдіргені көп екен. (екі қолды жайып көрсетеді)

Теріп-теріп алайық, (тереді)

Қалтамызға салайық. (салады)

Аю шықты апаннан, (шығады)

Бол, тезірек қашайық. (балалар қашады)

**Рефлексия:**

–Кейіпкерді сомдау қиындық тудырды ма?

- Аюдың іс-әрекеті дұрыс па?

-Шаруаның орнында сен болсаң не істер едің?

-Жарайсындар, ертегіні жақсы сахналап шықтындар.Келесі оқу қызметінде одан да қызық ертегі айтып беретін боламын. Өте жақсы сахналық қойылым болды. Әрқашанда жарық жұлдыздай жарқырап жүріндер деген тілекпен сендерге жұлдызша беремін.

**№7-тақырып:** «Көкөністер мен жемістер туралы» ертегі

**Мақсаты:** Балаларға адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдептілік әліппесін бойларына дарыту, сөздік қорларын молайту, жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** муляждар, слайд, ұнтаспа, мнемокесте

**Билингвалдық компонент:** Көкөністер- овощи, жемістер-фрукты ,дәрумен-

витами́н

### **ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** Балалар, барлығымыз ортаға шығып, әдемі дауыс ырғағымен, қимыл қозғалыспен өлең жолдарын айтайық:

Жүректен жүрекке

Біздің топта ұл, қыздар

Тату-тәтті ойнаймыз

Айналаға, бар адамға,

Тек мейірім сыйлаймыз.

### **Тосын сәт:**

Есік қағылады. Топқа Хат тасушы кіреді.

**Хат тасушы:** Сәлеметсіңдер ме, балалар. Сендерге Күз ханшайымы мынадай әдемі сиқырлы сандықша мен сәлемхат беріп жіберді.

**Тәрбиеші:** сәлеметсіз бе, хат тасушы. Сізге үлкен рахмет! Өзі ауыр, ішінде не болды екен? Мұнда хат тұр. Оқып көрейікші.

*Хат тасушы шығып кетеді.*

### **Хат.**

Құрметті балабақша бүлдіршіндері. Мен күз ханшайымы боламын. Сендерге мына сиқырлы сандықшаны жіберіп отырмын. Сандықшаның ішінде бақшамның күзгі сыйлықтары бар. Сандықшаны ашу үшін сендерге жұмбақ жасырайын. Егер жұмбақтың жауабын дұрыс тапсаңдар, сиқырлы сандықшам ашылады. Сендерге сәттілік!

### **Жұмбақ:**

1. Жаңбыр жауып, жерде сабыр.

Шөп, жапырақ солады.

Айтыңдаршы, балалар,

Бұл қай кезде болады? (күз)

2. Әрі қызыл, әрі тәтті.

Татқан жанды таңырқатты (алма)

3. Үлкендігі алмадай,

Сырты жанған қызыл от.

Ішін жарып қарасаң,

Майда, майда қызыл шоқ. (анар)

4. Терісі-сары, еті-дәрі. (лимон)

***Жұмбақ жауаптарын слайд арқылы көрсету***

***Сиқырлы әуенмен сиқырлы сандықша ашылады, іші толған қызыл алма.***

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, балалар! Біз білімнің арқасында жұмбақтардың жауабын шешіп, сиқырлы сандықшамызды аштық. Күз ханшайымы сендерге тәтті қызыл алма беріп жіберіпті.

*Балалар қуанады.*

**Негізгі бөлім:**

-Балалар, мен сендерге «Көкөністер мен жемістер туралы» ертегісін айтып беремін, мұқият тыңдаймыз.

**Сұрақ-жауап:**

- 1.Ертегідегі көкөністер мен жемістерді ата.
- 2.Олар неге дауласты?
- 3.Ертегідегі айтылар ой не?

**Билингвалдық компонент:** Көкөністер- овощи, жемістер-фрукты,дәрумен- витамин.

**Дидактикалық ойын:** «Ғажайып қоржын»

**Ойынның шарты:** көзді орамалмен жауып, қоржын ішінде жатқан көкөніс не жемісті сипап, иіскеу арқылы ажырату.

**Рефлексия:**

- 1.Ертегі сендерге ұнады ма?
  - 2.Көкөністер мен жемістердің қандай пайдасы бар?
  - 3.Не себепті күз мезгілін «Алтын күз» деп айтады?
- Мнемотестесі арқылы Ғ.Өкеевтің «Көкөніс» өлеңін жаттау.

Көкөністі көп ектік,

Өссін, піссін деп ектік.

Көктемде еккен көкөніс,

Күзде берді мол өнім.

–Жарайсыңдар, балалар! Сендер бүгін оқу қызметіне белсенділік таныттыңдар. Мен сендерге Күз ханшайымының тәтті алмаларын сыйлаймын.

**№8-тақырып:** «Әтеш пен тоты» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелеуге үйрету, сөздік қорларын дамыту, адал дос болуға тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** тотықұс

**Әдіс тәсілдер:** түсіндіру, баяндау,сұрақ-жауап.

**Көрнекіліктер:** суреттер,интерактивті тақта

**ҰОҚ барысы:**

-Балалар, сендермен жағымды көңіл күй орнату мақсатында күлкі жаттығуларын жасаймыз.Егер көңіл күйің болмаса күлкі оны жақсартуға көмектеседі. Сондықтан жиі күліп жүру керек (қолдарына айна алып, әдемі де мейірімді күлкі жасайды)

**Тәрбиеші:**

1. Балалар, ерте, ерте, ертеде деп не басталатын еді?
2. Осы уақытқа дейін қандай ертегілермен таныстық, еске түсіріңдерші.

**Негізгі бөлім:**

Үнтаспа арқылы әтештің шақырған дауысы естіледі. (балалар қызығушылық танытып, қайталайды)

**Тәрбиеші:** Балалар, бұл ненің дауысы?

**Балалар:** Әтештің дауысы

**Тәрбиеші:** Әтеш үй құсы ма әлде дала құсы ма?

**Балалар:** Үй құсы

**Тәрбиеші:** Үй құстары ұша ма?

**Балалар:** Үй құстары ұшпайды.

**Тәрбиеші:** Олай болса сендермен құстар жайында бір қызықты ертегімен танысамыз. Ертегіні мұқият тыңдаймыз.

**Сұрақ-жауап:**

1. Әтеш немен достасты?
2. Тоты әтешке берген сөзінде тұрды ма?
3. Әтеш неге ерте шақырады?

**Сөздік жұмыс:** тоты- ең әдемі құстардың бірі. Жүндері, қауырсындарды түрлі-түсті, әдемі болады.

*Ертегі желісі бойынша балалар бетперде киіп ертегіні сахналайды.*

**Ойын:** «Ұшты-ұшты»

**Мақсаты:** баланы жылдам ойлануға, ұшаты және ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету.

**Дидактикалық ойын:** «Не қайда тұрады?»

**Ойынның шарты:** жан жануарлар мен құстардың мекендерін дұрыс тауып көрсету.

**Рефлексия:**

1. Ертегі сендерге ұнады ма?
2. Тотының әрекеті дұрыс па?
3. Не себепті дұрыс емес?

-Балалар, бұл ертегі бізді өтірік айтпауға, берген уәдені орындау керек екендігіне үйретті. Нағыз дос еш уақытта алдамайды, өтірік айтпайды.

Р.Өтегеновтың «Құстар»өлеңін оқып аяқтау.

Қоныңдар, құстар қоныңдар,

Бәріңе төрден орын бар.



Қанатты барлық құстарға,  
Балалар қамқор болыңдар!

**№9-Тақырып:** «Арыстан мен тышқан» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегі желісімен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын арттыру, мәдениеттілікке дағдыландыру достыққа тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** орман суреттері, ұнтаспа, арыстан, тышқан суреттері

**Сөздік жұмыс:** қайырым, кәдеге жарармын

**Билингвалдық компонент:** арыстан-лев, тышқан-мыш

**ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** -Балалар, қолымдағы көңілді допты қасындағы балаға беру арқылы жақсы тілектерімізді айтайық, досымызға жақсы көңіл күй сыйлайық.

*Балалар бір-біріне жақсы тілек айтып, орындарына отырады.*

–Жақсы балалар! Бүгінгі күнімізді мейіріммен, жақсы көңіл күймен жасайық.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?

-Күз айларын ата?

-Олай болса, күз мезгіліне байланысты кім тақпақ айтып береді?

**Тосын сәт:**

*Осы кезде есік қағылады.*

**Тәрбиеші:** -Балалар, есік қағылған сияқты. Кім болды екен?

*Ертегі ханшайымы келеді. Қолында сиқырлы айнасы бар.*

**Ертегі ханшайымы:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар!

*Балалар амандасады.*

**Ертегі ханшайымы:** Менің қолымдағы сиқырлы айнамының көмегі арқылы сендердің араларыңа келіп қалдым. Сиқырлы айнама мұнда ертегі тыңдағанды ұнататын балалар бар екенін айтты. Сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыздар ма?

*Балалардың жауабы тыңдалады.*

**Тәрбиеші:** Ертегі ханшайымы, бізге келгеніңіз қандай жақсы болды. Біздің балалар ертегі тыңдағанды ұнатады және де көптеген ертегілер біледі.

**Ертегі ханшайымы:** Жақсы, олай болса мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Шешімін тапсаңдар бүгінгі айтар ертегімнің атауы шығады.

**Жұмбақ:**

1. Бір аң бар қайраты бар, болған күшті.

Басынан өткізеді әрбір істі. (арыстан)

2. Үй ішін аралап,

Түнде көп жортады.

Қаптарды теседі,

Мысықтан қорқады. (мысық)

**Ертегі ханшайымы:** сендер зерек балалар екенсіңдер. Ендеше бүгін «Арыстан мен тышқан»ертегісін айтып беремін.

*Ертегі ханшайымы ертегіні мазмұндап береді. Бейне таспалар арқылы ертегі көрсетіледі.*

**Ертегі ханшайымы:** Менің ертегім сендерге ұнады ма?

*Балалардың жауабы тыңдалады.*

1. Ертегіде не туралы айтылған?
2. Арыстанды неге аң патшасы дейміз?
3. Тышқанның орнында болсаң сен не істер едің?

**Сөздік жұмыс:** қайырым- жақсылық жасау, кәдеге жарармын-менің де бір көмегім тиер деген мағынады.

**Сергіту сәті:**

Қасқыр ағаш жарады.

Түлкі кілем қағады.

Елік тамақ пісіріп,

Қоян үйді салады.

Кірпі көйлек тоқиды,

Тиін сабақ оқиды.

**Дидактикалық ойын:** «Дауысын сал, қимылын көрсет»

**Ойынның шарты:** кубиктің жан жақ бетіне аңдардың суреті жапсырылады.

Кубикті лақтырып қандай аң түссе сол аңның дауысын салып, қимылын көрсетеді.

**Ертегі ханшайымы:** -жарайсыңдар, балалар! Зерек, ақылды, көңілді балалар екенсіңдер. Сендерге ертегілер елінен сыйлыққа әдемі көбелектер алып келдім. Сыйлығымды қабыл алыңдар! Енді менің ертегілер еліне кетер уақытым болды.

**Тәрбиеші:** -Ертегі ханшайымы, қызықты ертегіңіз үшін және де сыйлықтарыңызға үлкен рахмет!

*Балалармен қоштасып, Ертегі ханшайымы шығып кетеді.*

**Рефлексия:**

1. Бізге бүгін қонаққа кім келді?
2. Сендерге қандай ертегі айтып берді?
3. «Жақсылық еккен, алғыс орады» мақалын қалай түсінесің?

**Тәрбиеші балаларды мадақтап, көбелектерді сыйлайды.**

**№10-тақырып:** «Арыстан мен тышқан» ертегісін сахналау.

**Мақсаты:** Балаларды ертегі желісі бойынша рөлдерге бөліп сахналауға үйрету. шығармашылық қабілеттерін дамыту, кішіпейілділікке тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** орман көрінісі, бетперделер

**ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін менің қолымда қызыл жүрекше бар, сол жүрекшелерді бір-бірлеріңе беру арқылы аналарыңның сендерді еркелететін сөздерін айтыңдар.

–балапаным;

-ботақаным ;

-арыстаным;

-күнім;

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар! Балалар, біз бүгін сендермен орманға саяхатқа шығамыз. Орман дегенде көз алдарыңа не келеді?

*Балалардың жауаптары тыңдалады.*

Орманға саяхатқа шықпас бұрын қауіпсіздік ережелерімен танысып алайық.

–*Орманға барғанда жүгіріп, топтан бөлініп қалуға болмайды;*

-*Орманда айқайлауға болмайды;*

-*Тамақ қалдықтарын тастап, от жағуға болмайды;*

Орманға жету үшін автобусқа отырамыз. Жол қысқару үшін әндетіп барамыз.

*Балалар екі қатар тізбектелген орындықтарға отырып жайғасады.*

Автобус алға зулайды.

Бағыттан еш аумайды.

Зыр айналар дөңгелек,

Көлік бізге ең керек.

**Тәрбиеші:** қарандаршы, балалар, күзгі орман қандай әдемі! Ағаштардан түскен сары жапырақтар жерді жауып тастапты, бейне бір сары кілем төселгендей. Ағаштардың басында тиіндер қыстық азықтарын жинап жүр. Кірпі де ініне тамақ тасып жүр. Жан-жануарлар қыстық азықтарын қазірден жинап қамданып жүр. Балалар, мына үйде кім тұрады екен?

*Алдарынан Орманшы атай кездеседі.*

**Тәрбиеші:** Амансыз ба, Орманшы атай. Біз балалармен күзгі орманды тамашалауға келіп едік, сізді жолықтырдық.

**Орманшы атай:** Амансыңдар ма, қарақтарым! Мен орманшы аталарыңмын. Менің орманыма қош келдіңдер! Орманнан не көріп тамашаладыңдар?

**Балалар:** -күзгі ағаштарды;

-Тиін , кірпілерді;

-жан-жануарлар қыстық азықтарын жинап, қысқа дайындалып жатыр.

## **Негізгі бөлім:**

**Тәрбиеші:** біз өткен оқу қызметімізде «Арыстан мен тышқан» ертегісімен танысқан болатынбыз. Бүгін осы ертегімізді Орманшы атайға сахналап берейік.

*Балалар ертегі желісін еске түсіреді, бетперде киіп сахналайды*

**Бірінші бала(автор):** Ерте, ерте, ертеде орманда аң патшасы арыстан ұйықтап жатады. Бір тышқан ойнақтап, үстінен жорғалап жүргенін сезіпті. Арыстан ұйқысынан ызаланып оянып, тышқанды ұстап алып, өлтірмекші болғанда тышқан жалыныпты.

**Екінші бала (тышқан):** Тақсыр, мені өлтірмеңіз, бір жолға кешіріңіз . Мен де бір күні қызметіңе жарармын

**Бірінші бала(автор):** депті . Арыстан оның сөзіне күліп

**Үшінші бала (арыстан):** Сен өзің бір кішкентай тышқансың, менің қандай қызметіме жарамақсың

**Бірінші бала(автор):** деп жаны ашып, тышқанды қоя береді. Тышқан байғұс қуанып, «арыстан досым» деп , жүгіріп ойнап кете беріпті. Күндердің күнінде арыстан жортып ойнап жүріп, аңшылардың тұзағына түсіп қалыпты. Шарқ ұрып тыпырлап, ақырып-бақырып жатса да тұзақтан құтыла алмапты. Сол жерден өтіп бара жатқан тышқан арыстанның бұл хәлін көріп, қасына келіп қарап тұрса, арыстан тышқанға қарап:

**Үшінші бала (арыстан):** Маған көмектесе аласың ба?

**Бірінші бала(автор):** Деп сұрайды. Тышқан дереу тістерімен тұзақтың жіптерін кеміріп қиып жіберіп, арыстанды тұзақтан құтқарады. Тышқан арыстанға

**Екінші бала (тышқан):** Мені кішкентайсың деп, мән бермеуші едің. Міне, сені бір ажалдан алып қалдым

**Бірінші бала(автор):** Депті. Осылайша арыстан жасалған жақсылықтың қайырымы болатынын жақсы түсініпті.

**Орманшы атай:** Жарайсындар, балалар! Сендердің өнерлеріңе тәнті болдым.

## **Сергіту сәті**

Біз орманға барамыз.

Жан жаққа қараймыз.

Аю шықты қорбаңдап,

Қасқыр шықты ырылдап,

Түлкі шықты майысып,

Қоян шықты секіріп,

Қорықпандар балалар,

Өз орныңды табындар!

**Дидактикалық ойын:** «Құрастыр»

**Ойынның шарты:** берілген қиындыдан ертегінің құрастыру, атын атау.

*Осы уақытқа дейін өткен ертегілерді еске түсіреді.*

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар, балалар! Біздің де балабақшамызға кетер уақытымызда таяды. Орманшы атаймен қоштасып жолға шығайық.

**Орманшы атай:** Балалар, сендердің орманға келгендерің қандай жақсы болды. Сендермен бір сергіп қалдым. Сендерге тәтті орман бүлдіргендерін сыйлағым келіп тұр.

*Балалар Орманшы атайға рахметтерін айтып, қоштасады. Автобусқа мініп қайтады.*

**Рефлексия:**

-Міне, бізде балабақшамызға келіп жеттік.

1. Біз қайда серуендедік?
2. Орманда кімді кездестірдік?
3. Ормандағы қауіпсіздік ережесін атаңдар.

Бүгінгі оқу қызметімізді өлең жолдарымен бекітеміз.

Жақсы болу өзіңнен,

Жаман болу өзіңнен.

Өзіңді өзің ая да,

Өзің үйрен өзіңнен.

**№11-тақырып:** «Қасқыр мен ит» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнымен таныстыру, балалардың ойлау кеңістігін арттыру, қиялын дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** шаруа, көкжал, қожайын.

**Әдіс тәсілдер:** түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап

**Көрнекіліктер:** суреттер,

**ҰОҚ барысы:**

Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жақсы тілектер айтып, жылы лебіздерін білдіреді.

Балаларға жұмбақ қою арқылы тақырыпты ашу.

1. Адамға серік,

Күзетке берік. (ит)

2. Аузы бейне шалғы орақ,

Шөп емес, бірақ мал орады. (қасқыр)

**Ит, қасқыр сөздерін қатыстырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрату.**

**Тәрбиеші:** Балалар, ит қандай жануар?

**Балалар:** Ит –үй жануары.

**Тәрбиеші:** Итті неге адамның досы дейді?

**Балалар:** Үйді күзетеді, адамдарға көмектеседі.

**Негізгі бөлім:**

Тәрбиеші дауыс интонациясын дұрыс қойып, ертегіні мәнерлеп оқиды. Мазмұнын тақтадағы суреттер арқылы түсіндіреді.

**Сөздік жұмыс:** шаруа- карапайым, күндерін қара еңбекпен көріп жүрген адамдар, көкжал- көк қасқыр, қожайын- иесі, егесі.

**Сұрақ-жауап:**

1. Ертегі кейіпкерлерін ата.
2. Шаруа кетерде үйін неге тапсырып кетеді?
3. Иттің айласы іске асты ма?
4. Ертегі немен аяқталды?

*Балалардың пікірін тыңдау.*

**Тәрбиеші:** Ит – жеті қазынананың бірі. Қазақ халқы жеті қазынананы ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оған мыналарды жатқызған:

1. Ер жігіт
2. Сұлу әйел
3. Қыран бүркіт
4. Ілім-білім
5. Жүйрік ат
6. Құмай тазы
7. Берен мылтық

**Тіл ұстарту жаттығуы**

Ыр-ыр-ыр

Жортып жүрген қасқыр

Ыр- ыр-ыр

Бұл көкжал қасқыр.

Кі-кі-кі

Айлакер қу түлкі.

Ян-ян-ян

Бұл қорқақ қоян.

Ік-ік-ік

Шәукілдейді күшік.

**Дидактикалық ойын:** «Бұл қай аң?»

**Мақсаты:** аңдардың суреттері көрсетіліп, олардың қайда өмір сүретіні сұралады. Олардың немен қоректенетінін айтқызу.

**Рефлексия:**

1. Сендерге ертегі кейіпкерлерінің қайсысы ұнады, қайсысы ұнамады?
2. «Ит- жеті қазынының бірі» дегенді қалай түсінесің?

**№12-тақырып:** «Қолғап» ертегісі.

**Мақсаты:** Ертегі желісімен таныстыра отырып, балаларды жақсы, жаман кейіпкерлерді анықтауға үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, бір-біріне деген достық қарым қатынасқа тәрбиелеу.

**Әдіс тәсілдер:** түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап

**Көрнекіліктер:** суреттер, интерактивті тақта,

*Топ іші қыс мезгіліне сай безендіріледі.*

**ҰОҚ барысы:**

**Шаттық шеңбері:**

*Қайырлы таң, Көк Аспан!*

*Қайырлы таң, Жер Ана!*

*Қайырлы таң, достарым,*

*Сендерді көрсем қуанамын.*

**Тәрбиеші:** Балалар, сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?

**Балалар:** Автобус, поезд, ұшақ т.б

**Тәрбиеші:** Балалар, қысқы орманға саяхаттағыларың келе ме?

**Балалар:** ия

**Тәрбиеші:** Олай болса, жүрдек поездбен қысқы орманға жол жүреміз. Ол үшін бір-біріміздің артымызға тұрып, белімізден ұстаймыз.

*Әсем әуен ойнап тұрады. Балалар безендірілген орманға келеді.*

**Тәрбиеші:** Балалар, біз қысқы орманға да келіп жеттік. Қараңдаршы, айнала қандай әппақ, тамаша. Ағаштарды әппақ қар басқан. Орманның ауасы қандай таза. (тыныс алу жаттығуы) Қане, терең дем алайық.

**Негізгі бөлім:**

*Осы кезде Қыс ханшайымы келеді. Балалармен амандасады.*

**Қыс ханшайымы:** Балалар, менің орманыма қош келдіңдер! Сендерге қыс мезгілі ұнайды ма?

**Балалар:** қыс мезгілі ұнайды. Қармен ойнаймыз, аққала жасаймыз. Сырғанақ тебеміз.

**Қыс ханшайымы:** Сендер ақылды, зерек балалар сияқтысыңдар! Сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Егер жұмбағымның шешуін тапсаңдар сендерге қызықты ертегі айтып беремін.

**Жұмбақ:**

Бес балаға бір бешпет.

Бірге киіп, бірге шешпек. (қолғап)

**Тәрбиеші:** -Балалар, бізге қолғап не үшін керек?

**Балалар жауабын айтады.**

**Қыс ханшайымы:** Жарайсыңдар, мен сендерге осы орманда болған оқиғаны айтып берейін, «Қолғап» ертегісі айтып беремін.

**Мнемокестесі арқылы ертегіні баяндап береді.**



1.Ертегі қалай аталады?

2.Ертегі кейіпкерлерін ата.

3. Сендер аңдарға қандай көмек берген болар едіңдер?

**Тәрбиеші:** -Балалар, көрдiңдер ме, ертегі кейіпкерлері бір-бірімен таласпай, ренжітпей барлығы бір қолғаптың ішіне сыйыпты. Бізде осылай дос болуымыз керек. Біздің топта қанша бала болса, сонша біздің досымыз көп екен. Балалар, аңдар үйсіз қалды. Аңдарға қолғаптардан үй жасап берсек қалай қарайсыңдар?

**Балалар қуана келіседі.**

**1 топ:** Қолғапқа мақта жапсыру.

**2 топ:** Қолғапқа ұсақтап жырту арқылы майлықты жапсырту.

**Қыс ханшайымы:** балалар, сендердің жасаған қолғаптарыңды аңдарға сыйға тартамын. Сендер тоңып қалған шығарсыңдар. Менің сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

**Қ/ойын:** «Қояндар»

**Ойын шарты:** балалар екі топқа бөлінеді. Топта екі қатысушы шығып, қоянша секіре отырып межеге жетеді. Меженің қасында сәбіз толы себет тұрады. Сол сәбіздерден ауыздарына бір-бірден тістеп кейін қайтады. Қай топта жиналған сәбіз көп болса сол топ жеңімпаз атанады.

**Тәрбиеші:** Қыс ханшайымы, сіздің ертегіңізге, ойыныңызға көп рахмет!



Біздің кететін уақытымыз болып қалды. Саған үлкен рахмет!

**Қыс ханшайымы:** Сендерге де көп рахмет! Сендер келіп көңілім бір көтеріліп қалды. Сау болыңдар! Сендерге қар қиыршықтарын сыйға тартамын.

*Балалар қоштасып, поездға мініп балабақшаға келеді.*

**Рефлексия:**

1. Балалар, біз поездға мініп қайда бардық? -
2. Сендер қысқы орманда кіммен кездестіңдер?
3. «Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын» дегенді қалай түсінесіңдер?

**№13-тақырып:** «Мысық, әтеш және түлкі» орыс халық ертегісі

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, балаларды жақсы, жаман кейіпкерлерді анықтауға үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, бір-біріне деген достық қарым қатынасқа тәрбиелеу.

**Әдіс тәсілдер:** түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап

**Көрнекіліктер:** суреттер, ұнтаспа,

**ҰОҚ барысы:**

**Шаттық шеңбері:**

-Қане, балалар, шеңберге тұрып, бір-бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.

–Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін.

–Дос болайық!

-Деніміз сау болсын!

-Бүгінгі күніміз жақсылыққа толы болсын!

**Ғажайып сәт:**

Есік қағылады. Мақтақыз келеді, көңілсіз.

**Тәрбиеші:** Мақтақыз, сәлеметсің бе? Біздің тобымызға қош келдің! Сен неге көңілсізсің?

**Мақтақыз:** Сәлеметсіңдер ме, балалар. Менің көңіл күйімнің болмау себебі: мысығымды таппай жүрмін. Сендерден көмек сұрай келдім. Мүмкін менің мысығым сендердің топтарыңа кіріп кеткен шығар.

*Балалар Мақтақызбен амандасады. Мақтақызға көмектесуге қуана келіседі.*

**Тәрбиеші:** Мақтақыз, сен мысығыңды қалай шақырушы ең?

**Мақтақыз:** Мысығым-ау, мысығым.

Тарғылы жақсы түсінің,

Таңертең де, кешке де,

Бетін жуған пысығым.

Піш-піш десем келе ғой.

Айтқаным көне ғой.

Шақырғанда піш-піш деп

«Мия!» деп дыбыс бере ғой,-деп шақырамын.

**Тәрбиеші:** Балалар, бізде Мақтақызбен бірге айтайық, мүмкін мысық естіп қалар.

*Балалар Мақтақызбен бірге өлең жолдарын қайталайды. Осы кезде мысықтың мияулаған дауысы шығады. Себеттің ішінен мысық шығып келеді. Мақтақыз қуанады.*

**Негізгі бөлім:**

**Мақтақыз:** Алақай, менің мысығым табылды. Балалар сендерге үлкен рахмет! Мен сендерге алғысым ретінде бір қызықты ертегі айтып бергім келіп отыр. Сендерге ертегі тыңдаған ұнайды ма?

**Балалар:** Әрине, ұнайды.

**Мақтақыз:** Олай болса мұқият тыңдаңдар! Ертегім «Мысық, әтеш және түлкі» деп аталады.

*Мақтақыз ертегіні мәнерлеп мазмұндайды. Бейнеролик арқылы ертегіні баяндайды.*

**Сұрақ-жауап:**

1. Ертегі кейіпкерлерін ата?
2. Қай кейіпкер саған ұнады?
3. Түлкінің жасаған іс-әрекеті дұрыс па?

**Сергіту сәті:** Достар бірге жүреміз.

Бірге ойнаймыз, күлеміз.

Бірге балық аулаймыз.

Міне, біздер қандаймыз.

Әрқашанда тілектес,

Досыңа көмектес. (қимылмен көрсетеді)

**Дидактикалық ойын:** «Менің досым»

**Ойын шарты:** балалар бір-біріне гүл ұсына отырып, өз достарының бойындағы жақсы қасиеттерді айтады.

**Рефлексия:**

1. Түлкі қандай аң?

2. Сен досыңды қиындықта тастап кетер ме едің?
3. Досы көпті жау алмайды,
4. Ақылы көпті дау алмайды,-мақалын қалай түсінесіңдер?

**№14-тақырып:** «Мысық, әтеш және түлкі» ертегісін сахналау(қолғап театры)

**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерін сахналау арқылы іс-әрекеттерін, көңіл күйлерін көрсете отырып, рөлді дұрыс орындауын бақылау. Сөздерді анық, дұрыс айтуға дағдыландыру, достыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** қолға киетін қолғап костюмдар(мысық, әтеш, түлкі), үй, ағаштар, музыкалық сүйемелдеулер.

**ҰОҚ барысы:**

***Шаттық шеңбері.***

Балалар шеңбер бойы дөңгеленіп тұрып, «Мен ертегі тыңдағанды жақсы көремін, себебі...» деп, өздері тыңдаған ертегілері арқылы нені үйренетіндерін айтады.

–Балалар, өткен оқу қызметінде қандай ертегімен таныстық?

-Ертегі не жайында болды?

-Ертегінің кейіпкерлерін атап беріңдерші?

***Балалардың жсауаптары тыңдалады.***

–Жарайсыңдар, балалар, ертегінің мазмұнын еске түсіріп алайық. (*ертегі мазмұнын еске түсірген соң балаларды рөлге бөліп, қолға киетін қолғап костюмдерді кигізіп сахналатады*)

**Қойылымды сахналау (негізгі бөлім)**

Тәрбиеші: балалар, сахналық қойылымды бастауға дайынбыз ба?Ал, ендеше бастайық.

**Бірінші бала(автор) :** Ерте, ерте, ертеде әтеш пен мысық болыпты. Бір күні мысық орманға кетерде, әтешке ескертеді:

**Екінші бала(мысық) :** Терезеден қарама, түлкі сені көріп, үйіне алып кетеді.

**Бірінші бала(автор) :** Түлкі мысық кеткенен кейін терезеге келіп Әтешті шақырады.

**Үшінші бала: (түлкі)**Әтеш,әтеш

Алтын айдарлы.

Терезеге қарашы,

Бұршақ берем саған.

**Бірінші бала(автор):** Әтеш шыдай алмай, терезеден басын шығарады. Түлкі оған бас салады, осы кезде Әтеш айқайлап досын шақырады.

**Төртінші бала(Әтеш):** Мысық досым, Түлкі мені орманға алып кетпек!  
Көмектесші!

**Бірінші бала(автор) :** Мысық әлі алыс кетпеген екен, досының дауысын естіп, қайта оралып келіп Әтешті құтқарады. Екінші күні мысық тағы кетеді. Түлкі мысық кеткеннен кейін терезеге келіп әтешті шақырады.

**Үшінші бала(түлкі) :** Әтеш,әтеш

Алтын айдарлы.

Терезеге қарашы,

Бұршақ берем саған.

**Бірінші бала(автор):** Әтеш шыдай алмай, терезеден басын шығарады. Түлкі оған бас салады, осы кезде Әтеш айқайлап досын шақырады.

**Төртінші бала (әтеш):** Мысық досым, Түлкі мені орманға алып кетпек!  
Көмектесші!

**Бірінші бала(автор) :** Мысық әлі алыс кетпеген екен, досының дауысын естіп, қайта оралып келіп Әтешті құтқарады. Үшінші күні мысық әтешке:

**Екінші бала(мысық):** Мен бүгін алысқа кетемін, сенің даусыңды естімеймін. Түлкіге алданып қалма!

**Бірінші бала(автор) :** Түлкі мысық кеткеннен кейін терезеге келіп әтешті шақырады:

**Үшінші бала(түлкі) :** Әтеш,әтеш

Алтын айдарлы.

Терезеге қарашы,

Бұршақ берем саған.

**Бірінші бала(автор) :** Әтеш шыдай алмай терезеден басын шығарады. Түлкі әтешті бас салып алып кетеді. Мысық үйіне қайтып келсе, әтеш жоқ. Мысық досын іздеуге шығады. Ол орманда түлкінің үйіне келіп, өлең айтады. Түлкі өлеңді тыңдап қалғанда әтеш «ку-ка-ре-ку-ку» деп айқайлайды. Мысық әтешті алып үйіне қайтады. Осылай достар бірге болады.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, балалар. Өте жақсы сахналық қойылым болды.

**Сергіту сәті:**

Айдарлы әтеш оянды.

Тым ерте тұрышты.

Ойқастап жүріпті,

Жан-жаққа қарапты,

Айдарын тарапты.

Қо-қо депті  
Қорада ойран салыпты,  
Бір тауық қайран қалыпты.  
Секіріп, секіріп айқайлап,  
Шарбаққа қоныпты.

### **Қойылымды қорытындылау (Рефлексия)**

1. Балалар қандай қойылым болды? (қолғап театры)

Келесі жолы сендерге өте қызықты ертегі айтып беретін боламын. Бүгінгі оқу қызметімізді достық жайындағы өлең жолдарымен аяқтаймыз.

Әрқашан дос біргеміз.  
Ажырамас іргеміз.  
Ту қып ұстап бірлікті,  
Тату тәтті жүреміз.

**№15-тақырып:** «Түлкі мен тырна» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйрету, арқылы сөздік қорын дамыту. бір-біріне қамқор, дос болуға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** ертегі желісі бойынша суреттер, тапсырмалар, аудиотаспа

### **ҰОҚ барысы:**

Балалар шаттық шеңберіне тұрып, өлең жолдарын айта отырып қимыл қозғалыс жасайды.

Ауадан қуат алайық,

Алақанға салайық.

Жерден нәр алайық,

Алақанға салайық.

Күннен шуақ алайық,

Алақанға салайық.

Күн шуағын бір-бірімізге сыйлайық. *(алақандарын үрлейді)*

### **Негізгі бөлім:**

#### **Суретпен жұмыс**

-Балалар, суретте не бейнеленген? (тырна мен түлкі)

-Түлкі қандай аң?

-Тырна қайда мекен етеді?

Олай болса бүгін «Түлкі мен тырна» ертегісімен танысайық.

***Ертегі оқылып, ертегі желісі бойынша сұрақтар қойылады.***

1. Түлкінің іс-әрекеті дұрыс па?

2. Түлкі қонағына ыдысты қандай ыдыспен берді?

3. Тырна түлкіге қалай жауап берді?

**Сергіту сәті:**

Соз қолыңды оң жаққа,

Соз қолыңды сол жаққа,

Қолды айналдыр бұлданбай,

Шеңбер жасап тұрғандай.

-Балалар, ертегімізде түлкі мен тырна бір-біріне ренжіп қалды. Біз оларды татуластырсақ қалай қарайсындар? Олай болса, түлкі мен тырнаның тапсырмаларын орындайық.

**Тырнаның тапсырмасы:** «Бұл қандай құс?» дидактикалық ойыны

**Мақсаты:** ерекшеліктеріне қарай құстарды сипаттап айтуға үйрету және оларды ажырата білу.

**Түлкінің тапсырмасы:** «Дауысынан таны» дидактикалық ойыны

**Шарты:** аудиотаспадан әртүрлі аңдардың дауыстарын тыңдатып, олардың атын атату.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар, балалар! Сендер түлкі мен тырнаның тапсырмаларын өте жақсы орындап шықтындар. Сендердің ақылдылықтарыңның арқасында түлкі мен тырна дос болды.

**Рефлексия:**

1. Түлкі мен тырна не үшін ренжіді?
2. Біз оларды қалай татуластырдық?
3. Достыңды ренжітуге бола ма? Ренжітпес үшін не істеу керек?

**№16-тақырып:** «Түлкі мен тырна» ертегісін сахналау. (қуыршақ театры)

**Мақсаты:** Таныс сюжеттер бойынша ертегіні сахналай білуге үйрету, өзіне деген сенімділігін, қимыл қозғалыс, шығармашылық қабілеттерін дамыту, достарын сыйлауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** ертегі кейіпкерлеріне сәйкес қуыршақтар

**ҰОҚ барысы:**

Шаттық шеңберін құру.

–Балалар, далада күн суытқанымен біздің жүрегіміз ыстық, мейірімге толы. Бір-бірімізге жылы сөздерімізді айтып, көңіл күйімізді көтерейік.

–Сен ақылдысың;

-Сен білімдісің;

-Сен әдемісің.

**Сұрақ-жауап:**

-Балалар, бір жылда неше ай бар? Ата.

-Бір жылда неше мезгіл бар?

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі ?

**Балалардың жауаптары тыңдалады.**

**Негізгі бөлім:**

-Балалар, біз бүгін сендермен театрға барамыз. Театрда әртүрлі көріністер қойылады. Театрдың бірнеше түрлері бар. Мысалы: қуыршақ театры, көлеңке театры, саусақ театры, үстел үсті театры. Театрда ойнайтын адамдарды актерлар дейміз. Балалар, театрға кіру үшін бізге не керек?

**Балалар:** билет

**Тәрбиеші:** Билетті қайдан аламыз?

**Балалар:** Кассадан.

**Тәрбиеші:** Ендеше кассаға барып билет алайық.

**Балалар касса деген жазуы бар жерге келіп кезекке тұрады, билет сатып алады.**

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін театрда «Түлкі мен тырна» ертегісін тамашалайтын боламыз.

**Балалар орындықтарға жайғасып болған соң театрда өздерін қалай ұстау керектігі жайында айтып өтеді.**

«Түлкі мен тырна» ертегісі

**Бірінші бала(автор):** Ерте, ерте, ертеде түлкі мен тырна дос болыпты. Бір күні түлкі тырна досын қонаққа шақырғысы келіпті.

**Екінші бала: (түлкі)** Тырна досым, маған қонаққа кел.

**Бірінші бала(автор):** депті. Тырна түлкіге қонаққа келеді. Түлкі ботқа пісіріпті. Ботқаны тәрелкеге салып тырнаға береді. Тырна ұзын тұмсығымен тәрелкені тырс-тырс еткізеді, бірақ ештеңе жей алмайды. Ал түлкі рахаттанып ботқаны өзі жеп алады. Сосын:

**Екінші бала: (түлкі)** Ренжіме, тырна, менде басқа ештеңе жоқ

**Бірінші бала(автор):** дейді.

**Үшінші бала (тырна):** Рахмет, түлкі, ертең маған қонаққа кел

**Бірінші бала(автор):** дейді тырна. Ертесіне түлкі тырнаға қонаққа келеді. Тырна көже пісіріпті. Көжені құмыраға құйып, түлкіге береді. Бірақ түлкінің тұмсығы құмыраға сыймай ,түлкі ештеңе жей алмайды. Ал тырна рахаттанып, өзі көжені ішіп алады.

**Үшінші бала (тырна):** Түлкі досым, менде басқа ешнәрсе жоқ

**Бірінші бала(автор):** дейді тырна. Тырнаға ренжіген түлкі кетіп қалады.

Содан бастап түлкі мен тырна дос емес екен.

**Тәрбиеші:** -Жарайсыңдар, балалар! Сендер нағыз актерлар секілді ертегіні сахналап шықтыңдар.

**Сұрақ-жауап:**

1. Түлкінің іс-әрекеті дұрыс па?

2. Нағыз дос қандай болады?

3. Тырнаның орнында сен болсаң не істер едің?

**Сергіту сәті:**

Қыс мезгілі көңілді,

Аспаннан ақ қар төгілді.

Қар атысып ойнаймыз,

Шаңғы теуіп зырлаймыз.

**Ойын: «Менің досым»**

**Шарты:** бір балаға доп лақтыру арқылы «Сенің досың қандай?» деген сұрақ қойылады. Достарының қандай екенін айту керек.

**Рефлексия:**

1. Біз бүгін қайда келдік?

2. Театрда қандай ертегіні тамашаладық?

3. «Дос» деген сөзді естігенде ойларыңа қандай сөздер келеді?

Балаларды мадақтап, жұлдызшалар сыйға беру.

**№17-тақырып:** «Алтын сақа» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнымен таныстыру, балалардың халық ауыз әдебиетіне қызығушылығын ертегілер арқылы арттыру, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.

**Сөздікпен жұмыс:** перзент, құрық, жүген.

**Көрнекіліктер:** суреттер

**ҰОҚ барысы:**

**Шаттық шеңбері:**

-Балалар, бүгін ерекше күн. Біз таңертең тұрғанда аяғымызбен бірінші нені басамыз?-Жерді басамыз.

–Терезеге қарағанда бірінші нені көреміз?-Көк аспанды, одан кейін күнді көреміз.

–Олай болса біз Көк аспанмен, Жер-Анамен, күнмен амандасайық.

Қайырлы таң, Көк Аспан!

Қайырлы таң, Жер Ана!

Қайырлы таң, Алтын күн!

-Балалар, алақанымызды бір-біріне қосқанда не сеземіз? –Жылулықты.

–Осы жылулық біздің жүрегімізден шығады екен. Ендеше, бәріміз бір-бірімізге жүрегімізден шыққан жылы сөзімізді айтайықшы.

Бақытты балалық шағымыз болсын!

Аспанымыз ашық болсын!

Күніміз жарық болсын!



Тату-тәтті, дос болайық!

**Негізгі бөлім:**

**Сұрақ –жауап**

**Тәрбиеші:** -Балалар, мына әдемі қорапшаның ішінде не бар екенін көргілерің келе ме? Олай болса ашып көрейік. Балалар, не көріп тұрсыңдар? Бұл не?

**Балалар:**-Түрлі түсті асықтар.

**Тәрбиеші:** Асық не екенін білеміз бе?

*Балалардың жауабы тыңдалады, тәрбиеші толықтырады.*

Асық- қазақ халқының ұлттық ойыны. Асық төрт түлік малдың сүйегінен алынады. Асықтың түрлері көп: сақа, кеней, көктабан т.б. **Сақа** асықтың салмақты, ірі түрі.

–Балалар, мен сендерге бүгін «Алтын сақа» ертегісін айтып беремін.

**Сөздікпен жұмыс:** перзент-бала, сәби, құрық-жылқы ұстауда ең жиі пайдаланатын аспап, жұрт-ел, жүген-атты ағашқа байлап қою үшін жасалған шылбыр.

***Ертегінің мазмұнына сәйкес сұрақтар:***

- 1.Ертегі кейіпкерлерін ата.
- 2.Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беріндер(бай, бала, жалмауыз, қарлығаш, ат, төбеттер,ит, түлкі)
- 3.Бала кімді жеңді?

**Сергіту сәті:**

Бойыңды сергек тік ұста.

Емін-еркін тыныста.

Демінді ішке тез ал да,

Оң қолыңды соз алға.

Қол ұшына қара да,

Үшбұрыш сыз ауада

Сол қолда бос тұрмасын,

Шеңбер жасап зырласын!

*Қимылмен көрсетіледі.*

**Ойын:** «Асық ату»

**Ойынның шарты:** балалар асықты тізіп қойып, 1-1,5 м қашықтықта тұрып тізілген асыққа дәл тигізу керек. Асық көнбе сызығынан шықса асықты алады.

**Рефлексия:**

- 1.Сақа деп қандай асықты айтамыз?
- 2.Ертегілер неге жақсылықпен аяқталады?
- 3.Ертегінің негізгі идеясы не?

**№18-тақырып:** «Бес ешкі» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту, кейіпкерлерді сипаттай алуға дағдыландыру, адал достыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** суреттер

**Сөздік жұмыс:** тасжарған-көп жылдық өсімдік , тоқты- 6 айдан асқан қозы , көкпек- көп жылдық өсімдік , шықшыт- бассүйектің шығыңқы келген тұсы, бас сауғалау- өз басын ала қашу

**ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** Келіндер, балалар! Шеңберге тұрайық, достарымызбен қол ұстасайық. Барлығымыз жақсы көңіл күйде бір-бірімізге күлкімізді сыйлайық.

Қол алысып, қане, біз,

Достасайық бәріміз.

Айтарым бар сендерге,

Тез тұрындар шеңберге.

Қандай жақсы бір тұру,

Достарменен бір жүру!

Қандай жақсы дос болу!

-Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезінген қандай тамаша!

**Негізгі бөлім:**

-Балалар, жұмбақ шешу арқылы бүгінгі ертегіміздің атауын табамыз.

Өзі қойды бастайды.

Қойды артына тастайды.

Сойса еті қалақтай,

Сауса еті бұлақтай,

Бұл не? (ешкі)

**Суретпен жұмыс:**

Ешкі малы төрт түлікке жатады. Өте талғампаз болады. Шөптің басын ғана шалып жейді. Жылына екі рет төлдейді. Еті жұмсақ, сүті ем, жүні өте жұмсақ. Ешкіні шөре-шөре деп шақырады. Төлін лақ деп атайды. Мен сендерге «Бес ешкі» ертегісін айтып беремін.

**Тәрбиеші ертегіні мазмұндап береді.**

1.Ертегі кейіпкерлерін ата.

2. Кедейдің далада , боранда қалған малдарына не кез болады?

3. Ертегі кейіпкерлері өз бастарын қорғау үшін не істеді?

**Сөздік жұмыс:** тасжарған-көп жылдық өсімдік , тоқты- 6 айдан асқан қозы , көкпек- көп жылдық өсімдік , шықшыт- бас сүйектің шығыңқы келген тұсы, бас сауғалау- өз басын ала қашу

**Сергіту сәт:**

Қошақаны қойдың,  
Қайда қалып қойдың  
Бұртиып тұр бүйірің,  
Қай өрістен тойдың?  
Секең, секең, ей, лақ  
Кейіп жүрмін мен бірақ  
Секеңдесең болмай ма,  
Секірмей-ақ кей уақ

**Қимылды ойын:** «Соқыртеке»

**Ойын шарты:** балалар белгіленген жерге орналасады. Олардың біреуінің көзін байлайды, бұл-соқыртеке. Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ептеп алақандарын шапалақтап жүгіреді. Соқыртеке ұстайды.

**Рефлексия:**

1. Түлкі мен тырна не үшін ренжіді?
2. Біз оларды қалай татуластырдық?
3. Достыңды ренжітуге бола ма? Ренжітпес үшін не істеу керек?

**№19-тақырып:** «Қойшы, түлкі және аю» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнымен таныстыру және ертегіні мұқият тыңдай білуге үйрете отырып, балалардың ой-қиялын, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін ертегі арқылы дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Топтағы безендірілген ертегілер елі. слайд . музыка. ертегі кейіпкерлерінің маскалары.

**Сөздік жұмыс:** уәде, белбеу, шаң, бүйрек

**Билингвалды компонент:** уәде-обещание, ақыру-кричать, қулық-уловка ;

**ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** -Сәлеметсіңдер ме балалар! келіңдер бәріміз орнымыздан тұрып, шаттық шеңберін жасайық.

**Шаттық шеңбер:**

Дос болып біз жүрейік,  
Ойнайықта күлейік.  
Достық деген тамаша  
Міне тұрмыз жараса.

Алақанды ашайық,  
Күннің нұрын салайық,  
Таза ауаны жұтайық,  
Жүрекке жылу салайық,  
Жиналған жылы шуақты  
Достарымызға шашайық!

*Үрлеу әдісі арқылы жасалады. Балалар орындарына отырады*

**Тәрбиеші:** -Тамаша балалар! Бір-бірімізге жүректегі жылы лебізімізді сыйладық.

**Сұрақ-жауап:**

- 1.Бүгін аптаның нешінші күні?
- 2.Бір аптада неше күн бар?
- 3.Апта күндерін ата?

*Балалардың жауаптары тыңдалып болған соң санамақ айтады*

Жеті ұл:

Сәл демалып, тынып ал,  
Тақпақ тыңдап, ұғып ал.

Апта деген ағайдың  
Жеті бірдей ұлы бар:

Біріншісі-Дүйсенбі,  
Екіншісі-Сейсенбі,  
Үшіншісі-Сәрсенбі,  
Төртіншісі-Бейсенбі,  
Жұма деген-бесінші ұл,  
Алтыншы ұл-Сенбі,  
Жетіншісі-Жексенбі.

**Тандану сәті:**

Есік қағылады. Есік алдында қорапша тұрады.

**Тәрбиеші:** -Балалар, бұл қандай тосын сый болды екен? Мына қораптың ішінде хат бар екен және оны бізге Ертегі ханшайымы жіберіпті. Ол бізге келе алмайтынын жазып, сендерге керемет ертегі кітабы мен суреттер салып жіберіпті.

**Негізгі бөлім:**

**Тәрбиеші:** Барлығымыз тақтаға назар салайық.

-балалар суретте қандай ертегілер бейнеленген?

-қандай ертегі білесіңдер?

-сендерге қандай ертегі ұнайды?

-Олай болса мен сендерге Ертегі ханшайымы беріп жіберген ертегіні оқып берейін. Бұл ертегі «Қойшы, түлкі және аю» деп аталады.

*Тәрбиеші ертегіні мазмұндап айтып береді. Тақтадан түлкі, қойшы және аюдың суретін көрсетеді.*

**Тәрбиеші:**

1. Балалар сендерге ертегі ұнады ма? Ертегі не туралы болды?
2. Қойшы қандай қиындыққа тап болды?
3. Қойшы аюдан, түлкіден қалай құтылды?
4. Егер аюдың орнында болсаң сен не істер едің?

**Дидактикалық ойын:** «Кім жылдам»

**Мақсаты:** ертегі кейіпкерлерінің қиынды суреттерін жылдам жинауға үйрету, сурет арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Сергіту сәті:**

Орманға барсақ түлкі бар,

Сайға барсақ қоян бар.

Байқандар қар астында,

Ұйықтап жатқан аю бар.

**Тәрбиеші:** -Жарайсындар балалар! сендер бүгін өте белсенді болдыңдар.

Ертегі ханшайымы беріп жіберген ойынды тамаша құрастырдыңдар.

Ханшайым сендерге ертегілер елінен сыйлық та беріп жіберіпті. Мынадай әдемі боямақтарды қорапша түбіне салып қойыпты. Сыйлықты қабыл алындар.

**Рефлексия**

1. Ханшайым бізге қандай ертегі беріп жіберді?
2. Ертегі не туралы болды?
3. Ертегідегі жағымды кейіпкер кім?
4. Жағымсыз кейіпкер барма?

**№20-тақырып:** «Қойшы, түлкі және аю» ертегісі (сахналау)

**Мақсаты:** Әртүрлі дауыс күштерін қолдана отырып, кейіпкердің эмоциялық бейнесін бере білу, түрлі қуыршақтарды қолданып, олармен ойнау, үйлесімді қыймыл жасау арқылы, актерлік қабілеттерін дамыту, балаларды тапқырлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** драма театрі, қуыршақ театрі, бетперделер.

**Сөздік жұмыс:** уәде, белбеу, шаң, бүйрек.

**Билингвалды компонент:** қойшы-пастух, түлкі-лиса, аю-медведь

**ҰОҚ барысы:**

Шаттық шеңбері:

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де,

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан күнге.

Балалар бүгінгі күн сәтті өту үшін бір-біріне жақсы тілектер айтады.

**Тәрбиеші:** -Балалар, бір жылда неше мезгіл бар?

-Қазір жылдың қай мезгіл?

-Қыс мезгілінің ерекшелігі неде?

-Қыс айлары жайлы біз не білеміз?

-балалар ендеше қаңтар айына арналған тақпақты еске түсірейік

### **Қаңтар**

Лебі мұздай ызғарлы,

Алып келді қыс қарды.

Қысқы түндер ұзарды,

Ұзақ түндер қысқарды.

Аяз сүйіп қарсы алған,

Жердің аппақ тұлғасы.

Қыстың айы қаңтардн,

Басталады жыл басы.

**Тәрбиеші:** -Балалар бүгін бізді Ертегі ханшайымы ертегілер әлеміне шақырды. Саяхат жасағыларың келе ме?

*Балалар қуана келіседі.*

**Тәрбиеші:** -Ендеше іштеріңнен онға дейін санап, көздеріңді жұмындар.(балалар көздерін жұмып тұрғанда, ортаға әдемі безендірілген кілемше қойылады.)

### **Таңдану сәті:**

-Ал енді көзімізді ашамыз. (балалар көздерін ашқанда музыка ойнайды.)

**Тәрбиеші:** -келіңдер балалар осы ұшар кілемге отырып, ертегі әлеміне саяхат жасаймыз.

*Кілемшеге балалар отырады, музыкалық сүйемелдеу арқылы, көздерін алақандарымен жауып, ертегі әлеміне ұшып келеді.*

### **Негізгі кезең:**

**Тәрбиеші:** -Міне, енді көздеріңді ашындар. Балалар көздерін ашқанда Ертегі ханшайымы күтіп алады.

**Ертегі ханшайымы:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар!

**Балалар:** -Сәлеметсіз бе.

**Ертегі ханшайымы:** -Қандай керемет, хош келдіңдер! Бұл жердің көрінісі тамаша! Жануарлар сөйлеп, қуыршақтарға жан бітіп, түрлі қимыл жасай алады. Әрине бұл сендердің көмектеріңмен жүзеге асады. Балалар, мына әсем ғимаратқа қараңдаршы, бұл театр ғимараты. «Театр» -көне грек сөзінен алынған. Ана тілімізге аударсақ, «көретін орын» деген мағына береді.

Театрда әртүрлі көріністер қойылады. Театрдің бірнеше түрі бар. Есімізге түсірейік. Суретке қарап театр түрлерін атаңдар.

*Балалар жауап береді.*

Тәрбиеші балаларды кезекпен шақырып, бір карточка таңдап алуын ұсынады. Балалар карточка таңдайды. Карточкада, қуыршақ театры, драма театры суреттері болады. Балалардың қолындағы карталарда қай театрдың суреті көп болса, ертегімізді сол театр желісінде сахналаймыз. Балалар екі топқа бірігеді. Автор болатын бала, кейіпкерлер болып таңдалады. Топтағы қалған балалар көрермен болып отырады.

**Ертегі ханшайымы:** -Балалар өткен аптада мен сендерге бара алмадым, бірақ сендерге «Қойшы, түлкі және аю» деген ертегі кітап беріп жіберген едім, тәрбиешілерің ертегіні айтып берген болар.

*Балалар жауап береді.*

**Ертегі ханшайымы:** -Ендеше сол ертегіні сахналаймыз.

**«Қойшы, түлкі және аю» ертегісі**

**Бірінші бала (автор):** -Ерте, ерте, ертеде баяғы бір заманда. Бір қойшы қой бағып жүрсе, бір түлкіні бір аю қуып келеді екен, ол бір тамға келіп кіреді. Аю да кірейін дегенде, тамның тар есігіне кеудесі сыйып, бөксесі сыймай кептеліп қалады. Түлкі тамның бір кішкентай тесігінен жалт етіп шығып, айналып тесікке келеді де

тесіктен не әрі кетпей, не қайта шыға алмай жатқан аюдың артынан мазақтап кетеді. Оны қойшы көріп тұрады. Аю әрең дегенде қайта шығып, жан-жағына қарап, қойшыға келіп.

**Екінші бала( аю) -Е, қойшы сен не көрдің?**

**Бірінші бала (автор):** дейді аю қойшыға.

**Үшінші бала(қойшы):** -Ойбай, мен ештеңе көрген жоқпын

**Бірінші бала (автор):** деп жауап береді

**Екінші бала (аю):** -Жарайды көргеніңді айтсаң өлесің.

**Бірінші бала (автор):** дейді де кетіп қалады. Қойшы қойларын айдап ауылға қайтады. Ауылына келген соң кездескен адамның бәріне көргенін айтады. Ауылдағы бала-шаға оқиғаны өлең қылып күліп жүреді. Осы өсекті естіген аю, ыза болып қойшыны іздейді. Қой бағып жүрген қойшыны тауып алады.

**Екінші бала(аю):** -Ештеңе көрмедім, ешкімге айтпаймын деген уәдең қайда? Сөзіңде тұрмағаның үшін мен сені жеймін.

**Бірінші бала (автор):** деп ақырады.Қойшы жалынып:

**Үшінші бала(қойшы):** Маған үш күн рұқсат бер, үй-ішіммен, ағайын-туысыммен қоштасайын.

**Екінші бала(аю):** -Жарайды, үш күнге рұқсат берейін!

**Бірінші бала (автор):** деп кетіп қалады. Қойшы қоштаса бастайды. Қойшы

екі күн үй-ішімен қоштасып, уәделескен күніне бір күн қалғанда, далада істеген ісіне өкініп, жылап отырады. Осы кезде қасына түлкі келеді.

**Төртінші бала (түлкі):** -Е, қойшым неге жылап отырсың?

**Үшінші бала (қойшы):** -Сенің кесіріңнен өлетін болдым

**Төртінші бала (Түлкі):** -Е, үндеме мен саған көмектесемін. Аюдан құтылудың амалын табамын. Ал, сен менің ақылыма не бересің?

**Бірінші бала(автор):** дейді.

**Үшінші бала (қойшы):** -Егер мені аюдан құтқарсаң қалағаныңды сұра,

**Бірінші бала (автор):** деп жауап береді қойшы.

**Төртінші бала (Түлкі):** Егер сені аюдан құтқарсам сен маған өзіңнің бір бүйрегінді ?

**Бірінші бала(автор):** дейді.Қойшы қатты сасып, қипақтап, қиналады. Басқа амалы болмағандықтан...

**Үшінші бала (қойшы):** Мейлі берейін

**Бірінші бала(автор):** деп келіседі.

**Төртінші бала (Түлкі):** -Ауылыңа барып демал ертең уәделескен жерге кел де, аюды күт. Аю келгенде анау жерде шаңды бұрқыратып мен жүремін. Аю :

-Анау неткен шаң? –десе, онда сен: «Ол ханның баласы әйелі аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр» де. Аю қорыққаннан қашып кетер.

**Бірінші бала(автор):** дейді. Екеуі уәделесіп екі жаққа тарасады. Келесі күні қойшы уәделескен жеріне келеді. Осы кезде басы салбырап қойшы келе жатады. Аюда келеді. Екеуі кездесе бергенде, аю алыстан бұрқырап шығып жатқан шаңды көреді.

**Екінші бала (аю):** -Қойшым, анау бұрқыраған не шаң?

**Үшінші бала (қойшы):** -Е, ол ханның баласы ғой. Әйелі аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр.

**Бірінші бала(автор):** дейді. Оны естіген аю қорқып кетіп, қойшыға жалынып:

**Екінші бала (аю):** -Ойбай, қойшым онда мен тезірек қашайын. Тек сен мені көргеніңді айтпа.

**Бірінші бала(автор):** деп қаша жөнеледі.Түлкі қуланып қойшыға келіп:

**Төртінші бала (түлкі):** -Қойшым, мен саған көмектестім. Енді сен уәдеңде тұр. Маған бір бүйрегінді бересің.

**Бірінші бала(автор):** Қойшы қипақтап, жыламсырап, шапанының белбеуін шеше бастайды. Осы кезде үш күн бойы жөнді тамақ ішпеген, жөнді ұйықтай алмаған қойшының іші шырылдайды. Бұл шырылды естіп қалған түлкі құлағын тіге қойып

**Төртінші бала (түлкі):** -О, бұл не қыңсылаған?

**Бірінші бала(автор):** деп сұрайды.Сол кезде қойшы:



**Үшінші бала (қойшы):**Түнеу күні бір тазының күшігін жұтқан едім. Сол енді үлкен тазы болып, ішімнен шығайын деп, қыңсылап жатыр.

**Бірінші бала(автор):** дейді.Түлкі шошып кетіп:

**Төртінші бала (түлкі):** Ойбай қойшым, ендеше дос болайық. Тазы шығып кетпесін мен қашайын.

**Бірінші бала(автор):** деп түлкі алды-артына қарамай қаша жөнеледі. Түлкіден қулық үйренген қойшы басына түскен ауыртпалықтан осылай құтылады. Қойшы қойларын айдап, «шәйт, шәйт»-деп жайына кетеді.

**Ертегі ханшайымы:**

-Қандай тамаша балалар, ертегіні керемет сахналап шықтыңдар.Сендерге балалардың ертегіні сахналағаны ұнады ма?

- 1.Бүгінгі театрда қандай әсер алдыңдар?
2. Театрда ойнайтын адамдарды кім деп атаймыз?
- 3.Қойшының орнында болсаң не істер едің?

**Ертегі ханшайымы:** -мен сендерге ризамын, сендер өте тамаша өнер көрсеттіңдер. Менің сендерге дайындаған сыйлығымды қабыл алыңдар. (балаларға түрлі-түсті жұлдызшалар сыйлайды.)

**Тәрбиеші:** балалар енді ұшар кілемшемізге қайта отырып, бақшамызға барайық.

*Музыкалық сүйемелдеумен балабақшаға ұшып келеді*

**Сергіту сәті.**

Аю жүрген орманнан  
Жидек тере мен барғам.  
Аю отыр гүрілдеп,  
Жарамайды мұның деп.

**Рефлексия:**

- 1.Балалар бүгін біз қайда бардық?
- 2.Қуыршақтарды қимылдату, қозғалту қиындық туғызды ма?
- 3.Сендерге қай кейіпкердің өнері ұнады?

**№21-тақырып:** «Кім күшті?» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын түсіндіріп, сөздерді байланыстырып айтуға үйрету, ертегі арқылы балалардың ой-өрісін дамыту, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** тақырыпқа сай суреттер. қырғауыл, құмырсқа, бидай.

**Сөздік жұмыс:** алты батпан, жеті батпан, күшті.

**Билингвалдық компонент:** құмырсқа-муравей, қырғауыл-фазан, мұз-лед.

**ҰОҚ барысы:**

**Тәрбиеші:** -Сәлеметсіңдер ме балалар! келіндер бәріміз орнымыздан тұрып, шаттық шеңберін жасайық.

**Шаттық шеңбер:**

Бақшамызға барамыз  
Досымызды табамыз  
Сәлемет пе, міне мен  
Доспын енді сенімен.

**Тәрбиеші:**-Балалар, қыс мезгіліне байланысты тақпақ жаттайық.

**Мұз палуан**

Жөнep кетпей ызғып бір,  
Машиналар сырғып жүр.  
Әйнек қаптап қойғандай,  
Көше, алаң-Жып-жылтыр.  
Ауа салқын, шыңылтыр,  
Бір тылсым күш бұғып тұр;  
Бейқам жанды-Мұз-палуан,  
Жалп еткізіп жығып жүр...

**Тосын сәт:**

*Осы кезде қырғауыл құсы ұшып кіреді.*

**Қырғауыл:** -Сәлеметсіңдер ме балалар, мен сендерге Ертегілер елінен келдім. Сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма?

**Балалар:** -Иә.

**Негізгі кезең:**

**Қырғауыл:** -Бүгін сендерге «Кім күшті?» ертегісін айтып беремін. Бұл ертегіде менің қырғауыл досымның бастан кешкендері туралы айтылған. Қырғауыл балаларға ертегіні мәнерлеп оқып береді.

1. Балалар сендерге ертегі ұнады ма?
2. Ертегі қалай басталады?
3. Не, неден мықты екен?
4. Құмырсқа қырғауылға қалай жауап берді?

**Қырғауыл:** -Жарайсыңдар балалар! Мен сендерге риза болдым, сендер жақсы тыңдарман болады екенсіңдер. Енді мен өз еліме кетейін. Кетпес бұрын сендерге алып келген сыйлығымды берейін. Қырғауыл балаларға көңілді смайликтерді беріп марапаттайды да, ертегілер еліне кетеді.

**Мақал-мәтел жаттау:**

Күшіңе сенбе,  
Ісіңе сен.

**Дидактикалық ойын:** «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»

**Мақсаты:** Суреттен көрген заттардың аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айту. Сөздік қорын молайту.

**Сергіту сәті:**

Гүл өсірсен терлеп,  
Мұның аты еңбек  
Кесте тіксең зерлеп,  
Мұның аты еңбек  
Тауға шықсаң өрлеп,  
Мұның аты еңбек.

**Рефлексия:**

1. Бүгін бізге қандай қонақ келді?
  2. Сендерге қандай ертегі айтып берді:
  3. Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін,-дегенде не түсінесіңдер?
- Балаларды мадақтау.

**№22-тақырып:** «Кім күшті» ертегісін сахналау

**Мақсаты:** Тақырып мазмұнын меңгерту, балалардың қызығушылығын арттыру, тіл байлығын, ой өрісін дамыту. Шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** драма театрі, қуыршақ театрі, бетперделер.

**Сөздік жұмыс:** алты батпан, жеті батпан, күшті.

**Билингвалдық компонент:** құмырсқа-муравей, қырғауыл-фазан, мұз-лед.

**ҰОҚ барысы:**

**Шаттық шеңбері:**

Қол ұстасып, қане, біз!  
Достасайық бәріміз!  
Амансың ба, Күн –Ана!  
Амансың ба, Жер-Ана!  
Амансың ба, достарым!  
Сендерді көрсем қуанам!

*Тәрбиеші балалармен амандасып, көңіл күйлерін сұрайды.*

**Тәрбиеші:** -Балалар далада ауа райы қалай болып тұр?

-Жерде не жатыр?

-Қыс мезгілінің ерекшелігі неде?

Ендеше қыс мезгілінің ерекшелігіне байланысты жаңылтпаш айтып тілімізді жаттықтырып алайық.

**Жаңылтпаш**

1. Қыс қыспаса қыс па,  
Құс ұшпаса құс па?

2. Мұз үсті, Ізі түсті  
Қыз құстай ұшты.

**Тосын сәт:**

**Тәрбиеші:** Балалар, тыңдаңдаршы бір дыбыс естіліп тұр. Ненің дыбысы екен? Балалар, бізге қонаққа көгершін келіпті. Сәлеметсің бе, көгершін!  
*Балалар Көгершінмен амандасады.*

**Көгершін:** -Сәлеметсіздер ме, мына хат сіздерге.

**Тәрбиеші:** Оның сендерге арналған хаты бар екен. Хатты ашып оқып көрейік, кімнен келгенін білейік.

**Хат!**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен ертегі елінде тұратын Қырғауылмын. Естеріңде ме, өткен аптада мен сендерге қонаққа барып едім. Осы жолы келе алмадым, көгершіннен хат жолдап тұрмын. Хатта жұмбақ жасырылған. Егер сол жұмбақтың жауабын тапсаңдар, бүгінгі сахналайтын ертегінің жауабы шығады, сосын сендер де ертегі кейіпкері бола аласыңдар. Сендердің қалай ертегі кейіпкері бола алатындарыңды көгершін көріп, маған айтады. -деп хат жолдапты.

**Тәрбиеші:** Жұмбақ шешуге дайынбыз ба?

*Балалар қуана келіседі. Жұмбақты тыңдайды.*

**Жұмбақ:**

1. Мысықтан бұл қорқады,

Бұдан піл қорқады. (тышқан)

2. Отқа жанбайды,

Суға батпайды. (мұз)

3. Екі басы жұдырықтай,

Ортасы қылдырықтай. (құмысқа)

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар, балалар! Бұл кейіпкерлердің бәрі «Кім күшті?» ертегісінде кездеседі. Естеріңе салар болсам өткен аптада бізге қырғауыл, «Кім күшті?» ертегісін айтып берген болатын. Енді сол ертегіні сахналауды тапсырыпты.

*«Кім күшті?» ертегісін сахналау.*

**Тәрбиеші:** -балалар кім қандай кейіпкер болғысы келеді, өздерің кейіпкер таңдап алыңдар. Сендермен осы ертегіні сахналау арқылы өз мүмкіндігімізді көрсетеміз.

**Бірінші бала(автор):**

Ерте, ерте, ерте екен,

Ешкі жүні бөрте екен.

Қырғауылы қызыл екен.

Құйрық жүні ұзын екен.

Қырғауылы қыркылдап,  
Жалтыр мұзға сыртылдап,  
Алшая келіп қоныпты,  
Қисая жатып қырғауыл  
Сонда мұздан сұрапты:

**Екінші бала(қырғауыл):** -Мұз, мұз сен неден күшті болдың?

**Үшінші бала (мұз):**-Мен күшті болсам, бауырымды жаңбырға тестірмес едім.

**Екінші бала( қырғауыл):** -Жаңбыр, жаңбыр сен неден күшті болдың?

**Төртінші бала (жаңбыр):** -Мен күшті болсам, жауынымды жерге жұтқызар ма едім.

**Екінші бала( қырғауыл):** -Жер, жер сен неден күшті болдың?

**Бесінші бала (жер):** -Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жардырмас едім.

**Екінші бала( қырғауыл):** -Көк шөп, көк шөп сен неден күшті болдың?

**Алтыншы бала(көк шөп):** -Мен күшті болсам, көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді.

**Екінші бала(қырғауыл):** -Көк тоқты, көк тоқты сен неден күшті болдың?

**Жетінші бала (тоқты):**-Мен күшті болсам, көк шұнақ қасқырға құйрығымды жұлқытпас едім.

**Екінші бала (қырғауыл):** -Қасқыр, қасқыр сен неден күшті болдың?

**Сегізінші бала (қасқыр):** -Мен күшті болсам, көк мылтыққа құйрығымды ойдырмас едім.

**Екінші бала( қырғауыл):** -Мылтық, мылтық сен неден күшті болдың?

**Тоғызыншы бала (мылтық):** -Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.

**Екінші бала( қырғауыл):** -Тышқан, тышқан сен неден күшті болдың?

**Оныншы бала (тышқан):** -Мен күшті болсам, құмысқаға інімді алдырмас едім.

**Екінші бала (қырғауыл):** -Құмырсқа. Құмырсқа сен неден күшті болдың?

**Он бірінші бала (құмырсқа):**-Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін.

**Бірінші бала( автор):**-деген екен құмырсқа.

**Тәрбиеші:** -Қандай тамаша балалар, ертегіні керемет сахналап шықтыңдар. -Көгершін, көрермен балалар. Сендерге достарыңның театрда ойнағаны ұнады ма?

1.Бүгінгі театрдан қандай әсер алдыңдар?

2.Қырғауыл өз сұрағына жауап таба алды ма?

3.Қырғауылдың орнынды болсаңдар не істер едіңдер?

**Көгершін:** -балалар қырғауыл досым сендерге беріп жіберген сыйлықты қабыл алыңдар. (көгершін ұшып кетеді)

**Дидактикалық ойын:**«Дыбысынан тап»

**Мақсаты:** балаларға дыбыс арқылы ненің даусы екенін тыңдау, ажырату, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.

**Сергіту сәті:**

Біздер тату баламыз,

Гүл, гүл жайнап жанамыз.

Жаттығулар жасайық,

Жақсы сергіп қаламыз.

Орнымыздан тұрамыз,

Қолды белге қоямыз,

Бұрыламыз оңға бір,

Бұрыламыз солға бір,

Бір, екі, үш жоғары қолды созамыз.

**Рефлексия:**

1. Балалар, ертегіні рөлге бөліп ойнаған сендерге ұнады ма?

2. Қырғауылдың бәрін білгісі келетіні дұрыс па?

3. Бұл ертегіде кім күшті екен?

Мақтау, мадақтау.

**№23-тақырып:** «Жақсылық пен жамандық» ертегісі

**Мақсаты:** балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету, жақсы істер жасай алуға деген ой-қиялдарын дамыту, адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** тақырыпқа сай суреттер, ертегі суреттері.

**Сөздік жұмыс:** жақсылық, жамандық, дәм тату, айдала.

**Билингвалды компонент:** алтын-золото, уақыт-время, тоқты-ягненок.

**ҰОҚ барысы:**

Шаттық шеңбері:

Қайырлы таң, ашақ аспан!

Қайырлы таң, кең далам!

Қайырлы таң, күннің нұры!

Қайырлы таң, балабақшам!

Тәрбиеші: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Көңіл-күйлерің қалай?!

-Бүгін аптаның нешінші күні?

-Кеше аптаның нешінші күні болды?

-Апта күндерін ата?

-Жарайсындар, ендеше апта күдеріне арналған санамақ айтайық.

Бір аптаның күндері өтті.  
Дүйсенбіде гүлдер ектім,  
Сейсенбі де жуа тердім,  
Сәрсенбі де суға келдім,  
Бейсенбі де бақша баптап,  
Жұма күні тақпақ жаттап,  
Сенбіде мен киноға барып,  
Жексенбіде бір демалдым.

**Тәрбиеші:** - Балалар, сендер қандай ертегі білесіңдер?

*Тақтадан бірнеше ертегінің суреттері көрсетіледі. Балалардың жауабы тыңдалады.*

**Тәрбиеші:** -Балалар менің қолымда не көріп тұрсындар? Бүгін осы киіз үйден, ұнтаспа арқылы ертегі тыңдаймыз. Бұл «Жақсылық пен жамандық» ертегісі. Балалар ұнтаспадан ертегі мазмұнымен танысады. Интерактивті тақтадан ертегі кейіпкерлерінің суретін көріп отырады.

**Тәрбиеші:**

1. Ертегі не туралы екен?
2. Балалар жақсылық деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?
3. Жақсылық Жамандыққа не істеді?
4. Жамандықтың орнында болсаң не істер едің?

**Дидактикалық ойын:** «Керісінше айт»

**Мақсаты:** балалардың сөйлеу, ойлау, жылдам жауап беру қасиеттерін дамыту.

**Сергіту сәті:**

Жақсы болу- өзіңнен,  
Жаман болу- өзіңнен.  
Өзіңді өзің ая да,  
Өзің үйрен, өзіңнен.  
Жақсылық көрсең біреуден,  
Мен қандаймын? деп сұра!  
Өзіңді - өзің қолыңа ал,  
Өзіңсіз -ақыл айнасы.  
Тиеді саған мәні бар  
«Өзіңді тану» пайдасы.

**Рефлексия:**

1. Бүгін қандай ертегі тыңдадыңдар?
2. Жақсылық жасау деген не?
3. Өздеріңнің жақсылық істерің туралы естеріңе түсіріп, айтып беріңдер?

Балаларды мақтау, мадақтау.

**№24-тақырып:** «Жақсылық пен жамандық» ертегісін сахналау

**Мақсаты:** жақсылық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту; жақсылықты түсіну, жақсылық жасау іскерліктерін дамыту; жақсылық жасауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** тақырыпқа сай суреттер, ертегі суреттері.

**Сөздік жұмыс:** жақсылық, жамандық, дәм тату, айдала.

**Билингвалды компонент:** алтын-золото, уақыт-время, тоқты-ягненок.

**ҰОҚ барысы:**

**Шаттық шеңбері:**

Жақсы сөздер айтамыз,

Шаршамаймыз қайта біз!

Жарқырап күнде ашылды,

Айналаға гүл шашылды.

Қайырлы күн!-балалар,

Біз еңбекқор баламыз!

Қайырлы күн! –достарым,

Біз көңілді баламыз!

**Тәрбиеші:** Балалар, біздің бүгінгі оқу қызметіміз ерекше болғалы тұр.

Сендермен театрға барамыз. Орнымыздан тұрып, аялдамаға барып, автобусқа мінеміз.

*Балалар билеттерін көрсетіп, автобусқа отырады. Музыка әуенімен қала ішін аралап, театрға келеді. Әсем безендірілген топ .*

**Тәрбиеші:** - Балалар, қараңдаршы біз театрға келіп жеттік. Театрдің іші керемет екен. Мына жерде театрдың бірнеше түрі бар екен, мына қорапшадағы карталарды алыңдар. Бұл карталарда ертегіні қандай театр арқылы сахналау керектігін білеміз.

*(карталарда екі театрдың суреті бар,*

*1) көлеңке театры, 2) қуыршақ театры). балалар қандай театрдың суретін көп таңдаған болса, ертегіні сол театр арқылы сахналайды.*

1. Сендер қандай ертегіні сахналадыңдар?

2. Сендер жамандықтың орнында болсаңдар не істер едіңдер?

3. Бұл ертегіде жағымсыз кейіпкер кім?

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар тамаша өнер көрсеттіңдер.

Біреуге жақсылық жасап, қол ұшын беріп көмектессеңдер, сол жақсылық өзіңе мол бақыт, қуаныш болып оралады. Жақсылық ұмытылмайды.

Енді сендермен бір ойын ойнайық, сосын автобусқа отырып, бақшамызға барайық.



**Дидактикалық ойын:** «Қимылын көрсет»

**Мақсаты:** баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру.

**Сергіту сәті:**

Жақсылықтан үйреніп,  
Боламыз біз жақсы адам.  
Жамандықтан жиреніп,  
Үлгі аламыз жақсыдан.

**Рефлексия:**

1. Балалар жақсылық деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?
  2. Жамандықтың іс-әрекеті дұрыс па?
  3. Сендер достарыңа қандай жақсылық жасадыңдар?
- Мақтау, мадақтау, марапаттау

**№25-тақырып:** «Алдар көсе мен бай» ертегісі

**Мақсаты:** көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету; сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; қайырымдылыққа, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** тақырыпқа сай суреттер, ертегі суреттері.

**Сөздік жұмыс:** қыз-қыз қайнау, сараң, алыпсатар,

**Билингвалды компонент:** тон-шуба, тымақ-шапка, шұрық-тесік- дыржавый.

**ҰОҚ барысы:**

**Шаттық шеңбері:**

Шеңбер болып тұрайық,  
Алақанды ашайық.  
Күннің көзін салайық,  
Таза ауаны жұтайық.  
Жүрекке жылу салайық,  
Жиналған жылы шуақты  
Достарымызға шашайық!

*Балалар үрлеу әдісі арқылы балалар отырады.*

«Ертегілер әлемі» өлеңін жіберіп балаларға тыңдату.

-Балалар өлең не туралы?

-Ертегі туралы.

-Дұрыс айтасыңдар, ертегі туралы екен. Ал сендер қандай ертегі туралы білесіңдер, есімізге түсіріп көрейікші?

Слайдтан ертегілер көрсету.

-Бұл ертегіде қандай кейіпкерлер бар?

-қаптесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, түлкі бике.

-келесі ертегіміз бізді неге тәрбиелейді?

-Достыққа тәрбиелейді.

-Ал бұл ертегіде не туралы айтылған?

-Тырна мен түлкінің достығы туралы айтылған.

*Ішке жүгіріп жаршы бала кіреді:*

-Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, әлемде бір қызық болыпты. Біреу бір ақымақ байдың тоны мен астындағы атын алдап алып кетіпті. Балалар сендер білесіңдер ме кім екенін?

**Тәрбиеші:** Сәлеметсің бе, Жаршы бала! Аптығып не болды саған? Алдымен сәлемдесу керек. Сосын сұрайсың балалардан.

**Жаршы бала:** Сәлеметсіңдер ме балалар.

Балалар амандасады.

**Тәрбиеші:** Ал, енді асықпай отырып сұрай ғой.

**Жаршы бала:** -Балалар сендер білесіңдер ме кім екенін, мен кім туралы айтып тұрмын?

**Балалар:** жоқ білмейміз.

**Жаршы бала:** Ал, білмесеңдер мен сендерге бір жұмбақ жасырайын.

Мүмкін содан кейін естеріңе түсер.

**Жұмбақ:**

Әлсіздерді жақтайды,

Сарандарды алдайды,

Шайтанды да алдайды

Білесіңдер ме?

**Балалар:** -Алдар Көсе

**Жаршы бала:** Дұрыс айтасыңдар, бұл Алдар көсе.

**Негізгі бөлім:**

**Тәрбиеші:** -Жарайсыңдар балалар. бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде, «Алдар көсе мен бай» ертегісін өтеміз. –Ал сендер ертегі көргілерің келе ме?

**Балалар:** -Иә, көргіміз келеді.

-Ендеше, жаршы бала сен де бізбен бірге отырып тамашала.

*Аудио-видеозапись көріп тыңдау. Балалар ертегіні көріп тыңдайды.*

-Балалар ертегі кім туралы?

-Алдар көсе қандай адам?

-Байды қандай адам деп ойлайсыңдар?

-Алдар көсенің орнында болсаңдар не істер едіңдер?

-Жарайсыңдар балалар, жаршы бала саған көп рахмет. Сен бізге керемет ертегіні еске түсіруге көмектестің.

**Жаршы бала:** -Балалар сендер тапқыр бала екенсіңдер.

Сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Ойыннан соң мен кетемін.

*Балалар ойнап болған соң, жаршы бала жұлдызшалармен балаларды марапаттайды.*

**Дидактикалық ойын:**

**Тақырыбы:** «Кім тапқыр?»

Мақсаты: балаларды тез ойланып, жауап беруге дағдыландыру.

Тәрбиеші:-Кәнекей балалар біраз отырып қалдық, енді бойымызды сергітіп алайық.

**Сергіту сәті:**

Байды қалай алдаймын деп,

Қу Алдар жүр сығалап.

Сиқырына жете алмай,

Байекең жүр домалап.

**Рефлексия:**

1. Бүгін бізге кім қонаққа келді?

2. Бүгінгі ертегі сендерге ұнады ма?

3. Бай мен жарлы дегенде не түсінесіңдер?

4. Адамдарды алдаған дұрыс па?

Балаларды, мақтау, мадақтау.

**№26-тақырып:** «Үйшік» ертегісі

**Мақсаты:** ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуді үйрету; ойлау қабілеттерін, ой-өрістерін, шығармашылықтарын дамыту; ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсыз қасиеттерін көруге, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: үйшік, тақырыпқа сай суреттер, бетперделер,

Сөздік жұмыс: өмір сүру, бөрене, тақтай.

Билингвалды компонент: үйшік-теремок, қасқыр-волк, қоян-заяц, аю-медведь

**ҰОҚ барысы:**

Шаттық шеңбері:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Сәлем бердік сіздерге,

Құрметпен біз.

Жоғары қарап тау көрдім,

Төмен қарап жер көрдім.

Оңға, солға иіліп,

Егеменді ел көрдім. –керемет балалар , көңіл күйлерің қалай?

-Бір жалда неше мезгіл бар?

-Қазір жылдың қай мазгілі?

-Көктем мезгілінде неше ай бар?

-Көктем мезгілінің ерекшелігі неде?

Ендіше көктем мезгіліне арналған мақал-мәтел жаттайық.

Мақал-мәтел.

Қысың қарлы болса- Жер семіз,

Көктемнің жаңбырлы болса-Дән егіз.

Көктемгі жауын көп болса,

Көкпек шөбі мол болар.

Қыс қарлата,

Дауылдата келсе,

Көктем көлдете,

Жауындата келеді.

**Негізгі кезең:**

*Музыка әуені естіліп, Алдар көсе келеді*

**Алдар Көсе:** Сәлеметсіңдер ме балалар! Балалар, сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? Қандай ертегі білесіңдер?

*Балалардың жауабы*

Алдар Көсе: ендеше балалар, мен сендерге арнап тамаша ертегі кітап алып келдім. Бұл кітапты апайларың жақсылап оқып берсін.

**Тәрбиеші:** -Алдар көсе, сізге үлкен рахмет! Біз сіз туралы да ертегі білеміз.

Келіңіз, төрлетіңіз біздің балаларымызбен бірге ертегімізді тамашалаңыз.

Мен бұл ертегіні үстел үсті театры арқылы айтып беремін.

Тәрбиеші балаларға ертегіні үстел үсті театры арқылы мазмұндап береді.

1. Ертегі мазмұны сендерге ұнады ма?

2. Ертегіден не түсіне алдыңдар?

3. Аюдың орнында болсаңдар не істер едіңдер?

4. Бұл ертегіде жағымсыз кейіпкер бар ма?

**Тәрбиеші:** Ал, балалар ендеше сендер де шаршаған шығарсыңдар, келіңдер бәріміз бірге ойын ойнайық.

Дидактикалық ойын:

Тақырыбы: «Кім жылдам?»

Мақсаты; балаланың зеректік қабілетін дамыту. Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. *(кубиктер немесе геметриялық пішіндер арқылы үйшік құрастыру)*

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян,

Естіп қалып сыбдырды,

Ойлы қырлы жерлермен ,

Ытқып, ытқып жүгірді.

Қарап еді артына,

Қиығын сап көзінің.

Келе жатқан томпаңдап,

Көжегі екен өзінің.

Алдар көсе: -Ой жарайсыңдар балалар. менің әкелген ертегім сендерге ұнаған сияқты, солай ма?

Балалар: -Иә, ұнады

Алдар көсе: -Ендеше мен сендерге ертегі кітаптарды естелік ретінде сыйға тартамын.

Тәрбиеші: -Алдар көсе сыйлығыңызға рахмет!

Алдар көсе: -Ендеше мен сіздермен қоштасайын, сау болыңдар!

### **Рефлексия:**

1. Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?

2. Қандай ертегі алып келді?

3. Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?

4. Аю келіп үйшікті не істеді?

5. Барлығы бірігіп не салды?

Мақтау, мадақтау

**27-тақырып:** «Үйшік» орыс халық ертегісі сахналау

**Мақсаты:** ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуді үйрету; балалардың сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту; ертегіні сахналау барысында балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** үйшік, тақырыпқа сай суреттер, бетперделер,

**Сөздік жұмыс:** өмір сүру, бөрене, тақтай. бақылдауық

**Билингвалды компонент:** үйшік-теремок, қасқыр-волк, қоян-заяц, аю-медведь

### **ҰОҚ кезеңдері:**

Шаттық шеңбері:

Кел достарым, келіндер,

Қолдарыңды беріңдер.

Шаттық толы шеңберге,

Қуанышпен еніңдер.

Шақырамын сендерді,

Жолдастарым кел бері

Толтырайық шаттыққа

Дөңгеленген шеңберді.

-Балалар бір жылда неше мезгіл бар?

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінде ауа райы қандай болады?

-Көктем мезгілі туралы тағы не білесің?

Балалар көктем мезгілінің табиғаты өте тамаша. Көктемде күн ұзарып, ауа райы жылынады, қар еріп, жауын-шашын болады.

Тақпақ: Көктем

Көтеріп күннің от лебін,

Көгімнен түсті көктемім.

Жылыта келді елімді,

Жібіте таудың бөктерін.

Көтеріп күннің от лебін,

Көгерте күнгеі шөптерін,

Шулатып аққу, қаздарын

Көліме қонды көктемім.

(Ө. Тәжібаев)

**Негізгі бөлім:** балалар сендер ертегі тыңдағанды, сол ертегі де өздерінді көргілерің келеді ме? Ендеше мен сендерге жұмбақ жасырамын.

**Жұмбақ:**

Таңдайлары тақылдап,

Шуылдайтын кім шалшықта,

Бірін-бірі мақұлдап? (Бақа)

Үй ішін аралап,

Түнде көп жортады

Қаптарды жарып

Мысықтан қорқады. (Тышқан)

Қырды жүрер ол жортып,

Іне де жоқ бармайтын.

Құйрығымен бұлтартып,

Қандай аң ол алдайтын? (Түлкі)

Төрт қанаты бар,

Бір аузы бар. (Үй)

Тамаша балалар, сендер тапқыр екенсіңдер. Осы жұмбақтардың жауабынан қандай ертегі еске түседі?

Балалар: -«Үйшік » ертегісі

Тәрбиеші: -Олай болса бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметімізде «Үйшік» ертегісін сахналаймыз. Ол үшін бәріміз орнымыздан тұрып орманға саяхатқа барамыз. Орманға саяхатқа шықпас бұрын қауіпсіздік ережелерімен танысып алайық. —

Орманға барғанда жүгіріп, топтан бөлініп қалуға болмайды;

-Орманда айқайлауға болмайды;

-Тамақ қалдықтарын тастап, от жағуға болмайды. Орманға жету үшін автобусқа отырамыз. Жол қысқару үшін әндетіп барамыз.

Балалар екі қатар тізбектелген орындықтарға отырып жайғасады.

Автобус алға зулайды.

Бағыттан еш аумайды.

Зыр айналар дөңгелек,

Көлік бізге ең керек.

-Міне балалар, орманға да келіп жеттік. Айналаға мұқият қараңдаршы үйшік көрініп тұрмекен?

Балалар бір үйшікті көреді. Үйшікке жақындап келгенде, үйшіктен тышқан шығады. Тәрбиеші:

-Сәлеметсің бе тышқан.

-Сәлеметсіздер ме, менің үйшығіме қош келдіңіздер!

Тышқан біз балабақшадан келдік. Өткен аптада «Үйшік» ертегін балаларға айтып берген едім, енді сол ертегі кейіпкерлеріне еніп, балалар өздері ертегі қойып бермекші. Сен бастап берсең жақсы болар еді.

Тышқан; -Бастасам бастайын келіңдер достар, ал сіздер тамашалаңыздар.

**Бірінші бала(автор)** Ерте, ерте, ертеде орманда кіп-кішкентай ескі үйшік болыпты. Бірде үйшіктің қасынан өтіп бара жатқан тышқан көріп:

**Екінші бала(тышқан)** –Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар?

**Бірінші бала(автор)** Ешкім жауап бермейді. Тышқан бос үйшікке кіріп, осында тұрып жатады. Біраз уақыттан кейін үйшіктің маңына секіріп бақа келеді.

**Үшінші бала(бақа)** – Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар?

**Екінші бала(тышқан)** –Мен тықырлауық тышқанмын! Ал сен кімсің?

**Үшінші бала(бақа)** –Мен бақылдауық бақамын.

**Екінші бала(тышқан)** –Кел бірге тұрайық.

**Бірінші бала(автор)** Бақа бақалдап үйшікке секіріп кіреді. Тышқан екеуі тіл табысып, бірге тұрады. Енді үйшік қасынан ытқып-ытқып қоян келеді.

**Төртінші бала(қоян)** - Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар?

**Екінші бала(тышқан)** –Мен тықырлауық тышқанмын.

**Үшінші бала(бақа)** –Мен бақылдауық бақамын. Ал сен кімсің?

**Төртінші бала(қоян)** –Мен қорқақ қоянмын.

**Екеуі:** -Кел бәрге тұрайық.

**Бірінші бала(автор)** Қоянда үйшікке кіреді. Осылай үшеуі бірге өмір сүріпті. Алыстан бұл үйшікті түлкі көреді. Ақырын басып жақын келіп, терезені қағады.

**Бесінші бала(түлкі)** -Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар?

**Екінші бала(тышқан)** –Мен тықырлауық тышқанмын.

**Үшінші бала(бақа)** –Мен бақылдауық бақамын.

**Төртінші бала(қоян)** –Мен қорқақ қоянмын. Ал сен кімсің?

**Бесінші бала(түлкі)** –Мен қу түлкімін.

**Үшеуі:** -Кел бәрге тұрайық.

**Бірінші бала(автор)** Үйшіктен түлкіге де орын табылады. Достар енді төртеу болды. Үйшікке тілі салақтап, айналасына алақ-жұлақ карап қасқыр жетеді. Ол есікті қағып, қырылдаған дауысымен:

**Алтынша бала(қасқыр)** -Бұл үйшікте кім бар?

**Екінші бала(тышқан)** –Мен тықырлауық тышқанмын.

**Үшінші бала(бақа)** –Мен бақылдауық бақамын.

**Төртінші бала(қоян)** –Мен қорқақ қоянмын.

**Бесінші бала(түлкі)** –Мен қу түлкімін. Ал сен кімсің?

**Алтыншы бала(қасқыр)** –Мен сұр қасқырмын.

**Бәрі:** -Кел бәрге тұрайық.

**Бірінші бала(автор)** Қасқыр қысылы-қымтырылаішке кіреді. Әйтседе кіп-кішкентай үйшікке бесеуі де сыйып кетеді. Барлығы қосылып ән айтады.

Тату-тәтті өмір сүреді. Бір күні жидек теріп жүрген аю, үйшік

тұрғындарының інін естиді. Ол үйшікке жақын келіп, бар даусымен:

**Жетінші бала(аю)** -Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар?

**Екінші бала(тышқан)** –Мен тықырлауық тышқанмын.

**Үшінші бала(бақа)** –Мен бақылдауық бақамын.

**Төртінші бала(қоян)** –Мен қорқақ қоянмын.

**Бесінші бала(түлкі)** –Мен қу түлкімін.

**Алтыншы бала(қасқыр)** –Мен сұр қасқырмын. Ал сен кімсің?

**Жетінші бала(аю)** –Мен қорбаңбаі аюмын

**Бәрі:** -Кел бәрге тұрайық.

**Бірінші бала(автор)** Аю ары-бері тырбаңдап үйшікке кірмекші болады.

Бірақ оның басы енгенмен денесі сыймайды. Амала тусылған аю:

**Жетінші бала(аю)** - Ендеше мен үйшіктің шатырына шығып тұрайын.

**Бәрі:** -Жоқ қара қандай деусің, сені кішкентай үйшігіміз ққтере алмайды.

Қиратасың ғой.

**Жетінші бала(аю)** –Қорықпандар түкте болмайды.



**Бірінші бала(автор)** -деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды. Үйшіктің тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю қорбандап үйшіктің төбесіне шығады. Сол-ақ екен, ескі үйшік сықырлап шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, қу түлкі, сұр қасқыр, барлығы аман-есен үйшіктен шығып үлгереді. Олар аюға ренжиді. Аю кешірім сұрап, қайта барлығы бірігіп, бөренелерді тасып, тақтайларды сүргілеп, жана үйшік тұрғызады. Осылайша достар әп-әдемі, жаңа үйшік тұрғызып алады. Тәрбиеші: -Қандай тамаша ойнап шықтыңдат. Сендерге ертегіні сахналаған ұнады ма балалар.

-Бұл ертегі не жайында екен?

-Ертегіден не түсіне алдыңдар?

-Аюдың орнында болсаңдар не істер едіңдер?

-Бұл ертегіде жағымсыз кейіпкер бар ма?

Сендер шаршаған боларсыңдар. Бір келемет ойын ойнайық. Тышқан саған рахмет сенде бізбен бірге ойын ойна.

Дидактикалық ойын:

Тақырыбы: «Тез ойла!»

Мақсаты; сөздің қарама-қайшы жауабын тауып, тез жауап беру арқылы балалардың ойлау, сөйлеу қабіреттерін дамыту.

Сергіту сәті:

Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп, теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Балалар енді бақшамызға баратын уақыт болды, автобуста та күтіп қалды.

Тағыда әндетіп жолға шығайық.

Тышқан: -балалар мен сендерге риза болым, менің үйшігіме келіп көңлімді көтердіңдер сендерге арналған сыйлығымды қабыл алыңдар.

Бәрі! Сау бол тышқан.

**Рефлексия:**

1. Балалар бүгін біз қайда бардық?

2. Қандай ертегіні сахналадық?

3. Аю келіп үйшікті не істеді?

Мақтау, мадақтау

**№28-тақырып:** «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Тақырыпқа сай суреттер, слайд, үнтаспа.

**Сөздік жұмыс:** көде, жусан, доңыз, кербей, мешін.

**Билингвалды компонент:** түйе-берблюд, жылан-змея, сиыр-корова, тышқан-мышь, мешін-обезьяна

**ҰОҚ кезеңдері:**

Шаттық шеңбері:

Қуан, шаттан, алақай,

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы таң, қайырлы күн.

Күліп шықты күн бүгін.

-Сәлеметсіңдер ме балалар.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінің айларын атаңдар?

-Наурыз айында қандай мерекелер болады?

**Негізгі бөлім:** -Балалар біз 22-наурызда тышқан жылын шығарып салып, сиыр жылын қарсы аламыз. Бүгінгі оқу қызметінде мен сендерге керемет ертегі айтып беретін боламын. Бұл «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі. Ертегіні бізге Көктем ханшайымы почтадан салып жіберіпті, өзі келе алмағандықтан, видео сәлем жолдапты.

*Интерактивті тақтадан Көктем ханшайымының сәлемін қабыл аламыз.*

Тәрбиеші балаларға ертегі мазмұнын қызықты етіп түсіндіреді.

1. Ертегі сендерге ұнады ме?

2. Бұл ертегі не жайында екен?

3. Хайуанаттар неге таласты?

4. Тышқанның амалы іске асты ма?

**Қазақша жыл санау**

Түйе сеніп бойына,

Қалған ұмыт жылдардан.

Жатпа қарап мойыма,

Тұрма именіп ділмардан.

Түйе-тышқан, сеніп-сиыр, бойына-барыс, қалған-қоян, ұмыт-ұлу,

жылдардан-жылан, жатпа-жылқы, қарап-қой, мойыма-мешін, тұрма-тауық,

именіп-ит, ділмардан-доңыз.

**Дидактикалық ойын:** «Не артық?»

**Мақсаты:** үй жануарларымен жабайы жануарларды ажыратып топтастыру.

Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Сергіту сәті** (слайд арқылы көрсету)

Балалар экраннан қарап сергіту сәтін жасайды.

Қимыл қозғалысты, әсем әуенмен.

Тәрбиеші: -балалар көктем ханшайымы ертегімен қоса сендерге мына әдемі боямақтарды беріп жіберіпті қабыл алыңдар.

**Рефлексия:**

1. Балалар бүгін қандай ертегі тыңдадыңдар?
2. Жыл басына таласу дегенде не түсінесіңдер?
3. Түйенің орнында болсаңдар не істер едіңдер?
4. Түйе неге жыл басы болмады?

Мақтау, мадақтау

**№29-тақырып:** «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін сахналау

**Мақсаты:** Ертегі желісін көз алдыларына елестете отырып, әр кейіпкердің мінезін аша білуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту, ертегі мазмұны арқылы еңбексүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** тақырыпқа сай суреттер, ертегі суреттері.

**Сөздік жұмыс:** көде, жусан, доңыз, кербей, мешін.

**Билингвалды компонент:** түйе-берблюд, жылан-змея, сиыр-корова, тышқан-мышь, мешін-обезьяна

**ҰОҚ кезеңдері:**

**Шаттық шеңбері:**

Қайырлы таң, ашақ аспан!

Қайырлы таң, кең далам!

Қайырлы таң, күннің нұры!

Қайырлы таң, балабақшам!

-Сәлеметсіңдер ме, балалар. Көңіл-күйлерің қалай?!

-Балалар сендер қандай ертегі білесіңдер?

-Арыстан мен тышқан ертегісінде арыстан тышқанға не істеді?

-Түлкі мен тырна ертегісінде, түлкінің іс-әрекеті дұрыс болды ма?

-Өткен аптада қандай ертегі тыңдадық?

**Негізгі бөлім:** балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын. Сол жұмбақтың жауабын тапсаңдар бір тосын сый болады.

**Жұмбақ:**

Кезекті бір жануар

Үстінде екі тауы бар. (түйе)

Жер бетінде жатқан артқан

Ұстауға оны бәрі де қорққан. (жылан)

Тұмсығы дөңгелек,

Денесі он бөлек. (доңыз)

**Негізгі бөлім:** (әсем әуен естіліп, мойнына қоңырау таққан бұзауқан жүгіріп келеді.)

**Бұзауқан.** -Мө-өө сәлеметсіңдер ме балалар. мен бұзыуқанмын.

**Тәрбиеші:** -Сәлеметсің бе бұзауқан. Отамызға хош келдің. Сен қайдан жүрсің?

**Бұзауқан:** -Мені анам осында жіберді. Осы балалар жыл басына таласқан хайуанаттар жайлы ертегіні біледі екен. Менде білгім келеді.

**Тәрбиеші:** -Солай ма, ал балалар бұзауқан ертегі жайлы толық білгісі келеді екен қане, бәріміз ертегі кейіпкерлеріне еніп, актерлік шеберлігімізді көрсетейік. Ертегі мазмұнын еске түсіре отырып, балалар сұрақтарға жауап береді. ертегі кейіпкерлерінің киімдерін киіп, ертегіні сахналайды.

**Бірінші бала(автор)** –Бұрынғы өткен заманда хайуанаттар жиналып, жыл басы болуға таласыпты.

**Екінші бала(жылқы)** –Мен алысты жақын қыламын. Күшімді болса көреді, сүтімді болса ішеді, қылымнан арқан жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл басы мен боламын.

**Үшінші бала(түйе)** –Сен адамның жұмысын қыласың, құлқының үшін құл болдың. Мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айлық жерлерге барамын. Аш болдым деп сен сияқты арпа, сұлы сұрамаймын. Көде, жусан жеп табылса су ішіп, табылмаса шөлге де шыдап жүре беремін. Жыл басы болуға мен лайықтымын.

**Төртінші бала(барыс)** –Тоқта, тоқта кербез түйе! Сен бойыңа сенсең мен күшіме сенемін, ендеше мен неге жыл басы болмаймын.

**Бесінші бала (сиыр)** -Аадам егін ексе, жер жыртса мен керекпін. Олар сүтімді ішеді, құрт, май жейді, жыл басы болуға мен лайықтымын.

**Алтыншы бала (ит)** -Мен болмасам сендердің барлықтарыңды қасқыр жеп қояр еді мен бақташымын, жыл бысы болуға мен лайықтымын.

**Жетінші бала (ұлу)** -Неге күштілер жыл басы болу керек. Жыл басы болу үшін ақыл мен ой керек.

**Сегізінші бала( әтеш)** –Мен жыл басымын, ерте тұрып, таң атты деп хабар беремін.

**Тоғызыншы бала (қой)** –Мен болмасам қазақ үйін немен жабар еді? Жүнімнен киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан жіп еседі. Сүтімнен құрт май алады шаруаға менен пайдалыларың жоқ, жыл басы мен боламын.

**Оныншы бала (қоян)** –Бәрің мақтанып қоймадыңдарғой. Мен өзі ешкімге зияны жоқ, момын қоянмын. Жесе етім тәтті, терім жұмсақ. Адамдар менің жүнімнен баскиім тігіп киеді, жыл басы мен боламын.

**Он бірінші бала (мешін)** -Ей, достарым бекер дауды қойындар. Бәрің білетіндей адам баласына мен қатты ұқсаймын, сондықтан жыл басы мен боламын.

**Бірінші бала (автор)** жылан өзін сұлу санап былай дейді.

**Он екінші бала (жылан)** -жыл басына лайық сұлу жылан мен боламын. Күштімін, жылдаммын. Шағады деп бекер жала жабады. Адамдарды «у» мен емдей аламын. Жыл басы мен боламын.

**Он үшінші бала доңыз** -Қорс, қорс етемін қорсылдақпын. Мен адамды мазалап тұнық су сұрамаймын. Тамақты да талғамай жей беремін. Жылдың басы мен боламын.

**Он төртінші бала (тышқан)** –Таласқаннан ешнәрсе өнбес, жылды қарап тұрайық, кім бірінші күнді көрсе сол жыл басы болмақ.

**Бірінші бала (автор)** –Аңдар жиналып бір ойын ойнайды. Ал түйе болса ойнағысы келмей, аулақтау жерге барып ұйықтайды. Тышқан кулық ойлайды, шиқ-шиқ етіп қоймайды, шығып алып түйенің өркешімен ойнайды. Ұйықтап жатқан түйенің өркешіне шығып, көз ілмей таң атырады.

**Он төртінші бала (тышқан)** –Алақай, алақай күнді көрдім алақай. Құлығыммен ақылыммен бәрін жеңдім.

**Бірінші бала (автор)** –Содан бері түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты деген екен.

-Жарайсындар балалар сендер тамаша өнер көрсеттіңдер, бұзау сендерге риза болып отыр.

1. Аңдар неге таласты?
2. Аңдардың іс-әрекеттері дұрыс па?
3. Түйе неге жыл басы бола алмай қалды?

**Дидактикалық ойын:** «Мекенін тап»

**Мақсаты** Жануарлардың дұрыс мекенін табу, балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

**Сергіту сәті:** Ұзын құлақ сұр қоян,  
Естіп қалып сыбдырды,  
Ойлы қырлы жерлермен,  
Ытқып, ытқып жүгірді.  
Қарап еді артына,  
Қиығын сап көзінің.  
Келе жатқан томпаңдап,  
Көжегі екен өзінің.

**Бұзау:** -балалар енді мен өріске оралайын, сендерге көп рахмет тамаша көңіл көтердім, ертегіні керемет сомдап бердіңдер. Сендерге сыйлық ала келдім, қабыл алындар. (бұзау балаларға әдемі жылтыр жұлдызшаларды сыйлайды)

## **Рефлексия:**

1. Бүгін қандай қонақ келді?
2. Жыл басына таласу дегенде не түсінесіңдер?
3. Түйенің орнында болсаңдар не істер едіңдер?
4. Түйе неге жыл басы болмады?

Мақтау, мадақтау

**№ 30-тақырыбы:** «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегіні дұрыс түсініп, өз ойларын тиянақты, еркін айтуға машықтандыру, ой-қиялдарын дамыту, жанашырлыққа, қамқорлыққа, жақыслық жасауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** ертегіге байланысты суреттер, қарлығаш, маса, жылан .  
Слайд

**Сөздік жұмыс:** тәтті қан, айыр құйрық, маса,

**Билингвалды компонент:** Айдаһар-дракон, қарлығаш-ласточка, маса-комар, адам-человек.

## **ҰОҚ кезеңдері:**

Шаттық шеңбері:

Біз қандаймыз, қандаймыз

Шұғылалы таңдаймыз.

Жарқыраған күндейміз,

Ренжісуді білмейміз.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?

-Сендерге көктем мезгілі ұнайды ма?

**Негізгі бөлім:** -Балалар тақтаға назар салайық, сендерге жайлаудан Жамал әже сәлем жолдап жатыр.

**Жамал әже:** -Амансыңдар ма, құлындарым мен сендерге барамын деп едім жете алмай қалдым.

**Балалар:** Сәлеметсіз бе, Әже.

**Тәрбиеші:** -Әже сіз маған келе алмаймын деген соң, сізбен жүздесудің амалын осылай таптым. Енді бізге уәде еткен ертегіңізді айтып берсеңіз болады.

**Жамал Әже:** Экраннан қандай құсты көріп тұрсыңдар?

Ия бұл қарлығаш деген құс. Бұл құс күзде жылы жаққа ұшып кетіп, көктем келгенде қайта ұшып келеді. Осы құс туралы тақпақ жаттайық.

Тақпақ «Қарлығаш»

Қарлығаш-ау, қарлығаш,

Қызыл тамақ, түйме бас.

Құйрығың тізген маржандай,  
Қанатың өткір қанжардай.  
Күнде жақын келесің,  
Тимесіме сенесің,  
Балаңды қылмен байлайсың,  
Үйден ұя саласың.

–Балалар сендер білесіндер ме, қарлығаштың құйрығы неге айыр екен?  
Ендеше мен «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісін айтып беремін.  
Тыңдауға дайынбыз ба?

Жамал әже балаларды ертегі мазмұнымен таныстырады.

-Айдаһар қандай күйге тап болды?

-Айдаһардың ауруына ем болатын қанды кім іздейді?

-Айдаһар қанды неге іше алмады?

-Қарлығаштың құйрығы неге айыр екен? Тамаша балалар ертегі ұнады деп ойлаймын. Ендеше жұмбақ жасырамын жауабын табыңдар.

**Жұмбақ:** Шарлап келіп даланы

Үйіме үйін салады. (Қарлығаш)

**Тәрбиеші:** Әже ертегі өте қызықты екен мағанда, балаларға да қатты ұнады.

Бізге берер тапсырмаңыз бар ма?

**Жамал әже:** Құлындарым енді осы ертегі кейіпкерлерін қатыстыра отырып, ойдан өздерің ертегі құрастырып көріңдер. Маған хат жазып тұрыңдар. Сау болыңдар!

**Сергіту сәті:**

Қарлығашқа ұқсайық

Қане қанат жазайық.

Қарлығаш боп ұшайық,

Ұшып, ұшып алайық.

**Рефлексия:**

1. Балалар бүгін қандай ертегі тыңдадыңдар?

2. Қарлығаш қандай құс?

3. Айдаһар қандай күйге тап болды?

4. Қарлығаштың орнында болсаң не істер едің?

Мақтау, мадақтау

**№31-тақырып:** «Құмырқаның қанағаты» ертегісі

**Мақсаты:** ертегінің мазмұнын түсіндіру, ертегінің негізгі идеясын ашу, кейіпкердің іс-әрекетін көркем тілмен жеткізе алуға дағдыландыру,

шығармашылық қабілеттерін дамыту, ауызбіршілікке, ұйымшылдыққа, қанағатшыл болуға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** ертегіге сай суреттер, құмырсқа, бидай суреттері, слайд

**Сөздік жұмыс:** илеу, қанағат, дән, үнемдеу.

**Билингвалды компонент:** құмырсқа-муравей, қомағай-толстый, қанағат-удовлетворение, қаннен-қаперсіз-безкровный.

**ҰОҚ кезеңдері:**

Шаттық шеңбері:

Ақ көңілді жүрекпен,

Ақ ниетті тілекпен,

Амандасып алайық,

Достарымызға ізетпен.

-Бүгін аптаның нешінші күні?

-Кеше аптаның нешінші күні болды?

-Өткен оқу қызметінде қандай ертегімен таныстық?

-Ертегі не туралы болып еді?

-Қарлығаш қандай құс?

**Негізгі бөлім:** -Балалар сендер саяхатқа шыққанды жақсы көресіңдер ме?

Ендеше бәріміз жайлауға саяхатқа барайық. Көңілді музыкалық әуенмен жолға шығамыз. Жолдан ағын су кездестіріп аттап өтеміз. Майысып қалған ағашты тіктеп, тіреп қоямыз. Жайлауға осылай жетеміз. –Міне балалар жайлауға да келіп жеттік.

Данышпан ата: -Амансыңдарма балаларым, Менің жайлауыма хош келдіңдер!

**Бәрі:** Сәлеметсіз бе ата.

**Тәрбиеші:** -Ата мына жайлау қандай керемет екен. Ауасы таза, тып-тыныш, жанға жайлы екен.

**Данышпан ата:** -Иә, қызым, балаларым жайлаудың табиғаты керемет.

Балаларым мен сендерге бір мақал үйретейін.

**Мақал:** Аяз алінді біл, Құмырсқа жолыңды біл!

-Бұл мақал не туралы екен?

Ия, дұрыс құмырсқа жайлы екен. Ендеше мен сендерге

Құмырсқа жайлы бір қызықты ертегі айтып берейін.

Данышпан ата ертегісін айтып береді. Балалар ұйып отырып тыңдайды.

1. Сендерге ертегі ұнады ма?

2. Ертегі не жайлы екен?

3. Құмырсқа жылына қанша дән жейді екен?

4. Данышпан құмырсқаға не үшін қайран қалды?

5. Данышпанның орнында болсаң не істер едің?



**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар! Ата енды біз осы жерде ойын ойнасақ деп едік.

**Данышпан ата:** Әрине ойнаңдар, мен сендерге бір ойынды айтайын. Ол ойын «Жер, су, ауа, от» деп аталады.

**Дидактикалық ойын:** «Жер, су, ауа, от.»

**Мақсаты:** балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.

**Сергіту сәті:**

Еңбек сүйгіш құмырсқа

Ерте шықты жұмысқа,

Күні бойы жүк тасып,

Тізбектеліп, жұптасып,

Жазда астық тасиды

Толтырады ас үйді.

Қыстай тыныш жатады,

Рахатына батады. -Қимыл қозғалыс арқылы көрсету.

**Тәрбиеші:** -Данышпан ата, енді біз өз балабақшамызға оралуымыз керек. Сізбен қоштасатын сәт те жетті.

**Данышпан ата:** -Балаларым сендер өте ақылды екенсіңдер, ертегіні тындап, ойынды да жақсы ойнадыңдар. Мен сендерге мына боямақтарды сыйлаймын, балабақшаларыңа барғансоң бояйсыңдар. Келесі кездескенше.

**Тәрбиеші:** Данышпан атамен қоштасып, көңілді музыкалық әуенмен жолға шығамыз. Жолдағы ағын судан аттап өтеміз. Әндетәп балабақшаға келеміз.

**Рефлексия:**

1. Балалар біз бүгін қайда бардық?
2. Данышпан атаның ертегісі не туралы екен?
3. Құмырсқаның үйі қалай аталады?
4. Құмырсқаның ең жақсы қасиеті қандай?
5. Данышпан құмырсқаны қалай сынады?

Балаларды мақтау, мадақтау.

**№32-тақырып:** «Мақта қыз бен мысық» ертегісі

**Мақсаты:** ертегі туралы білімдерін кеңейту, қызығушылықтарын арттыру; сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізу, сөздік қорларын дамыту; балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Ағаш, сиыр, дүкен, тауық, мысық, ертегіге байланысты суреттер, бетперделер.

**Сөздік жұмыс: миіз, сүт, сағыз, шөлдеу, бір уыс бидай.**

Билингвалды компонент: мысық-кошка, сүт-молоко, ағаш-дерево, жұмыртқа-яйцо.

**ҰОҚ кезеңдері:**

Шаттық шеңбері:

Шақырамын сендерді,

Жолдастарым кел бері.

Толтырайық шаттықа,

Дөңгеленіп шеңберді.

Салеметсіңдер ме балалар.

1. Қазір жылдың қай мезгілі?
2. Бір жылда неше мезгіл бар?
3. Көктем мезгілінің айларын ата?
4. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін айт?

**Негізгі бөлім:** -Балалар біз өткен аптада қандай ертегі тыңдадық, қане есімізге түсірейікші?

-Дұрыс айтасындар, «Құмырқаның қанағаты» деген ертегімен таныстық. Құмырқаның ең жақсы ерекшелігі қанағатшыл болуында екен.

Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырамын .

**Жұмбақ**

Беті-қолын жуады,

Тышқандарды қуады,

Тазалықты сақтайды,

Апам оны мақтайды. **(Мысық)**

Балалар сендер «Мақта қыз бен мысық » ертегісін жақсы білесіңдер, бұл ертегіні Ы. Алтынсарие атамыз жазған.

Тәрбиеші «Мақта қыз бен мысық» ертегісін... «Ерте,ерте,ертеде

Ешкі құйрығы келтеде,

Мақта қыз бен мысық дос болыпты» -деп дауыс ырғағымен келтіріп, мәнерлеп оқып береді.

Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою.

1. Ертегі сендерге ұнады ма?
2. Мақта қыз мысықты неге шақырды?
3. Мысық сүтті неліктен төкті?
4. Мысықтың іс-әрекеті дұрыс па?
5. Мысықтың орнында болсаң не істер едің?

Олай болса балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, сергіп алайық.

**Сергіту сәті:** Құйрығын қуып ойнайды,

Қума десем қумайды.

Шыр көбелек айналсам,  
Жетемін деп ойлайды.  
Піш-піш десем келе ғой,  
Айтқаным көне ғой.  
Шақырғанда піш-піш деп,  
Мяу деп дыбыс бере ғой.

**Дидактикалық ойын:** «Не артық?»

**Мақсаты:** үй жануарларының арасынан, жабайы жауарларды табу, балалардың ойлау, қабілеттерін дамыту. Шапшаң әрекет жасауға дағдыландыру.

**Рефлексия:**

1. Бүгін қандай ертегі тыңдадыңдар?
2. Бұл ертегіні кім жазған екен?
3. Мысық мақта қызды неге ашуландырды?
4. Мақта қыздың орнында болсаң не істер едің?

Балаларды мақтау, мадақтау.

**№33-тақырып:** «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау

**Мақсаты:** ертегілер туралы білімдерін кеңейту, кейіпкерлердің айқын бейнесін көрсете білуге және кіші қойылымдарды сахналауды үйрету. Балалардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін, сахнадағы еркін қимылдарын дамыту, еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Ортада үстел үстіндегі ыдыстар, ағаш, дүкен, шелек, жұмыртқа, бетперделер.

**Сөздік жұмыс:** миіз, дән, мысық, тышқан, ағаш, жапырақ.

**Билингвалды компонент:** жапырақ-листья, сиыр-корова, мысық-кошка, дүкенші-продовец

**ҰОҚ кезеңдері:**

Шаттық шеңбері:

Қайырлы таң, ашақ аспан!

Қайырлы таң, кең далам!

Қайырлы таң, күннің нұры!

Қайырлы таң, балабақшам!

-Сәлеметсіңдер ме, балалар. Көңіл-күйлерің қалай? Бүгінгі күндерің сәтті өтуіне тілектеспін.

**Негізгі бөлім:**

-Балалар сендер қандай ертегі білесіңдер?

Балалардың жауаптары...

Ал, балалар мен сендерге жұмбақтар жасырайын. Шешуін жылдам табуға талпынындар.

Жұмбақтар

1. Тіршіліктің нәрі

Тазалықтың әрі (су)

2. Ағайынды бәрі,

Шықса жасыл,

Түссе сары (жапырақ)

3. Беті-қолын жуады,

Тышқандарды қуады,

Тазалықты сақтайды,

Апам оны мақтайды. (Мысық)

**Тәрбиеші.** Өткен оқу қызметінде біз сендермен «Мақта қыз бен мысық» ертегісін тыңдаған едік, есімізге түсірейік. Ертегіні еске түсіріп қана қоймай, ертегі кейіпкерлеінің ролінде өзіміз ойнап көреміз.

«Мақта қыз бен мысық» сахналау

**Бірінші бала (автор):** Ерте, ерте, ертеде,

Ешкі құйрығы келтеде,

Мақта қыз бен мысық дос болыпты. Бір күні Мақта қыз үстел үстін реттейді.

Ыдыстарды жинап жүріп бір миіз тауып алады.

**Екінші бала (Мақта қыз):** Мияуым менің қайдасың?

Жүгіріп маған келе ғой, мен саған миіз беремін. (Мысық келмейді.)

Келмесең, келмей-ақ қой, өз обалың өзіңе, -деп (миізді өзі жеп қояды)

**Бірінші бала (автор):** Осы кезде үй артынан «мияу» деген дыбыс шығды.

Мақта қыз ыңылдап ән салып жүреді.

**Екінші бала (Мақта қыз):** Мысығым-ау, мысығым,

Тарғылы жақсы түсінің.

Таңертең де, кештеде,

Бетін жуған пысығым.

Піш-піш десем, келе ғой,

Айтқаным көне ғой.

Шақырғанда пі-піш деп,

«Мяу!» деп дыбыс бере ғой.

**Үшінші бала (мысық):** Менің атым мысық,

Екі көзім қысық,

Тышқан аулап отырмын

Сүт көжемжі ішіп. Мақта қыз сен мені неге шақырдың?

**Екінші бала (Мақта қыз):** Шақырғанда келмегенсің енді айтпаймын.

**Үшінші бала (мысық):** Ендеше мен сенің сүтінді төгемін.

**Екінші бала (Мақта қыз):** Ой, ой, ой сен не істедің? Мен сенің құйрығыңды өзің ұнатпайтын көк түске бояп қоямын. (мысықтың ұнатпайтын түсіне құйрығын бояп қояды)

**Үшінші бала (мысық):** Мақта қыз менің құйрығымды өз қалпына келтірші.

**Екінші бала (Мақта қыз):** Жоқ, сен бірінші менің сүтімді қайтарып бер.

**Бірінші бала (автор):** Сөйтіп мысық сиырға келеді.

**Төртінші бала (сиыр):** Му-му, менің атым сиыр,

Өрісім алыс қиыр.

Етім үшін, сүтім үшін,

Адамдар маған үйір.

**Үшінші бала (мысық):** Мяу, сиыр, сиыр сен маған сүт берші!

**Төртінші бала (сиыр):** Сен маған жапырақ әкел, менің қарным ашып тұр.

**Бірінші бала (автор):** Сөйтіп мысық ағашқа барады.

**Бесінші бала (ағаш):** Мен жасыл ағашпын,

Күтсендер гүл ашам,

Жолыңа нұр шашам.

Жапырағым азық,

Бұтағым қазық.

Саяма сағаларсың,

Салқындап дем аларсың.

**Үшінші бала (мысық):** Ағаш, ағаш маған жапырақ берші!

**Бесінші бала (ағаш):** Маған су әкеліп бер шөлдеп тұрмын. Сосын мен саған жапырақ беремін.

**Бірінші бала (автор):** Сөйтіп мысық су іздеп келе жатса, алдынан су тасып жүрген қыздар шығады.

**Алтыншы бала (қыздар) –**Су тіршілік негізі,

Онсыз өмір сүрмейсің,

Тазалықтың негізі,

Су деп және білгейсің.

**Үшінші бала (мысық):** Мяу, қыздар маған су беріндерші!

**Алтыншы бала (қыздар):** Сен бізге дүкеннен сағыз әкеп бер.

**Бірінші бала (автор):** Сөйтіп мысық дүкеншіге келеді.

**Үшінші бала (мысық):** Мяу-мяу, дүкенші, дүкенші маған сағыз берші.

**Жетінші бала (дүкенші):** Біз дүкенші жандармыз,

Барлық затты сатамыз.

Ақша берсең алдымен,  
Тәтті саған береміз. Маған жұмыртқа әкеліп бер, мен саған сағыз беремін.

**Бірінші бала (автор):** Мысық әбден шаршады, жұмыртқа іздеп тауыққа барады.

**(Сегізінші бала тауық):** Мен ақ тауықпын,  
Өзім қақсауықпын.

Күніне бір жұмыртқа табам  
Осыған жетеді шамам.

**Үшінші бала (мысық):** -Мяу, тауық-тауық маған жұмыртқа берші.

**Сегізінші бала (тауық):** –Сен менің балапандарыма дән әкеліп бер, біз ашпыз.

**Бірінші бала (автор):** Мысық ойға батып, басын ұстап, не істерін білмей отырып қалады. Осы кезде бір тышқан жүгіріп шығып, інді қаза бастайды.

**Тоғызыншы бала (тышқан):** Мен тышқанмын өзім дән екпеймін.

Егістен ұзап кетпеймін,

Айналам толы ән,

Қоймам толы дән. Дәнді тастап кетпеймін – **(автор)** деп ән салып жүрген тышқанда мысық бас салып ұстап алады.

**Үшінші бала (мысық):** Айт, үйіңде не бар? Жаныңның барында айт тез, әйтпесе қазір жеп қоямын.

**Бірінші бала (автор):** Тышқан мысыққа бір қап тары береді, мысық дәнді тауыққа береді, тауық жұмыртқа береді, мысық жұмыртқаны дүкеншіге береді, дүкенші мысыққа сағыз береді, сағызды мысық қыздарға береді, қуанған қыздар мысыққа су береді, суды мысық ағашқа құяды, шөлі қанған ағаш мысыққа жапырақ береді, жапырақты мысық сиырға береді, сиыр оған сүт береді. Сөйтіп, Мақта қыз сүтін алады, сосын мысықтың құйрығындағы бояуды тазалап береді. Сол кезден бері екуі тату-тәтті өмір сүрген екен.

**Тәрбиеші:** Балалар ертегі кейіпкерлерін жақсы сомдағандарың үшін көп рахмет. Сендерге мына көңілді смайликтерді сыйлаймын.

1. Біз қандай ертегіні сахналадық?
2. Ертегіні сахналаған ұнады ма?
3. Мақта қыз мысыққа неге ауланды?
4. Мысық сүтті қайтару үшін не істеді?
5. Мақта қыз бен мысық татуласты ма?

**Дидактикалық ойын:** «Қимылын көрсет»

**Мақсаты:** айтылған заттардың қимылын көрсету арқылы балалардың ептіліктерін, тапқырлық қасиеттерін дамыту.

**Сергіту сәті:** Құйрығын қуып ойнайды,  
Қума десем қумайды.

Шыр көбелек айналсам,  
Жетемін деп ойлайды.  
Піш-піш десем келе ғой,  
Айтқаным көне ғой.  
Шақырғанда піш-піш деп,  
Мяу деп дыбыс бере ғой.

**Рефлексия:**

1. Бүгін қандай ертегі сахналадыңдар?
2. Бұл ертегіні кім жазған екен?
3. Мысық мақта қызды неге ашуландырды?
4. Мақта қыздың орнында болсаң не істер едің?

Балаларды мақтау, мадақтау.

**№34-тақырып:** «Екі сараң қонжық» венгер халқының ертегісі

**Мақсаты:** Балаларға ертегі оқып, мазмұнын түсіндіру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың іс-әрекеттерін бағалауға үйрету, ойлау, есте сақтау қасиеттерін дамыту, өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** аю, қонжық суреттері, слайд

**Сөздік жұмыс:** қонжық, сараң, аңқау ірімшік

**Билингвалды компонент:** аю-медведь, қонжық-медвежонок, сараң-жадный.

**ҰОҚ кезеңдері:**

Шаттық шеңбері:

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанды ашайық.

Күннің көзін салайық,

Таза ауаны жұтайық.

Жүрекке жылу салайық,

Жиналған жылы шуақты

Достарымызға шашайық! (үрлеу әдісі) (балалар отырады)

1. Бір аптада неше күн бар?
2. Бүгін аптаның нешінші күні?
3. Кеше аптаның нешінші күні болды?
4. Апта күндерін ата?

-Жарайсыңдар, ендеше апта күдеріне арналған санамақ айтайық.

Бір аптаның күндері өтті.

Дүйсенбіде гүлдер ектім,

Сейсенбі де жуа тердім,

Сәрсенбі де суға келдім,  
Бейсенбі де бақша баптап,  
Жұма күні тақпақ жаттап,  
Сенбіде мен киноға барып,  
Жексенбіде бір демалдым.

### **Негізгі бөлім:**

Тәрбиеші: -Балалар біз бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметімізде сендерге бір ертегі айтып беремін. Ертегіні бастамас бұрын мен жұмбақ жасырамын. Осы жұмбақтардың шешуін тапсаңдар ертегі не туралы екенін білесіңдер.

Жұмбақ:

Жеміс-жидек жегенім,

Балды жақсы көремін. Ол не? (аю)

Ал енді мына экрандағы суретке қараңдар. Бұл не?

Аюдың баласын қалай атаймыз?

Дұрыс айтасыңдар. Енді мен сендерге венгер халқының «Екі сараң қонжық» атты ертегісін оқып берейін. Слайдтан аудио жазба арқылы да ертегіні тыңдау. Тәрбиеші балаларға ертегіні үстел -үсті театры арқылы мазмұндап береді. Міне балалар қонжықтар өздерінің аңқаулығынан, сараңдығынан аш қалған екен. Әрқашан бір-біріңмен дос болып, сараң болмай бөлісіп ойнау керек.

1. Балалар ертегі не туралы?
2. Қонжықтар қайда кетті?
3. Аю қонжықтарына қандай ақыл айтты?
4. Қонжықтар жолда не тауып алды?
5. Түлкі қандай іс-әрекет жасады?

**Дидактикалық ойын:** «Қайсысы артық?»

**Мақсаты:** суретте бейнеленген артық заттарды алып тастау, тез ойлау қабілеттерін дамыту.

### **Сергіту сәті:**

Ормандағы аңдар,

Жиналыпты бірге.

Аю келді қорбаңдап,

Түлкі келді бұлаңдап.

Қасқыр қуанып қоянды,

Тап беруге шақ келді.

Екі құлағы қимылдап,

Отыр міне сақ құлақ.

### **Рефлексия:**

1. Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?



2. Қонжықтар қандай деп ойлайсыңдар?
3. Қонжықтардың орнында болсаңдар не істер едіңдер?  
Оқу қызметін қортындылау, балаларды мақтау, мадақтау.

**№35-тақырып:** «Ағаштар неге ашуланды?»

**Мақсаты:** Балаларды Б. Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесімен таныстыра отырып, ағаштар және олардың пайдасы туралы жан-жақты мәлімет беру, көктем мезгілінің ерекшелігін сезіне білуге үйрету, балалардың дүние танымын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Көктем мезгілінің суреттері, орман ағаштарының суреттері, слайд.

**Сөздік жұмыс:** Емен, қайың, шырша

**Билингвалды компонент:** орман ағаштары-лесные деревья,

**ҰОҚ кезеңдері:**

Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып,

Құтты қонақ келіпті

Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой,

Ал, кәнекей бәріміз

Сәлем дейік үлкенге!

1. Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
2. Көктем мезгілінің неше айы бар?
3. Көктем мезгілінің қандай ерекшелігін білесіңдер?

**Негізгі бөлім:**

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Ақ қар еріп, су көбейіп,

Сай-салаға толады.

Ағаш басы бүршік шашып,

Гүл бәйшешек толады,

Бөбектерім айтыңдаршы

Бұл қай кезде болады? (Көктемде)

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар. Балалар тыңдайықшы біздің электронды почтамызға бір хат келіп түсті.

**Тандану сәті:** Интерактивті тақтадан хат көрінеді. Тәрбиеші қуана хабарлап хатты оқиды.

«Сәлеметсіңдер ме менің жас достарым! Сендер орманға келіп, көктемнің тамаша ауасымен тыныстап, бойларыңды сергітіп қайтыңдар. Мен сендерді орманда күтемін, сәлеммен орманшы ата!»

Тәрбиеші: -балалар ендеше орманға саяхатқа барайық, орманға барғанда қауіпсіздік ережесін білеміз бе?

Олай болса жолымызды қысқартып, көңілді баруымыз үшін «Көктем келді» деген әнімізді айтып барайық. Автобуска отырып, әндетіп жолға шығады.

Балалардың алдарынан орманшы атай шығады.

**Орманшы ата:** -Сәлеметсіңдер ме балалар! менің орманыма хош келдіңдер. Балалар амандасады.

-Балалар сендер ормандағы қауіпсіздік ережелерін білесіңдер ме?

Орманның да өз тәртібі бар.

1. Балалардың жауаптары:
2. Орманда от жағуға болмайды.
3. Ағаштарды кесуге болмайды.
4. Табиғатты ластауға болмайды, гүлдерді жұлуға болмайды.

**Орманшы ата:** -Жарайсыңдар балалар! осы тұста мен сендерге Б.

Соқпақбаев атамыздың «Ағаштар неге ашуланды?» деген әңгімесін айтып берейін. Орманшы ата балаларға әңгіме желісін айтып береді.

1. Әңгіме жылдың қай мезгілі туралы айтырған?
2. Алмабек не отырғызды?
3. Алмабек орырғызған ағаштарын күтті ме?
4. Алмабектің орнында болсаң не істер едің?

Жарайсыңдар балалар бүгінгі іс-әрекетке жақсы жауап бердіңдер.

Балалар келіңдер осы әңгімеге байланысты «Жақса мен жаман» ойынын ойнайық.

**Дидактикалық ойын:** «Жақсы мен жаман»

**Мақсаты:** балаларға жақсы мен жаман қасиеттерді айыра білуге үйрету.

Сергіту сәті:

Жайқалады ағаштар,

Бетіме жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үлкен болып өседі. (Қимыл қозғалыс арқылы көрсету.)

**Орманшы ата:** -Сендер маған көтеріңкі көңіл күй сыйладыңдар. Мен сендерге ризашылығымды күлімдеген смайликпен білдіремін. Рахмет сендерге сау болыңдар. Тәрбиеші балалармен бірге автобуска отырып, балабақшаға әндетіп келеді.

**Рефлексия:**

1. Балалар бүгін біз қайда бардық?

2. Қандай қауіпсіздік ережелерін сақтадыңдар?
3. Әңгіме не туралы екен?
4. Алмабектің іс-әрекеті дұрыс па?

Оқу қызметін қортындылау, балаларды мақтау, мадақтау

**№36-тақырып:** «Жыл мезгілдері» ертегісі

**Мақсаты:** Жыл мезгілдерінің өзіндік ерекшелігін айта отырып, ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақ қою арқылы ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, табиғатты аялауға, оған зиян келтірмеуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Жыл мезгілдері суреттері, күн, бұлт, жапырақтар.

**Сөздік жұмыс:** Жыл, мезгіл, ақсақал.

**Билингвалды компонент:** Жыл мезгілдері-времена года, қыс-зима, көктем-весна, жаз-лето, күз-осень.

**ҰОҚ кезеңдері:**

Шаттық шеңбері:

Кел достарым, келіңдер,

Қолдарыңды беріңдер.

Шаттық толы шеңберге,

Қуанышпен еніңдер.

Шақырамын сендерді,

Жолдастарым кел бері

Толтырайық шаттыққа

Дөңгеленген шеңберді.

1. Бір жылда неше мезгіл бар?
2. Қазір жылжың қай мезгілі?
3. Жыл мезгілдерінің ерекшелігін ата?
4. Әр мезгілде неше ай бар?

Негізгі бөлім: Балалар бүгінгі оқу қызметімізді мақал-мәтелмен, тақпақтармен бастайық.

Мақал-мәтел:

1. Ақ қар көп болса - ақ нан көп.
2. Жаз береген - Күз алаған.
3. Қыс қарлата-Дауылдата келсе,  
Көктем көлдете-Жауындата келеді.
4. Қыс құнар береді,

Көктем дән себеді.  
Жаз баптап өсіреді,  
Күз жинап, тереді.

Тамаша балалар, қандай керемет мақал-мәтелдер мен тақпақ. Демек бізге жыл мезгілдерін есімізге салып тұр. Олай болса мен сендерге жыл мезгілдері туралы керемет ертегі айтып беремін.

Тәрбиеші: Ерте, ерте ертеде... деп, ертегіні мәнерлеп оқып береді. (саусақ театры арқылы ертегіні ойнап көрсетуге де болады.)

1. Балалар сендерге ертегі ұнады ма?
2. Ертегі не туралы екен?
3. Бұл ертегіде жағымсыз кейіпкер бар ма?
4. Мезгілдер туралы тағы не білесіңдер?

Балалар сендерге ертегі ұнағанына қуаныштымын. Сендер өздеріңді тамаша ұстадыңдар. Ендеше сендерге бір тапсырмам бар. 1,2,3,4 деп санау арқылы төрт топқа топтасамыз. Әр топ парта үстінде тұрған түстерге байланысты, жыл мезгілінің суретін салады. (Бірінші ақ түс-қыс мезгілі. Екінші жасыл түс-көктем мезгілі. Үшінші қызыл түс-жаз мезгілі. Төртінші қызғылт сары түс-күз мезгілі.)

**Дидактикалық ойын:** «Жер, су, ауа, от»

**Мақсаты:** Допты лақтыру арқылы, жер, су, ауа, от ойыны ойналады.

Балалардың тез ойлап, тез жауап беру қасиеттерін дамыту.

**Сергіту сәті:**

Шөп үстінде жүреміз,  
Сытыр, сытыр, сытыр.  
Тас үстінде жүреміз,  
Тысыр, тысыр, тысыр.  
Шалшық сумен жүреміз,  
Шолп,шолп, шолп.  
Жолдарменен жүреміз,  
Топ, топ, топ.

**Рефлексия:**

1. Қар қалай жауады?
2. Шөппен Гүлдер қалай өседі?
3. Күн қалай шуағын шашады?
4. Күзде жапырақтар қандай болады.

Оқу қызметін қортындылау, балаларды мақтау, мадақтау

## «Қардан жасалған гүл» ертегісі

Ертеде бір қыз болыпты. Ол өте арманшыл болған. Өз қиялында жасап алған үйде мекен етіп, қиялындағы кейіпкерлермен тілдеседі екен. Жер бетіндегі барлық нәрсені аппақ түс сияқты қабылдайтын-ды. Аппақ ақша бұлттар, аппақ қар сияқты барлық адамзат, жер беті тап-таза деп ойлайды. Бір күні қыз әкесі мен анасының бір-бірімен сөйлеспей жүргенін байқап қалыпты. Сірә, ренжісіп қалған-ау. Олар неге ренжіскен екен? Үлкендер кейде солай бір-біріне өкпелеп қалады. Бір-бірінен кешірім сұрай салмай ма?! Біз сөйтеміз ғой...содан кейін ойнап кетеміз ..... Содан, олар татуласып па?

Кішкентай арманшыл қыз ата-анасын қалай татуластырсам екен деп, түнімен терезеден жапалақтап жауған қарға қарап ойланыпты. Сөйтіп жатып ұйықтап кетіпті. Таңертең тұра салып, киімдерін киіп, далаға жүгіріп шығыпты. Дала аппақ қарға ораныпты. Тура өз қиялындағы ертегі патшалығы сияқты. Қыз қарды біраз тамашалап тұрыпты да, дереу жалаң қолдарымен қарды көсіп алып, жентектей жөнеліпті. Анасы қызының бұл қылығына таң қалып, «Қызым-ау, жаурадың ғой. Үйге кірсеңші. Күн жылынған соң бірақ шығып ойна» деп бәйек болады. Қызы анасын естімеген сияқты қарды жентектей береді. Бір кезде қолындағы қарды ала сала әкесіне жүгіріп барады. Әке, әке, қараңызшы, мен қардан гүл жасадым. Өтінем, осы гүлді анама сыйлаңызшы. Қазір қыс, еш жерде гүл өспейді. Қызым-ау, мынау қар ғой... Бұл қар емес, қардан жасалған гүл...жүріңізші, анама сыйлаңызшы. Бұл ғажайып гүл... Қызы табандап тұрып алған соң, әкесі көңілін қимай жентектеліп гүл бейнесіне келтірген қарды алып үйге кіреді. Ал, анама сыйлаңыз, - деп сыбырлайды қызы. Мынау саған...қардан жасалаған гүл...қызымыз жасапты... Әдемі екен... Анасы пештің жанында тұрған. Қолын созып аппақ қар гүлді алды. Жүзіне жылу жүгірді. Адамның қолының табымен үйдегі жылу қар гүлді еріте бастады. Су тамшылай бастайды. Әке, әке, гүлді ұстаңыз. Әйтпесе ол қазір еріп құлап қалады. Міне мен де ұстаймын. Үш алақанға қонған аппақ қар гүлі тез ери бастады. Еріп-еріп жерге тамшылап жатты. Суыққа қызарған алақандар қалды. Қардың суық суы қыздың әкесі мен анасының ренішін жуып кеткен сияқты. Қыз қатты қуанып кетті. Айттым ғой, ол ғажайып гүл деп дейді.

## Ақыл мен Білім (ертегісі)

Ертеде Ақыл мен Білім деген екі дос болған екен. Балалар екеуміздің қайсымызды бірімізді керек етеді екен деп ойланып отырып, олардың ортасына барады. Сонда баланың бірі :

-Мен күнде екілік аламын, ата-анамнан сабақ оқи алмағаным үшін таяқ жеп, бұрышқа тұрамын. Маған керек десең ең бірінші білім керек. Менің басыма кірші, білімді қылшы, - деп жалыныпты. Білім ойланып, баланың

жауабын тыңдаған соң :

-Жарайды егер шешкенің осы болса , -деп баланың басына қонады. Сол күннен бастап әлгі бала сабақтан күнде бестік алып қайтады. Ата-анасы аңтаң. Бұл қалайша болғаны,біздің бала үйде мүлдем кітаптың бетін ашпайды,ал күнделігі төрт пен бес. Мүмкін мұғалімінің түсіндіргенін ұғып,айтатын да болар деген болжам жасайды. Достары да таңғалады. -Қалайша ол күнде екіден көз ашпайтын, енді бестікке қалай қолы оңай жетті?-деген сұраққа жауап таба алмайды. Бала қиналмай бестік алғанына мәз болып жүреді. Күндердің бір күнінде көшеде кетіп бара жатқан балдақты қария аяғы тайып кетіп құлап қалады. Бала оған мән бермей өз бетімен ойнап отыра береді. Ал жанындағы балалар қарияны қоршап көмектесіп жатады. Келесі күннің бірінде бір әжей баланың қасына барып:

-Балам,көзімнің нашар көретіні бар ,мына қолымдағы ақшам алпыс теңгеге жеткілікті ме,санап берші,автобусқа мінуім керек еді,-деген екен. Бала барып әжейдің қолындағы ұсақ теңгелердің ішінен ешбір санамай жүз теңге ұстата салады. Бұл өзінің әжесі еді,немересін сынап,іс-әрекетін байқап жүреді. Содан үйге келгесін кешкісін ұйықтап жатқанда баланың басына қонған Білім Ақылға хабарласып:

-Ақыл,мен шаршадым. Мына бала мені басына қондырып білімін арттырады ма десем,санасыз екен,әр істі оймен,ақылмен шешіп орындамайды екен. Ақымақ баланы ,бірден білімді ете алмаймын. Ол білімге оңайлықпен еңбектенбей қол жеткізе алмайды. Дереу сенің көмегің керек деп хабарласып орын алмастыруға шақырады.Таңертеңгісін бала тамақтанып отырып әдепті сөйлеп,үлкендерге көмектесіп,алғыс сөздер естіпті. Ақылды болып,жұмыстанып ,сонда ғана білімге қол жеткізетінін ұғыныпты. «Ақыл –білімнен жоғары» деген рас екен.

### **«Ғажайып түс» ертегісі**

Бірде Арман түс көреді. Түсінде оның дене мүшелері дауласады. Бас бірінші болып былай дейді:

-Мен бәрін басқарамын, менде көз, ауыз, құлақ, мұрын бар. Мен болмасам, адам ештеңені көрмейді, естімейді, иісті де сезбейді, сөйлей де алмайды, тіпті аштан өлер еді.

-Егер мен болмасам, сені ары-бері, жан-жаққа кім бұрар еді?-деді Мойын.

Осы кезде қызу таласқа Қол араласты:

-Егер мен болмасам, жүк тасу, тамақ дайындау, кір жуу, үтіктеу, жазу, сурет салу, әртүрлі аспапта ойнау да қиынға соғар еді.

Бір кезде Кеуденің де шыдамы таусылып:

-Мен ше?! Егер мен болмасам, адам болар ма едің? Мойын, сен қайда қалар едің? Қол-аяқ, сендер ше?-деді.

-Ал сендер біздің арқамызда мектепке, дүкенге, киноға барасыңдар. Күні бойы жүгіреміз, сонда да рақмет айтпайсыңдар, -деді Аяқ.

Бұл айтыстың қалай аяқталатыны Арманды қатты қызықтырды, бірақ ең шиеленіскен жерінде ол оянып кетті.

Ал сендер қалай ойлайсыңдар? Адамға ең керегі қай мүшесі?

### **«Нан қайдан шығады?» ертегісі М.Етекбаев**

Бір күні тышқан нан дүкеніне кірді. Сөреде жаңа піскен сап - сары бөлкелер үйіліп тұр екен. Піскен нан иісіне қызыққан тышқан тұмсығын жыбыр - жыбыр тартты. Төмендегі бір бөлкені кеміре бастады. Осы кезде күзетші келіп қалды.

Тышқан зып беріп, тысқа атып шықты. Бірақ алысқа ұзамады. «Апырай, қайдан шықты екен осыншама нан. Біліп алып шыққан жеріне, кірсем, ә!» - деп қызығып кетті. Тесіктен сақтана сығалады.

- Нан, нан, сен қайдан шықтың? – деді сыбырлап.

- Сатушыдан сұра, - деді нан.

Тышқан сатушыға келді.

- Сатушы, сатушы, нан қайдан шығады?

- Наубайшыдан сұра, - деді сатушы.

Тышқан тымпындап наубайханаға келді. Мұнда көп адам нан пісіріп жатыр екен.

- Нан қайдан шығады? – деді бір наубайшыға келіп.

- Диірменшіден сұра, - деді Наубайшы.

Тышқан диірменшіге келді. Диірмен тасы тынымсыз шыр-көбелек айналады. Екі адам ұн тартып тұр. Ұн төгіліп аққан бұлақша құйылып жатыр. Көзді ашып - жұмғанша қап - қап ұн дайын болды. Тышқан иненің көзіндей танауын тыржитып, таңдана, қарап тұрды да:

- Диірменші, диірменші, нан қайдан шығады? – деп сұрады.

- Комбайншыдан сұра, - деді қырманшы қарт.

Тышқан далада егін орып жүрген комбайншыға келді. Қалың егін теңіздей толқиды. Комбайн тоқтар емес, ілгерілеп барады. Сабанын бір бөлек, топанын бір бөлек шығарып тастайды. Торсықтай ақ бидайды астауына құйып алып барады. Тышқан шіңкілдеп:

- Комбайншы, комбайншы, нан қайдан шығады? – деп сұрады.

Көктемде, тракторшы жер жыртып, сеялкашы тұқым себеді. Егіншілер оны күтіп баптайды. Көп еңбек сіңіреді. Міне, мынау қалың астық – сол көп еңбектің жемісі. Нан еңбек арқылы табылады, - деді комбайншы.

- Ой, мұның – азап қой. Мен шалқайып жатып - ақ нан таба беремін, - деп қутың - қутың етті тышқан.

- Әне, мысық келе жатыр! – деді комбайншы.

Сол - ақ екен, тышқан бір ескі інге зып берді.

### «Шаруа мен аю» ертегісі(орыс халық ертегісі)

Шаруа шалқан екпекші болып, орманға келіп жер жыртып жүрсе, оған аю жолыға кетеді.

-Ей, шаруа, мен сені құртамын!- дейді аю.

-Мені құрта көрмеші, аюжан, онан да бірігіп шалқан егейік. Шыққан егіннің сабағын түгелдей сен ал, маған түбірін берсең де болады,- дейді шаруа.

-Жарайды, келістік. Бірақ осыдан алдап кететін болсаң, сені орманның маңына жолатпаймын,-деп ескертеді де, аю орманға кіріп жоқ болады.



Шалқан кереметтей ірі болып өседі. Күз түсе шаруа шалқанды қазуға барады. Мұны сезген аю орманнан шыға келіп:

-Кәне, шалқанды бөліске салайық, менің үлесімді бер,- дейді.

Шаруа қарсылық көрсетпей: «Мақұл, аюжан, бөлсек бөлейік, сабағын сен ал, маған түбірі де болады», -дейді. Сөйтіп шаруа жапырақ, сабақтарының бәрін аюға жинап беріп, өзі тиесілі шалқандарды арбаға тиеп, қалаға сатуға алып келе жатады. Осы кезде аю жолығып:

-Қайда кетіп барасың?- деп сұрайды шаруадан.

-Түбірлерімді сатайын деп қалаға кетіп барамын,- дейді ол.

-Кәне, түбірдің дәмін татып көрейінші,- дейді аю. Шаруа шалқан ұсынады. Аю оны апыл-ғұпыл жеп алып:

-А-а! Сен мені алдап соққан екенсің! Түбірдің тәтті екенін айтпадың, енді отын аламын деп орманға жолаушы болма! Маңыма келсең, жарып тастаймын!- деп салады-ай кеп айқайды.



Келесі жылы шаруа дәл сол жерге бидай егеді. Бидай піскен кезде шаруа орауға келсе, дер сәтін күткен аю оны тосып отыр екен.

-Ә-ә... енді алдауыңа көне қоймаспын, кәнеки, менің үлесімді бер,- дейді аю.

-Дегенің-ақ болсын, аюжан, түбірін сен ал, маған сабағы да жетеді, дейді шаруа. Сөйтіп олар бидайды түгел жинап болады. Шаруа түбірдің бәрін аюға беріп, өзі бидай сабақтарын арбаға тиіп алып, үйіне қайтады. Аю ары әуреленіп, бері әуреленіп түбірден еш нәрсе шығара алмай, шаруаға қатты ыза болды.

Міне, содан бері шаруа мен аю араз болып кеткен екен деседі.

### «Көкөністер мен жемістер туралы» ертегісі

**Бақшашы:** Өнім биыл тамаша! Көз тоймайды қараса: Сәбіз, бұршақ, шалқанда, өрік пенен алмұртта, қып - қызыл піскен қызанақ, қырыққабатқа қарашы!-дейді.

Көкөністер бір кезде жиыла қалып дауласты.

**Көкөністер:-** Жиналып қаппыз бәріміз,

Қайсысымыз ең дәмдіміз?

Ішімізден адамға

Тиеді көп пайдамыз?

Мақтаншақ бұршақ ортаға жүгіріп шықты.

**Бұршақ:**

Кішкене түймедеймін мен

Ұнаймын мен бәріне

Дәмді тағамдармен

Сый жасаймын бәріне.

Ызаланғаннан қызылша қып - қызыл болып кетіп, былай дейді:

**Қызылша:**

Мен де бір сөз айтайын.

Мақтанайын сіздерге

Менсіз борщ болмайды

Винегрете үстелде.

Бір кезде сөзге қырыққабат араласты.

**Қырыққабат:**

Мақтанғаннан не пайда?

Менсіз дәмді щи қайда?

Мені қосса самсаға,

Жейді бәрі тамсана.

Жеміс шырыны алмаға тіл бітті.

**Алма:**

Нарттай қызыл алмамын,

Мәз болады алғандар.

Жазда әдемі киінем,

Тілді балдай үйірем.

Өз кезегінде қиярда үндемей тұра алмады.

**Қияр:**

Дәмім тілді үйірген,  
Мен тұздалған күйімде.  
Жаңа піскен кезімде  
Жейді бәрі сүйсіне!

Сөзге шалқан кірісті.

**Шалқан:**

Кім білмейді шалқанды?  
Талайлар маған таңғалды.  
Бәріне сый боламын.  
Тауып көр менен дарханды!

Бойын көтерген сәбізде өз ойын білдірді.

**Сәбіз:**

Кім бар сәбіз шырынын  
Жастайынан ішпеген?  
Мені жеген адамдар  
Кем болмайды күшке де!

Алмұртта өз ойын айтуға тырысты.

**Алмұрт:**

Мен алмұртпын, алмұртпын.  
Күзде жинап алатын,  
Балбыраған біреуін,  
Жесең тойып қалатын

Тындап тұрған қызанақ, шыдап тұра алмады.

**Қызанақ:**

Піскен кезде қызанақ  
Көз тартар қызыл түсімен.  
Бар ма адам сүйсінбей  
Томат шырынын ішпеген?

Бұл кезде пияз қалай шыдасын

**Пияз:**

Боламын мен дәмдеуіш,  
Барлық - барлық тағамға.  
Көкөністер ішінен  
Мен пайдалы адамға.

Өрікке де тіл бітті.

**Өрік:**

Көктемде ерте гүлдеймін,  
Кешігуді білмеймін.  
Уылжыған өрікпін,  
Бау-бақшаға көрікпін.

Бұл сөздер қауын мен қарбызға ұнай қоймады

**Қарбыз:**

Көрсен егер бақшада,

Доп екен деп қалмағын.  
Шөл қандырап қарбызбын,  
Ерте үзіп алмағын.

**Қауын:**

Иісім жұпар аңқыған,  
Бақшадағы шырынмын.  
Жеп көргендер тамсанған,  
Балдай тәтті қауынмын.

Бәрін тыңдаған анар әрі қарай сөз жалғады.

**Анар:**

Мен тәп-тәтті анармын,  
Мен емеспін мақтанар.  
Барлық-барлық адамға,  
Тиер менің көп пайдам!  
Бос айтысты қояйық,  
Дауласуды тоқтатайық.

**Көкөністер:**

Жиналып қаппыз бәріміз,  
Қайсысымыз ең дәмдіміз?  
Ішімізден адамға  
Тиеді көп пайдамыз?

Көкөністе, жемісте,  
Денсаулыққа пайдалы  
Мұны жатқа біліңдер,  
Оларды жақсы көріңдер!

**«Әтеш пен тоты» ертегісі**

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде, аң мен құстардың ішіндегі ең әдемісі, сымбаттысы әтеш болыпты. Сондықтан ол өте тәкаппар екен. Жүріп-тұрса да маңғазданып, сыландай басады екен. Қоқыраяды да жүреді. Бірде-бір аңмен, не құспен сөйлеспейді. Жалғыз серігі тоты құс болыпты. Тоты байғұстың үстінде жібі түзу, жөнді киімі жоқ екен.

Бір күні тоты құс әлгі кербез әтешке келіп:

-Досым, мен бүгін қонаққа бармақ едім. Жөнді киімім де жоқ. Мына түріммен қалай барамын. Мені сенің досың деп білетін ел мазақтайды ғой. Маған үстіндегі әдемі киіміңді бере тұршы, – деп, қиыла жалыныпты.

Әтеш досының сөзіне сеніп, үстіндегі әдемі киімдерінің бәрін шешіп беріпті. Сөйтіп, тоты құс жасанып тұрып киініп алады. Қай мезгілде

келетінін айтады.

-Егер мен кешіксем, дауыстап шақыр. Келмей жатсам, тағы да шақыр, даусыңды естиін, – дейді.

Сөйтіп, тоты құс әсем киініп тойға кетеді. Бірақ ол қайтып оралмайды. Әтеш оны естісін деп, үсті-үстіне шақырады. Ешқандай хабар болмайды.

Содан күні бүгінге дейін әтеш тоты құс пен әдемі киімін іздеп, таң қылаң бергеннен күн батқанға дейін айқайлап шақыра береді екен.

### «Арыстан мен тышқан» ертегісі

Ерте ерте ертеде орман патшасы арыстан тоғайдың қалың беделінде ұйықтап жатады. Бір тышқан ойнақтап, үстінен жорғалап жүргенін сезіпті. Арыстан

ұйқысынан ызаланып оянып, тышқанды ұстап алып, өлтірмекші болғанда тышқан жалбарынып:

- Тақсыр, мені өлтірмеңізші, бір жолға кешіре көріңіз. Бір күні мен де бір қызметіңізге жарармын, - депті.

Арыстан оның сөзіне күліп:

- Сен өзің кішкентай бір тышқансың, менің қандай қызметіме жарамассың, - деп жаны ашып, тышқанды қоя беріпті. Тышқан байғұс қуанып, «арыстан досым», - деп, жүгіріп ойнап кете беріпті.



Күндердің күнінде арыстан жортып ойнап жүріп, аңшылардың құрған тұзағына түсіп қалыпты. Шарқ ұрып тыпырлап, ақырып-бақырып жатса да тұзақтан құтыла алмапты.

Сол жерден өтіп бара жатқан тышқан арыстанның бұл халін көріп, қасына келіп қарап тұрса, сонда арыстан тышқанға қарап:

- Лажың бар ма бұған қылар? – депті. Тышқан дереу тістерімен тұзақтың жіптерін кеміріп қиып кеп жіберіп, арыстанды тұзақтан құтқарыпты.

Тышқан арыстанға:

- Мені кішкентайсың, - деп мән бермеуші едің. Міне сені бір ажалдан алып

қалдым, - депті. Осылайша арыстан жасалған жақсылықтың қайтарымы болатынын жақсы түсініпті.

### «Қасқыр мен ит» ертегісі Ш.Күмісбайұлы

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы бөртеде, бір шаруа өмір сүріпті. Оның күшік күнінен өсірген жалғыз иті бар екен. Шаруа шалғымен шөп шауып, қой бағып күнелтіпті. Ол ертеңгісін ерте тұрып қырға қой бағуға кетердің алдында, үйін, қора-қопсысын күзетуді итіне тапсырады екен. Иті де өз міндетіне ұқыпты қарап, үй маңына ешкімді жолатпапты. Шаруа жұмыстан келгенінде итін еркелетіп, басынан сипап:

Итім, итім, итім-ай,

Түн үресің бір тынбай

Қожайынға адалсың,

Жақсы көрем ырысымдай,

Қамқорым да өзіңсің,

Үйімдегі көзімсің.

Қожайының демалып,

Бірер уақыт көз ілсін, – деп, үйіне кіріп демалады екен. Осыны көптен сырттай бақылап жүрген бір көкжал қасқыр итті қожайынға мазақ етпек болып айлаға көшеді. Оның, бір дамылдаған сәтін пайдаланып, қорадағы қозыға түспекке ыңғайланады. Бір күні түнгі күзеттен шаршап, күншуақта бойы жылып, мызғып кеткен иттің мұрнына жағымсыз иіс келеді де, ұйқысынан шошып оянады. Жан ұшырып қораны айналса, күні бұрын қазылған ін арқылы қасқыр:

Жылы-жұмсақ қозылар,

Етің дәмді дертке нәр.

Бір қолыма түсерсің,

Қарнымда жатып пісерсің, –деп, сілекейін шұбыртып қораға еніп бара жатыр екен.

– Әй, көкжал, тоқта! – дейді жүнін тікірейткен ит.

– Қазір «аттандап» үрсем, қожайыным оянады да, мылтығымен сені атып салады. Саған анау даланың толып жатқан қоян-түлкісі жетпеді ме? Нең бар мұнда?

– Ет тәттілігін қойса, мен жегенімді қоямын, – дейді қасқыр гүр етіп.

– Қазір мен сенің қармағыңа түстім. Не істесең де қолыңдамын. Бірақ мен бір нәрсеге түсінбеймін. Қожайыныңа құйрығыңды бұлғандатып, оған адал қызмет еткенде, ішіп-жейтінің қалған-құтқан бірдеңелер. Өзіңді аямайсың ба? Түнімен ұйқы көрмей, шәуілдеп үрумен боласың. Иең ашуланса, бұрышта бүк түсіп, ішің бұратылып аш жатасың. Анау сала құлаш шынжырың мойныңды ауыртады. Сені осыншама бейнетке салатындай адамның қандай құдіреті бар? Мен сияқты берсе – қолынан, бермесе – жолынан деп, жұлып жеп күнелтпейсің бе? Өзің туыссың. Бірге өмір сүрейік.

Ит ойланған кейіп танытады. Қасқырдың көзі оттай жанып, ішінен: «Әп, бәлем, қармағыма түстің бе? Қарным ашқан күні бір-ақ бүктеп, тарамыс-тарамыс етінді талшық етсем», – деп зымияндана қарайды.

– Ау, Қасеке, мына сауалыңа мен жауап берейін, – дейді ит әңгімені ұзаққа созғысы келіп. – Туыс екеніміз рас. Енемнен туып, көзімді ашпай тұрғанда, осы адам мені есігінің көзіне жатқызыпты. Қашып кетер қауқар қайда? Әттең, сол кезде өзіңе кездесем ғой. Бірге ілесіп жүре беретін едім. Сонан соң көзімді ашып, еңсемді көтерген кезде, темір шынжырлы қарғыбау мойныма ілінді. Қайтіп құтыласың? Қараптан-қарап аштан өлесің бе? Қораны айналып, қой күзеткен болып үрдім келіп. Сонда өзің маңайыма жақындамадың да ғой. Алыстан қарап, менсінбедің мені. Амалсыздан үйдің күзетшісі атандым.

Қасқыр мына сөзге мәз болып қалды. Шоқиып отырған күйі мақтана жөнелді.

– Әй, туысым-ай, ол кезде сені көрдім дейсің бе? Әйтпесе бөлтіріктеріме ертіп жүріп, аңға салатын едім. Алтайдың қызыл түлкісінің терісін паршалатып, етін жегізер едім. Құм қоянының сужүректігін білмейсің ғой. Түрінді көрсе, көзі бадырайып, алдына жата қалар еді. Бойың жазылып, мына мен сияқты елік атаулыны қадам бастырмас едің. Алты қырдың астындағыны сезер ақылды болуың ғажап емес. Жауыңа кекті, жорыққа мойымас едің.

Сол сәт қора ішіндегі қозылардың у-шу үнін естіп, сілекейі шұбырған қасқыр сөзінен жаңылады. Ит асықпайды, оны тағы да әңгімеге тартады. – Ау, Қасеке, сіздің мінезіңізде мен түсінбейтін ғажап бір қасиет бар, – дейді қасқырды мақтап.

– Ол қандай қасиет? – Қасқыр ырза боп, тісін сақылдатты. – Әй, Итім-ай, туыстықты қадірлейтінің білініп тұр. Менің ішкі сырыма үңілген сияқтысың ғой.

– Қасеке, ол қасиетіңіз өзгенің де, мәселен, біздің де қамымызды ойлайтындығыңыз. Қазір ғой, мына қораға кіресіз де, мен сияқты өзіме ғана жетеді деп бір қойды теңдеп әкетпейсіз, түгел жусатасыз да саласыз. Өлексені адам атаулы жемейді. «Арамдалды» деп отар маңынан аулақтау жерге тастайды. Ертелі-кеш тамағыңыз дайын. Осындай ғажап мінезіңізге таңмын, – деп ит бір тоқтады.

– Тауып айттың, Итім, бұл қасиетті үйрену үшін талай ақыл керек. Бабаларымыз: «Ақылмен жесең – асап жейсің, ақылсыз жесең – аз-ақ жейсің» деп айтып кетіпті ғой, – дейді қасқыр.

– Осы, Қасеке, аң атаулы ақыл жағынан сізге тең келмейді. Түйе үлкен болғанымен, оның түймедей ойы жоқ. Сіз оның шөгіп жатқан сәтін аңдып, өркешінен бір аттап кетсеңіз, орнынан тұра алмай қалады. Шамасы, жүрегі жарылып кететін болар. Жылқы атаулыны атама, ақымақ мал ғой. Құйрығынан жабыссаңыз, біткені, шірене тартып, жібере салғаныңызда, өзінен-өзі омақаса құлайды.

Арыстан мен жолбарыс күптілігіне, сілеусін шапшаңдығына сенеді. Түлкі тышқан аулағанға мәз. Шибөрі ініңіз қойдың майлы құйрығын сорғанын мақтан етеді. — Әрине, әрине! — деп қостады қасқыр мәз болып.

— Қасеке, осы сіз қойшыдан қорықпайсыз ба? — деді ит сыр тартып.  
— Әй, бауырым-ай, біздің туыстардың «Өгізді қойшы — өлген қойшы, жеп болғанда көрген қойшы. Түйелі қойшы — тұрған қойшы. Жаяу қойшы — көңілі қаяу қойшы», — деп айтқандарын естімеп пе едің? Жалғыз-жарым айдалада кездессінші, екі-үшеуіміз жан-жағынан қарды боратып берейік. Сабазың есі шығып, қойды тастай қашады.

— Адамнан да қорықпайтын жүрек жұтқан ағайынсың ғой. Бізге ондай батырлық қайда? Рас, басқа түссе, қоянын аулап, түлкісін қырармыз. Сіз сияқты ін де қазармыз-ау, бірақ ол бізге ақпанның ақырған аязында пана болмайды ғой. Қарғыс атқыр аңшы атаулы жүйрік атқа мініп, шошақ мылтығын асынып, ойда жоқта кездесе қалса, саудамыздың біткені. Менен сорлы жоқ шығар бұл дүниеде, — деді де, ит ұлып жата кетті. Мұнысы — иесіне берген белгісі еді.

— Айтпақшы, Қасеке, ұлу демекші, осы сіздер туыстарыңызды қалай ғана іздеп таба қоясыздар, — деді ит кенет басын көтеріп.

— Ұлудың да неше түрі бар-ау. Әлдеқалай олжа кездесіп, жалғыз шамаң, келмесе, ұлымағанда қайтесің. Қазір «У-у-у» дейінші, туыс атаулы жан-жақтан сабылып жетеді. Бірақ оңай олжаға оларды ортақ қылып нем бар, — дейді қасқыр бөсіп.

— Онда мен сенен қалмаймын, — дейді ит. — Туып-өскен жерінді қимайды екенсің. Қоштасып кетейін. Көзімді ашып, күнде майлы жуынды ішкен жерім қош, у-у! Қарғы бау тағынып, шынжыр сүйретіп күзеткен қорам, қош, у-у! Тамақ бермей, таяқпен басыма ұрған қожайыным қош, у-у!

Қасқыр мәз болып, ішек-сілесі қатқанша күледі. Итінің ауық-ауық ұлығанынан оянып кеткен қожайын қолына мылтығын алып, қораны айналады. Ұлып отырған итінің жанындағы қасқырды атып алады. Ақылды ит қасқырды осылай қолға түсіреді.

### «Қолғап» ертегісі

Ертеде бір атай күшігімен орманға келе жатса, қолына киетін қолғабының біреуін түсіріп алыпты. Оны көрген тышқан қолғаптың ішіне кіріп алып: «Мен енді осында тұрамын» — депті.

Одан кейін бақа секіріп келіп: Мына қолғапта қайсысың тұрасың?, — депті.

**Тышқан:** Мен шикылдауық тышқанмын, Ал сен кімсің? — деп сұрапты.

**Бақа:** Мен бақылдауық бақамын мені кіргізші? — депті.

**Тышқан:** Кел,- депті.

Сөйтіп, олар қолғаптың ішінде екеу болыпты. Міне, Қоянда жүгіріп келіп, қолғапқа жақындап: «Мына қолғапта қайсысың тұрсың?», — депті. **Тышқан, бақа:** Шықылдауық тышқанмын, бақылдауық бақамын. Ал сен қайсы жануарсың?-деп сұрапты.

**Қоян:** Мен желаяқ Қоянмын. Мені де кіргізіндерші?-депті.

**Олар:** Кел - депті.

Сөйтіп олар үшеу болыпты.

Одан кейін түлкі келіп: Мына қолғапта қайсысың тұрасың? — депті.

**Олар:** Шықылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын, желаяқ Қоянмын. Ал сен өзің қай жануарсың?— депті.

**Түлкі:** Мен әпкелеріңмін. Кіргізіндерші мені де — депті.

**Олар:** Жарайды, кел — депті.

Сөйтіп, қасқырда келіпті: Мына қолғапта қайсың тұрасың? — депті.

**Олар:** Шықылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын, желаяқ Қоянмын, мен Түлкімін. Ал сен өзің қай жануарсың? — депті.

**Қасқыр:** Ал мен қасқыр ағаларыңмын, кіргізіндерші мені де, — депті.

Сөйтіп қолғапқа бесеуі де сыйып кетіпті. «Хро - хро - хро», — деп қабан жүгіріп келіпті:

Мына қолғапта қайсысың тұрасың?, — депті.

**Олар:** Шықылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын, желаяқ Қоянмын, мен Түлкімін, ал мен Қасқырмын. Ал сен өзің қай жануарсың? — депті.

**Қабан:** Мен Қабанмын, мені де кігізіндерші, — депті.

**Олар:** Сен мұнда қалай кіресің, — дейді.

**Қабан:** Мен кіре аламын, жіберсеңдер, — депті.

**Олар:** Жарайды, кіре ғой — депті. Сөйтіп олар алтау болыпты. Қолғаптың іші тар болыпты.

Сөйтіп отырғанда Аю келіп: Мына қолғапта қайсың тұрасың? — депті.

**Олар:** Шықылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын, желаяқ Қоянмын, мен Түлкімін, ал мен Қасқырмын. Мен қабанмын. Ал сен өзің қай жануарсың? — депті.

**Аю:** Қалай көпсіңдер, мені де кіргізіндерші? — депті.

**Олар:** Қалай кіргіземіз, өзі іші тар боп тұрса?»

**Аю:** Қалай болса да сыямыз? — депті.

**Олар:** Жарайды, кел жанымызға,-дейді.

Сөйтіп аюда сыйып жетеу болыпты. Қолғаптың іші тар, міне жарылайын деп тұрғандай. Бір кезде ата өзінің қолғабының жоқ екенін байқап қалады. Сөйтіп қайта кері қарай жүреді, ал иті болса алға қарай жүгіріп кетеді. Жүгіріп келе жатып, қолғапты көреді. Қолғап қозғалып жатыр.

Ит сонда: «әуп-әуп-әуп», — деп үреді. Қолғап ішіндегі жануарлар қорқып, барлығы жан-жаққа қашып кетеді. Атай өз қолғабын көріп алып кетті.



### «Мысық, әтеш және түлкі»ертегісі

Ертеде әтеш пен мысық болыпты. Бір күні мысық орманға кетерде, әтешке ескертеді:

«Терезеден қарама түлкі сені көріп, үйіне алып кетеді». Түлкі мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады:

Әтеш, Әтеш

Алтын айдарлы,

Терезеге қарашы,

Бұршақ саған берем.

Әтеш шыдай алмай – терезеден басын шығарады. Түлкі бас салады, осы кезде Әтеш айқайлап досын шақырады:

Мысық, досым,

Түлкі мені алыс орманға алып кетпек!

Көмектесші!

Мысық әлі алыс кетпеген екен, досының дауысын естіп, қайта оралып келіп Әтешті құтқарады.

Екінші күні мысық тағы кетеді. Түлкі мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады:

Әтеш, Әтеш

Алтын айдарлы,

Терезеге қарашы,

Бұршақ саған берем.

Әтеш шыдай алмай – терезеден басын шығарады. Түлкі бас салады, осы кезде Әтеш айқайлап досын шақырады:

Мысық, досым

Түлкі мені алыс орманға алып кетпек!

Көмектесші!

Мысық әлі алыс кетпеген екен, досының дауысын естіп, қайта оралып келіп Әтешті құтқарады.

Үшінші күні Мысық Әтешке:

-Мен бүгін өте алысқа кетемін, сенің даусыңды естімеймін. Түлкіге алданып қалма. Түлкі Мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады:

Әтеш, Әтеш

Алтын айдарлы,

Терезеге қарашы,

Бұршақ саған берем.

Әтеш шыдай алмай терезеден басын шығарады. Түлкі Әтешті бас салады да алып кетеді.

Мысық үйіне қайтып келсе, Әтеш жоқ. Мысық досын іздеуге шығады. Қалып орманда Түлкінін үйіне келіп, өлең айтады. Түлкі өленді тыңдап қалғанда Әтеш «кукареку», -деп айқайлайды. Мысық Әтешті алып, үйіне қайтады. Осылай достар бірге болады.

### «Түлкі мен тырна» ертегісі

Ерте, ерте, ертеде түлкі мен тырна дос болыпты. Түлкі бір күні тырнаны қонаққа шақырыпты.

-Тырна, маған қонақ болып кет,-дейді.

Тырна белгіленген уақытта келді.

-Кел, тырна, кел! Сені көргеніме қуаныштымын!

Түлкі тамақты екеуіне де тәрелкеге салды.

-Же, тырна достым, же, ұялма!,-дейді.

Тырна қанша тырысса да, түлкінің берген тамағын жей алмады. Ұзын тұмсығымен тәрелкені ары тоқылдатып, бері тоқылдатып, тамақты татып та көрмеді. Түлкі өзінің тәрелкесіндегіні тілімен жалап жеп қойды да тырнаға айтты.

-Кешір, тырнажан, саған беретін басқа менде ешнәрсе жоқ,-дейді.

-Жарайды, сен де маған қонаққа кел — деді тырна.

Келесі түлкі тырнаға қонаққа келді.

-Амансың ба, тырнажан! Жағдайың қалай? Бәрі жақсы ма?,-дейді түлкі. - Қайырлы күн, түлкішек! Сені күтіп отырмын.

Тырна түлкіні үйіне кіргізіп, үстелдің үстінде сұйық тамақ құйылған биік, жіңішке құмыраны беріп:

-Же, түлкіжан, же, ұялма! Шамам келгенше дәмді дайындауға тырыстым.

Түлкі құмыраның ар жағына бір, бер жағына бір шығады, ал құмыраның мойыны жіп-жіңішке, ұзын. Түлкінің тұмсығы ең болмаса тілімен жалауға да жетпеді. Ал тырна тамақты ұзын тұмсығымен ішіп жатып, түлкіге қулана қарап қояды.

-Түлкі, сен неге ішпейсің? Менің тамағым ұнамай ма?,-дейді тырна.

Түлкінің көңіл-күйі түсіп, қоштаспастан есікті қатты жауып, шығып кетті. Ал тырна болса қанатын қағып қала берді. Содан бері тырна мен түлкі дос болмайтын болды.

### «Алтын сақа» ертегісі

Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, зарыға жүріп перзентті болыпты. Бай бір күні жылқысын суара көлге келсе, көлдің ішінде бір қып-қызыл өкпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары

көлдегі жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға жуымайды. Әлгі жерде бай жылқыларын қанша айдаса да суға жаба алмайды. Сол кезде бай тұрып, судағы жүзіп жүрген өкпені құрықпен түртіп көреді. Өкпе суға батып кетіп, әлден уақыттан соң жалмауыз кемпір болып судан шығады да байдың жағасынан ала кетеді. Бай көзі алақандай болып, қорқып кетеді. Бай жалмауыз кемпірге:

- Ат басындай алтын берейін, қоя бер, – дейді. Жалмауыз кемпір жібермейді.  
- Осы жылқыларымның бәрін берейін, қоя бер, – дейді. Кемпір көнбейді.

Кемпірден сасып: Енді не берейін? – дейді бай. Кемпір:

-Жалғыз балаңды бер, жіберейін,– дейді. Бай жалғыз баласын бермек болады, кемпір байды қоя береді. Кемпір байға:

-Балаңды қай жерде бересің? – дейді. Сонда бай:

-Ертең көшемін, сонда баламның алтын сақасын жұртқа тастап кетейін, сен жұртта сол сақаның жанында отырасың, – дейді.

Сонымен бай жалмауыз кемпірге уәдесін беріп, жылқыларын айдап, кетіп қалады. Ертеңінде көшеді, жалғыз баласының алтын сақасын ұмыттырып, жұртқа тастап кетеді. Ауыл жаңа қонысқа көшіп барады. Асық ойнайын десе, сақасы жоқ, бала алтын сақасын жоқтап, жылайды.

Сонда әкесі:

-Кеше көшіп жүргенде, жұртта қалыпты. Барып алып келе ғой,– дейді. Бала бармақшы болады да әкесінен:

-Әке, қандай тайға мініп барайын? – деп сұрайды.

-Жылқышыдан сұрап мін, – дейді бай.

Жылқышы балаға:

-Құрығынды құлдыратып, жүгеніңді сылдыратып, жылқыға бар. Қай тай бетіне қараса, соны мін, – дейді. Бала құрығын құлдыратып, жүгенін сылдыратып, жылқыға келсе, шеттегі бір қотыр тай балаға қарай қалады. Бала сол қотыр тайды ұстайды да жүгендейді. Жүгендегенде тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда, құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала үстіне қарғып мінгенде, тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жұртқа жетіп келеді. Жұртқа келсе, алтын сақасы ошақ басындағы тезек түбінде жатыр екен. Сақа жанында бір кемпір отыр екен. Бала кемпірге:

-Шеше, анау жатқан сақамды алып берші! – дейді.

Сонда кемпір:

- Шырағым, өзің түсіп ал. Кәріліктен отырсам -тұра алмаймын, тұрсам - отыра алмаймын, – дейді.

Сонда бала:

- Мен жастықтан түссем - міне алмаймын, мінсем - түсе алмаймын, – дейді.

Сонда баланың тайы сақаның жанына жата қалады. Бала үзеңгіден аяғын суырмай, сақаны іліп алады. Тай тұра қашады. Жалмауыз кемпір тұра қуады. Бала қашып келеді. Әрі-бері қуып жете алмайтын болған соң, кемпір

бір тісін жұлып алып, атып жібергенде, тайдың бір аяғын жұлып түсіреді. Тай үш аяғымен қашып, жеткізбейді. Кемпір тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғы жұлынып түседі. Тай екі аяғымен шауып бара жатып, жолында бір бәйтерекке кез болады. Тай әлсірейін дейді. Терек жанына бара бергенде, бала тайынан секіріп түсіп, бәйтеректің басына шығып кетеді. Жалмауыз кемпір бәйтеректің түбін кешке дейін қазады. Бір кезде бір қызыл түлкі келеді де кемпірге:

-Шеше, шаршаған екенсің, мен қаза тұрайын, сен ұйықтап демал, – дейді. Кемпір жатады. Түлкі тісті суға атады да қазған шұқырды қайта бітеп, өзі кетіп қалады. Кемпір тұра келсе, тісі де жоқ, түлкі де жоқ. Кемпір тағы бір тісін суырып алып, кетпен қылып, бәйтеректі қаза береді. Бір уақытта тағы да бір түлкі келіп:

-Шеше, кетпеніңді маған бере тұр, сен шаршаған шығарсың, мен қазайын, – дейді. Сонда жалмауыз кемпір:

-Сен кетпенімді алып қашып кетесің, – дейді.

Сонда түлкі:

-Ол қырдың қызыл түлкісі, мен сайдың ақ түлкісімін. Баяғыда бұл баланың әкесі аң аулап жүргенде, мені қуып, соға жаздаған болатын. Сондықтан бұл балада менің кегім бар, – дейді. Жалмауыз кемпір түлкінің сөзіне сеніп, тағы да кетпенді түлкіге беріп, өзі ұйқыға кіріседі. Түлкі тағы да кетпенін суға лақтырып жібереді де шұқырды бітеп, өзі қашып кетеді. Кемпір тұрса, тағы да кетпені де жоқ, түлкі де жоқ. «Алда, ойбай-ай, алдаған екен ғой» деп, тағы да бір тісін суырып кетпен қылып, бәйтеректің түбін қаза береді. Сонда кемпір аузын ашса, бір-ақ тісі қалыпты. Кемпір бәйтеректің түбін қаза-қаза құлатуға жақындайды. Бір заманда баланың төбесінен бір топ қарға өтеді.

Бала қарғаға:

-Ау, қарғалар, қарғалар, қанатымен жорғалар. Жайлаудағы бес төбетіме хабар айта кет, мені жалмауыз кемпірден арашалап алсын, – дейді.

Сонда қарғалар «қарқ-қарқ» етіп ұшып кетеді. Бір мезгілде үйректер төбеден ұшып өтеді, бала оларға да айтады. Олар да үндемей ұшып кете береді. Бір мезгілде бір қарлығаш бәйтеректің төбесінен әрлі-берлі ұшып жүреді де баланың төбесіне келіп қонады. Бала жылап тұрып, бұған да тапсырады. Бұрын бала қыстауындағы ұя салған қарлығаштың балапандарына тимей, бұларды жақсылап өсіріп, ұшырып жібереді екен. Сондықтан бала қарлығашпен дос екен. Сонымен, қарлығаш баланың төбеттеріне тапсырғанын айтып барады. «Осындай пәлен жердегі бәйтеректің басында бала тұр, бәйтеректің түбін жалмауыз кемпір қазып жақындатқан, енді құлатуға таяу тұр», – дейді, қарлығаш баланың төбеттеріне. Мұны естіген соң төбеттер шапқаннан шауып отырып, бәйтерекке келеді. Сол кезде бәйтерек те жерге құлайды. Баланың төбеттері жалмауыз кемпірдің қолын қол, бұтын бұт қылып, жүн-жүнін шығарып, талап тастайды.

Бала төбеттеріне кезек-кезек мініп, еліне аман-сау жетеді. Бала жалмауыздан аман-сау құтылып келгеніне әке-шешесі қатты қуанып, ел-жұртын жиып, үлкен той қылады. Бұдан былай неше күндер өткен соң, баяғы жалмауыз кемпірдің қызы құлаған бәйтеректің жанына келеді. Келсе, шешесінің жүн-жүні шығып, өліп қалғанын көреді. Кім өлтіргенін білу үшін сол жерде қарап жүрсе, иттердің ізі көрінеді. Мұнан соң қыз иттердің ізіне түсіп келе жатса, көп жылқыға кез болады. Енді ауыл жақын екенін біліп, ол жүріп келе жатады. Иттердің ізі түп-тура байдың қотанына алып барады. Бұл кезде қотанға баяғы жалмауыз кемпірдің қызының келгенін біліп, бес төбет жалма-жан тұра ұмтылады, қыз кемпірдей емес, өте-күшті екен, бес төбетке бой бермейді. Сол арада бала садақпен атып, қыздың көзін шығарады, садақпен екінші атқанда, қызды өлтіреді.

Сөйтіп, жалмауыздан мәңгі құтылады.

### «Бес ешкі» ертегісі

Ертеде бір кедей болыпты. Оның бес ешкі, бір қара тоқтысы және бір құла аты болыпты. Кедей ешкілері мен тоқтысын байдың қойына, атын байдың жылқысына қосады екен.

Бір күні азынап тұрған боранда бай бес ешкі мен қара тоқтыны, құла атты өз малынан бөліп, елсіз-күнсіз айдалаға айдап жібереді. Ұли соққан боран, үскірік аяздан бүрсең қаққан бес ешкі бір тасқа келіп ықтайды да тас жарғанның бүршігін күрт-күрт шайнап тұра береді. Қара тоқты бишара оларға ере алмай, «Енді өлдім-ау» деп, маңырап тұрғанда, тап қасынан бір түп көкпек көрініпті. Көкпектің түбіне келіп, теуіп-теуіп кеңейтіп, бүрлерін бырт-бырт шайнап, жата беріпті.

Жал-құйрығына қар қатқан,

Қабағын қалың мұз жапқан,

Әрлі-берлі көп шапқан құла ат қамыстың арасындағы бетін көбік қар жауып қалған бір құдыққа күмп етіп, түсіп кетіпті.

Оқыранып, осқырынып,

Қайшылап тігіп құлағын,

Жұлып жеп ернеу құрағын, күрт-күрт шайнап, о да тұра беріпті.

Сөйтіп, кедейдің бар малы ақ боранның астында, қараңғы түнде айдалада қалыпты.

Боранмен бірге құтырып, араны ашылған аш қасқыр жем іздеп келе жатып, қара тоқтының дәл үстінен түсіпті.

-Қара тоқты, қара тоқты, сені жеймін! – депті қасқыр.

-Ағатай, ағатай, мені жеме, ана жерде бес ешкі тұр, соны же, – депті тоқты.

-Жарайды, – депті де қасқыр аузын ақсита түсіп, бес ешкіге жетіп келіпті.

- Бес ешкі, бес ешкі, мен сендерді жеймін!

-Қасеке, қасеке, бізді жеме, ана жерде жалы құлағынан асқан құла ат құдыққа түсіп жатыр, соны же, – депті бес ешкі.

-Жарайды, – депті де қасқыр құлағын тікірейтіп, арқа жүнін сыртқа теуіп, құла атқа келіпті.

-Құла ат, құла ат, мен сені жеймін! – депті қасқыр.

-Сен қасқыр едің, мен ат едім. Ең болмаса, мені мына құдықтан шығарып алып, батпағымды тазарт, артыма шығып отыр да бір аят оқы, сонан соң же. Онсыз да өлгелі жатырмын ғой, – депті құла ат.

-Жарайды, – деп, қасқыр құла аттың құйрығынан мықтап тістейді де құдықтан шығарып алады. Аяғымен тырналап, батпағын тазалайды.

-Енді әрі қарап тұр да иманыңды айта бер. Мен Құранды келістіріп оқимын да келістіріп тұрып сені жеймін, – депті қасқыр.

Құла ат құлағын жымырып, артқы аяғын бауырына алыңқырап, тұра беріпті.

Иен дала, айсыз түн, азынаған боранда өзімнен басқа батыр жоқ деп даңғойсыған бөрі құла аттың артына шығып, шоқиып отырады да молдаларға ұқсап, екі көзін шарт жұмып, өзінше әндетіп, ұли бастайды.

Аңдып тұрған құла ат қырындай түсіп, көз тастап, артқы аяғымен дәлдеп тұрып қасқырдың шықшытынан періп кеп қалады. Шықшыты сынып, екі көзі алдына ағып түскен қасқыр қылжиып жатып ұлиды:

Қара тоқтыны жемеген,

Қобылан басым-ау, у... у...

Бес ешкіні жемеген,

Бағлан басым-ау, у... у...

Құла атты құдықтан суырып алған,

Палуан басым-ау, у... у...

Артына шығып, Құран оқып,

Көз жұмар молда ма едім? Ау... у...–

Осыны айтады да, қылжиып жатып өледі.

Ертеңіне таң атып, боран басылған соң, кедей бір төбенің басына келіп, былай деп, малдарын шақырыпты:

Қой баласы қоңырым,

Ұя бұзбас момыным,

Шопан ата түлігі ,

Қошақаным, қайдасың?

Пұшайт! Пұшайт!

Жүнін жұлса бақырған,

Ешкі атасын шақырған.

Өрісте өскен жануар

Шөкетайым, қайдасың?

Шөре!Шөре!

Жолға шықсам – көлігім,

Жапанда жүрсем – серігім,

Қамбар ата өсірген,

Құла атым менің, қайдасың?  
Құрау!Құрау!

Бұл дауысты естіген соң, құла аты қар бұзып, бес ешкі шұбап жол салып, қара тоқтыны сондарынан ертіп, аман-есен иелерін тауыпты. Кедей малдарын әкеледі де жылы қораға кіргізіп, астарына жайлап көң төсейді, пішен мен жемге тойғызады. Олардың көрген-білгендерін сұрайды да әңгімеге әбден қанып алған соң:

-Сен неге басыңды сауғалап, бес ешкіні саудаға салдың? – деп, қара тоқтыға кінә қойыпты.

- Мүйізім болса өскен жоқ, буыным болса қатқан жоқ, өзім жалғыз әрі әлім келмейтін болған соң, солардан бір зауал болар деп, бес ешкіге жіберіп едім – деп, жауап беріпті қара тоқты.

-Сендер неге өз бастарыңды сауғалап, құла аттың басын саудаладыңдар? – депті бес ешкіге.

-Сіздің құла атпен талай рет қасқыр соққаныңызды білеміз. Сондықтан “ер қанаты - ат” еді ғой, бір зауал содан болар деп едік. Онымыз дәл келді, әйтпегенде, аш қасқыр бәрімізді де жеп қоятын еді, – депті ешкілер.

### «Қойшы, түлкі, аю» ертегісі

Бір қойшы қой бағып жүрсе, бір түлкіні бір аю қуып келеді екен, ол бір тамға келіп кіреді. Аю да кірейін дегенде, тамның тар тесігіне кеудесі сыйып, бөксесі сыймай кептеліп қалады. Түлкі тамның бір кішкентай тесігінен жалт етіп шығып, айналып тесікке келеді де тесіктен не әрі кетпей, не қайта шыға алмай, ілініп жатқан аюдың артынан келіп, мазақтап, аюға сарып кетеді. Оны қойшы көріп тұрады. Аю әрең деп қайта шығып, жан-жағына қаранып, қойшыға келеді.

-Е, сен не көрдің? – дейді аю қойшыға. Қойшы:

-Мен не көрейін?.. Бір аюға бір түлкі сарып кетті. Соны ғана көрдім,—дейді. Аю ашуланып:

- Егер де осыны біреуге айтсаң, сені жеп қоямын! – дейді.

Қойшы:

- Ойбай, ендеше айтпаймын?! – дейді.

-Жарайды. Әйтеуір айтсаң, өлесің! – деп, аю кетіп қалады. Кешке ауылға келген соң, қойшы мұны ауылдағыларға айтады. Ауылдағы бала-шаға мұны өлең қылып айтып, ойнап жүреді. Мұны аю естіп, ыза болып, ертеңіне қой жайып тұрған қойшыға келіп:

- Е,сенің «тірі жанға айтпаймын» дегенің қайда? Енді сені жеймін! – дейді.

Қойшы жылап:

-Үш күнге рұқсат бер, үй ішіммен, ағайын-туысқандарыммен қоштасып келейін! – дейді.

- Жарайды. Үш күнге рұқсат бердім, – деп, аю кетіп қалады. Қойшы далада жылап отырса, түлкі келеді:

- Е, қойшым, неге жылап отырсың? – дейді.

Қойшы:

- Ойбай, осылай да осылай, бәрі сенің кесірің! Енді өлетін болдым, – дейді.

Түлкі:

-Ойбай, үндеме, аюдан құтылудың амалын мен табайын! Не бересің? – дейді.

Қойшы қуанып:

Ойбай, не қаласаң, соны берейін!–дейді.

Түлкі:

- Маған бір бүйрегінді бер, – дейді.

- Берейін, – дейді қойшы.

Түлкі айтады:

Ауылыңа бар да бір үлкен қап әкел! Аю келгенде, анау жерде шаңды бұрқыратып мен жүрейін. Аю сұрар: «Анау не?» – деп, сонда сен: «Ол ханның баласы. Қатыны аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр», – де аю қорқып: «Ойбай, ендеше мені жасыр. Қайда тығыламын?»—дер, сонда сен: «Мына үлкен қапқа тығыл», – деп, қапқа тығып, қаптың аузын мықтап байла да шоқпармен ұрып өлтір!

Екеуі осыған уәделеседі. Түлкі кетеді. Келем деген күні аю келеді. Аю қойшымен сөйлесіп:

-Енді жеймін! – деп тұрғанда, алыстан бұрқылдаған шаңды көреді.

-Қойшы, анау не? – деп сұрайды аю.

Қойшы:

-Ол - ханның баласы. Қатыны аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр! – дейді.

-Ойбай, қойшы, мені жасыра гөр! Қайда тығылам? – деп, аю сасады:

Қойшы:

-Ендеше, мұнда тығыла ғой! – деп, аюды қапқа тығып, қаптың аузын шылбырмен мықтап буады да шоқпармен ұрып, өлтіреді.

Енді түлкі келіп, күліп:

-Е, енді бүйрегінді бер! – дейді қойшыға.

Қойшы қипақтап, жыламсырап, белбеуін шешеді. Белбеуін шешкенде, қойшының іші шұрылдайды.

Түлкі құлағын тіге қойып:

-О не, қыңсылаған? – дейді. Сол арада қойшы:

-Түнеугүні бір тазының күшігін жұтып едім, сол енді үлкен тазы болып, ішімнен шығайын деп, қыңсылап жатыр, – дейді.

Түлкі қорқып:

- Ойбай, қойшы, ендеше дос болайық! Тазы шығып кетпесін, мен қашайын! – деп, қаша жөнеліпті.



### «Кім күшті?» ертегісі

Ерте, ерте, ерте екен,  
Ешкі жүні бөрте екен.  
Қырғауылы қызыл екен.  
Құйрық жүні ұзын екен.  
Қырғауылы қырқылдап,  
Жалтыр мұзға сыртылдап,  
Алшая келіп қоныпты,  
Шаты айырылып қалыпты.  
Қисая жатып қырғауыл  
Сонда мұздан сұрапты:

- Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, бауырымды жаңбырға тестірмес едім.
- Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, жерге жұтқызар ма едім.
- Жер, жер, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жардырмас едім.
- Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді.
- Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк шұнақ қасқырға құйрығымды жұлқытпас едім.
- Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк мылтыққа құйрығымды ойдырмас едім.
- Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.
- Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, құмырсақаға інімді алдырмас едім.
- Құмырсақа, құмырсақа, сен неден күшті болдың?
- Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін, – деген екен

## «Жақсылық мен Жамандық» ертегісі

Бұрынғы өткен заманда Жақсылық, Жамандық атты екі адам болыпты. Бір күні Жамандық жаяу жүріп келе жатса, артынан бір атты кісі жетіпті. Екеуі жөн сұрасып, қайда бара жатқанын білісіпті. Ол келген Жақсылық екен. Сонда Жамандық тұрып:

- Жақсылық, сен мені артыңа мінгестіре кетші, - депті. Жақсылық:

- Олай болса, сен қазір мына атқа мін де, біраз жер жүріп барып, түсіп, атыңды байла да өзің жаяу кете бер. Содан соң мен жетіп, атпен біраз жерге жүріп, саған тағы байлап кетермін. Сөйтіп, баратын жерімізге кезек мініп жетейік. Екеуіміз мінгесек атқа қиын соғар, - депті. Сонан соң Жамандық атқа мініп алып, сол кеткеннен Жақсылықты есіне алмастан, кете беріпті. Жақсылық шаршап, арып-ашып, кешке жақын бір күркеге келеді. Ішіне кірсе, жан жоқ. Бірақ ортада бір үлкен қазан асулы тұр екен. «Айдалада қайнап тұрған не қылған тамақ? Дәм татайын», - деп, бір саусағының ұшын батырып, дәм татады да, күрке төбесіне шығып жатады. Бір уақытта қасқыр, түлкі, арыстан - үшеуі келіп, күркеге кіріпті. Түлкі тамақты көре сала:

- Ойбай, мына тамақтан біреу жепті! - деп, байбалам салады. Қасқыр мен арыстан екеуі:

- Кім жеуші еді? Адам келетін жер ме, бұл жер? - деп, кейіген соң, түлкі сөзді доғарып, үшеуі отырып тамақ ішіп, әңгімеге кіріседі. Арыстан, қасқыр, түлкі - үшеуі көрген-білгендерін айтысады. Арыстан мен қасқыр түлкіге:

- Түлкі, сен не көрдің, не естіп, не білдің? - дейді. Сонда түлкі тұрып:

- Мен бір жерден бір алтын көрдім. Пәлен деген байдың қыстауының қасындағы жаман қыстаудың ортасында, бір сүйем жердің астында жатқан бір құмыра алтынды күнде қарауылдап, қарап келемін, - дейді. Сонда қасқыр тұрып:

- Мен күнде пәлен деген байдың қойының арасында үлкен ала тоқтыны қарауылдап келемін. Себебі: ол байдың ауырып жатқан бойжеткен қызы бар, қандай ем қылса да жазылмайды және оның емін ешкім білмейді. Бірақ мен білемін: ол қызды жазатын ала тоқты. Ала тоқтыны сойып, өкпесін жегізсе, жазылады. Тағы да ол бай жар салған: «Кімде-кім осы қызымды емдеп жазса, соған осы қызымды беремін», - деп. Бірақ оның емін әлі ешкім тауып айтқан жоқ, тауып айта алмайды да, - дейді. Кезек келген соң, арыстан тұрып:

- Мен де түнде барып, түген байдың жылқысының біреуін жеп келіп жүрмін. Ол бай мені еш уақытта ұстай алмайды және маған оның ешбір жылқысы қуып жете алмайды. Жететін бір-ақ тайы бар. Ол тай пәлен тоғайдағы жылқының ішінде. Сол тайдан басқасынан мен құтылып кетемін. Және ол байдың жар салғаны бар: «Кімде-кім менің жылқымды жеп жүрген арыстанды ұстап берсе, соған бір үйір жылқымды беремін», - деп. Олар әңгімелерін аяқтап, ұйықтап қалады да, азаннан тұрып, бет-бетіне кетеді. Жақсылық олардың барлық әңгімелерін естіп алып, адам емдеуші боп, байдікіне келеді. Бай оның түріне қарап: «Осы емші шығар», - деп ойлап:

- Жоғары шық! - дейді. Жақсылық отырған соң, бай:

- Қызыма бал ашып бер! - дейді. Жақсылық: «Мақұл», - дейді де, қызды қарап:

- Баланы емдетпей, босқа қинапсыңдар ғой! Әкел анау үлкен ала тоқтыны. Мұның ауруы соның өкпесінде, - дейді. Бай дереу, қойшыларды жіберіп, тоқтыны алдыртады. Жақсылық қызға тоқтының өкпесін жегізіп, емдейді. Жазылған соң, қызды өзі алады. Бұдан кейін Жақсылық бағанағы жаман қыстауға келеді. Қораның ортасын бір сүйемдей қазса, бір құмыра алтын шығады. Оны алып, арыстанның айтқан жеріне барады. Барса, бай бір арыстанды ұстай алмай жүр екен. Мұны білген соң Жақсылық байға:

- Мен сол арыстанды ұстап берсем, сен маған не бересің? - дейді. Бай:

- Егер ұстап берсең, саған бір үйір жылқы беремін, - дейді. Жақсылық: «Жарар», - деп, тоғайдағы жылқылардың ішінен ала тайды ұстап алып, арыстанды күтіп тұрады. Арыстан келіп, жылқыны алып қаша бергенде, Жақсылық әлгі ала таймен қуып жетіп, арыстанды ұрып жығып, байдың бір үйір жылқысын алып, келген жолына түседі. Неше ай, неше жылдар өткенде, бір күні бұған Жамандық келіпті. Жақсылық Жамандыққа қараса, үсті-басында түк жоқ, қайыршы, дуана секілді екен. Ол Жақсылықты көріп:

- Жақсылықжан! Мен саған жамандық қыламын деп, мұндай күйге ұшырадым. Енді сен мені адам қыл. Сен бұл мал-мүліктерді қай жақтан таптың? - дейді. Сонда Жақсылық:

- Не де болса, адамзатсың ғой! Сен жамандық істегенмен, мен саған жақсылық істейін, - деп, өзінің бастан кешкен оқиғасын айтыпты. Сонан соң тұрып:

- Пәлен төбеде бір үй бар. Сен қазір соған жет. Оның ішінде асулы бір қазан ет бар. Бірақ оның ішіндегі еттен тек бір саусағыңды батырып, дәмін көр де

үйдің төбесіне шығып жат. Сонда түлкі, қасқыр, арыстан келеді. Сен олардың әңгімесін тыңдай бер. Олар кеткеннен кейін естіген сөздеріңді істесең, сен осындай боласың, - дейді.

Жамандық: «Жарайды,» - дейді де, баяғы күркеге барып кіреді. Жақсылық айтқандай, қазан толы ет асулы тұр екен, қызығып кетіп, шыдай алмай: «Мына бір жілігін жейінші» - деп, еттен жеп, сорпасынан да, бес-алты рет ұрттап алыпты. Сөйтіпті де, үйдің төбесіне шығып жатыпты. Бір уақытта түлкі, арыстан, қасқыр - үшеуі күркеге кіреді. Түлкі тамақты көре сала:

- Ойбай, мына еттің тоқпақ жілігі жоқ, омыртқасы жоқ, сорпасы жоқ, біреу жепті! - дейді. Оған арыстан мен қасқыр:

- Кім жеуші еді? Бұл жерге адам келуші ме еді? - деп, көнбейді.

- Жоқ! Бір бәле бар! Мен түс көрейінші, - деп, түлкі жата қалыпты да, аздан соң қайта тұрып: -Осы күрке үстіне шығайықшы, сонда бір пәле бар секілді, - депті. Бұл сөзін қасқыр мен арыстан да мақұл көріп, түлкі төбеге шықса, Жамандық жатыр екен. Үшеуі Жамандықты бас салып жеп қойыпты. Сөйтіп, Жақсылық жақсылығынан өмір сүріп, мұрат-мақсатына жетіпті. Жамандық жамандығынан ит-құсқа жем болыпты.

### **«Алдар көсе мен бай» ертегісі**

Алдар көсе байдың қойын жайыпты. Жайып жүріп, бір күні шықпақ болыпты. Байдың баласы жоқ екен. Қойнына ыстық нанды тығып, қойына кетіп бара жатса, Алдар көсе келіп:

Бай, сенімен құшақтасып кетейін, – деп, байға келіпті. Байға «қош» деп, құшақтасып көрісіпті. Қойнындағы ыстық нан қойнын күйгізсе, бай нанды:

-Ит жегір-ай, – деп, лақтырып жіберсе, Алдар көсе:

- Ит жегенше, мен жейін, – деп, сол арада нанды жеп алыпты.

Байдың үш қызы бар екен. Үлкенінің аты – Жуанбіз, ортаншысының аты – Ортаншыбіз, кішісінің аты – Жіңішкебіз екен. Әсіресе, кіші қызы сұлу екен. Алдар көсе байға айтыпты.

-Байеке, байеке, жіңішке бізіңізді бере тұрсаңыз. Етігімді тігіп алайын, – дейді.

Бай:

-Үйге барсаң, қатын береді, – дейді. Алдар көсе үйіне келіп:

-Бай Жіңішкебізді маған ал деді, – деп, қатынына айтыпты. Қатыны «бермеймін» десе, Алдар көсе байға айқай салыпты. Сөйтсе, бай ашуланып, қатынына:

- Бер, – депті. Қатыны Жіңішкебізді Алдар көсеге беріп жіберіпті. Алдар көсе Жіңішкебізді алып келе жатса, бір таз қой бағып жүр екен. Алдар көсе тазға айтыпты.

-Тазым, тазым, басыңды жазып берейін бе? – депті. Таз:

-Мақұл, – депті.

-Көк серкенді әкел, – деп, серкені сойып, қарнын-жынын таздың басына қаптап:

-Сен енді осы құдыққа түсіп, жылын. Қасыңа бір ешкі байлап қоясың. Сол ешкі маңырағанда, тазың кетеді, – деп, ешкіні байлап кетіпті. Сөйтсе, қой кетіп қалыпты. Алдар көсе Жіңішкебізбен келе жатса, бір қарт қос айдап жүрсе, сартқа келіп, Алдар көсе қартқа айтыпты.

– Сарт, мен сенің үйіңнен тамақ ішіп шықтым. Қатының тамағыңды даярлап тұр, маған «сен айдай тұр» деді, – депті. Сарт сеніп, үйіне кетіп қалса, өгізінің құйрығын кесіп, жерге қадап, екі өгізді Жіңішкебізбен бір белдің астына апарып қойып, сартқа айқайлапты.

-Сартақ сарт, өгізің жерге кіріп кетті, – деп айқайлайды. Сарт келіп, құйрықты тартса, Алдар көсе «жұлынады, тартпа» десе, сарт болмай, жұлып алыпты.

-Әне, жұлма десем де жұлды.

Сарт жерді қазып-қазып, таба алмай, сарт үйіне кетіпті.

Алдар көсе Жіңішкебізді, екі өгізді алып, жолына түсіпті.

### «Үйшік» ертегісі

Бұл орманда болған оқиға еді. Ашық алаңқайда кіп-кішкентай ескі үйшік тұрған. Бірде оны қасынан жүгіріп өтіп бара жатқан тышқан көреді. Тышқан тоқтап:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды.

Ешкім жауап қайтармайды. Тышқан бос үйшікке кіріп, осында тұрып жатады.

Біраз уақыттан кейін үйшіктің маңына секіріп бақа келеді.

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар?

– Мен тықырлауық тышқанмын! Ал сен кімсің?

– Мен бақылдауық бақамын. – Кел, бірге тұрайық.

Бақа «бақ-бақ!» деп бақылдап, үйшікке секіріп кіреді. Тышқан екеуі тіл табысып, бірге тұрады.

Енді үйшік қасына ытқып-ытқып қоян жетеді.

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын. Ал сен кімсің?

– Мен қорқақ қоянмын!

– Кел, бірге тұрайық.

Қоян да үйшікке кіреді. Осылай үшеуі бірге өмір сүре бастайды.

Алыстан бұл үйшікті түлкі көреді. Ақырын басып жақын келіп, терезесін

қағады да:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын.

– Мен қорқақ қоянмын! Ал сен кімсің?

– Мен қу түлкімін!

– Кел, бірге тұрайық.

Үйшіктен түлкіге де орын табылды. Достар енді төртеу болды.

Үйшікке тілі салақтап, айналасына алақ-жұлақ қарап қасқыр жетеді. Ол есікті қағып, қырылдаған дауысымен:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын.

– Мен қорқақ қоянмын!

– Мен қу түлкімін! Ал сен кімсің? – Мен сұр қасқырмын!

– Кел, бірге тұрайық.

Қасқыр қысыла-қымтырыла ішке кіреді. Әйтсе де кіп-кішкентай үйшікке бесеуі де сыйып кетеді. Барлығы қосылып, ән айтады. Тату-тәтті өмір сүреді.

Бір күні жидек теріп жүрген аю үйшік тұрғындарының салған әнін естиді.

Ол үйшікке жақын келіп, бар дауысымен:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп ақырады.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын.

– Мен қорқақ қоянмын!

– Мен қу түлкімін!

– Ал мен болсам, сұр қасқырмын!

Ал сен кімсің?

– Мен қорбаңбай аюмын!

– Кел, бірге тұрайық.

Аю ары-бері тырбындап үйшікке кірмекші болады. Бірақ оның басы енгенімен, денесі сыймайды. Амалы таусылған аю:

– Ендеше мен үйшіктің шатырына шығып тұрайын, – дейді.

– Жоқ, сен дәусің! Сені кішкентай үйшігіміз көтере алмайды. Қиратасың ғой, – деп шырылдайды іштегілер. – Қорықпаңдар, түк те болмайды, – деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды.

Кіп-кішкентай үйшіктің тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю қорбандап үйшіктің төбесіне шығады. Сол-ақ екен, ескі үйшік сықырлап, шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, қу түлкі, сұр қасқыр – барлығы аман-есен үйшіктен шығып үлгереді. Аюға олар ренжімейді. Қайта барлығы бірігіп, бөренелерді тасып, тақтайларды сүргілеп, жаңа үйшік тұрғызуға кірісіп кетеді. Осылайша, достар өздеріне әп-әдемі, жап-жаңа үйшік соғып алыпты.

Ең ерте заманда хайуандар жылдың басы болуға таласыпты. Сонда жылқы айтыпты:

— Мен алысты жақын қыламын. Күшімді көреді, сүтімді ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, – дейді.

Түйе айтады:

— Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп, арпа, сұлы сұрамаймын. Көде болса, көде, жусан болса, жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса, су ішіп, табылмаса, шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық.

Сиыр айтады:

— Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май істейді, жыл басы болу маған лайық.

Қой айтады:

— Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді. Жүнімді алып, киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт-май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ.

Ит айтады:

— Мен болмасам, сендердің көбінді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе, үріп, абалап, иеме хабар беремін.

Тауық айтады:

— Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен ерте тұрып, таң атты деп шақырып, хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын.

Тышқан не айтарын білмей тұрады да бір түрлі қулық ойлап, жиылған көпке айтады:

— Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын.

Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?», – деп, тышқанның сөзін қостайды. Бөрі қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің өркешіне шығып отырады. Көп хайуан таласып: «Біз көреміз, біз көреміз», – деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп, еш нәрсе демепті.



Сонан соң жылды бәрінен бұрын тышқан көріп, хабар беріп, жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп құр қалыпты.

### **«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі**

Күндердің бір күні Жылан жер жүзіндегі жанды мен жансыздарға мынадай арыз айтады:

-Мені Тәңірім сендердің бәріңнен кем жаратыпты. Аяқ-қолым жоқ. Басымды көтере алмай, жер бауырлап қалдым. Не жеп, не қоярымды да білмеймін. Сендердің бәрің бір бүтін тілдісіңдер, ал мен айыр тілдімін. Ойлап отырсам, жанды мен жансыздың ішіндегі сорлысы мен екенмін. Маған ешқайсыңның жәрдем еткілерің келмейді. «Сен қасіретті көп тарттың, ондайлар әрдайым әділ келеді, сен барлығымызға патша да бола аласың» деп, сөзбен болса да жұбатып кетпейсіңдер, – деп, ол екі көзінен қанды жасын сорғалатып, ағыл-тегіл жылайды.

Жанды-жансыздың барлығы жыланға аяныш білдіріп, өкпесін орынды көреді, «қарасың деп шықпайтын, қара қылды қақ жарған, ақ жүрек ақылшымыз болар» десіп, өздеріне патша етіп сайлайды.

Жыл артынан жыл, күн артынан күн өтіп жатады.

Күндердің күнінде Жыланекен: «Бүкіл әлемге патша болып, барлық билікті өз қолыма алсам, бұдан да жақсы тұрар едім. Көзіме көрінген тамақты ішпей, дүниедегі жандылардың ең тәтті қандысын жер едім», – деп қиялдайды. Қан дәмін айыра алатындарды шақыртады. Қос қанатын делдитіп, аяқтарын шілтитіп, қуарып Шіркей, тұмсығын едірейтіп Маса, патшаның көңілін табам деушілердің бәрі келеді.

Патша осылардың ішінен Шіркей мен Масаға:



— Жер жүзін аралап, өсімдіктердің дәмін татып, жанды-жансыздың қанын сорып қайтыңдар, тек бұлар ғана емес, қаттыдан тастың, жұмсақтан топырақтың да дәмін алыңдар. Дүниедегі ең тәтті зат бұдан былай менің тамағым болатындай етіндер, – деп, уақыт кесіп, бүкіл әлемді шарлатып жібереді.

Күн артынан күн өтіп, патшаның кесіп берген мезгілі де жетеді.

Шіркей әлсіздігінен жел болса, шөптің түбіне қашып тығылып, тымықта ыңылдап ән салғансып жүріп, кешігіп қалады. Ал Маса өсімдік пен жандылардың ең тәттісін біліп алып, патшасына қарай әуелей ұшып, әндетіп келе жатқанда, Қарлығаш кез болады.

— Иә, Маса досым, патшамызға ең тәтті тамақ іздеп кетті деп естіп едік, таптың ба?

Маса Қарлығашты менсінбей, сұрағына жауап қатпай, зулай жөнеледі.

-Ә, ә, түсіндім, түсіндім! Жолың болып, іздегеніңді тапқан екенсің, достым... Азаматсың өзің! Сенің ептілігіңді, еш нәрседен тайынбайтын бір беттілігіңді білгемін. Осы қасиетіңді енді барлық қанаттыларға айта жүретін боламыз, – деп, Қарлығаш Масадан сыр тарта, мадақтай сөйлейді.

Бұл мақтауға Масаның есі шыға мастанып:

-Патшамыздың тамағына кімді тапқанымды білесің бе?

-Е, Маса досым, мен не білуші едім? Сізден денемнің үлкендігі болмаса, ақылым аз емес пе?! Сіз патшаның ақылшысысыз. Кәне, төрем, айтыңызшы, ардақты патшамыздың тамағына кімді таптыңыз?

Маса еліре түсіп:

-Дүниеде патшамызға лайықты ең тәтті тамақ адам қаны екен.

«Һм... Адам сияқты ақылды да айлалы жан домаланған сілімтік жарымжанға жем болып қала ма» деп, қарлығаш бір амал ойлайды.

- Менің ақылымның қысқалығы осы емес пе, Маса төрем! Адамның қаны тәтті дегеніңізге сенер-сенбесімді білмей келем. «Дүниеде тәтті қанды тауып, дәмін татқанның тіліне алтын мөр түсіп қалады» деп, шешем көп айтушы еді. Кәне, тіліңізді шығарып, мөріңізді көрсетіңізші! Алтын мөрге көз салғанның өзі біз үшін үлкен бір медеу ғой.

Бұл мақтауға елірген ессіз Маса:

- Көрсен, көре ғой, байғұс! – деп, тілін ұсынады. Қарлығаш шап беріп, Масаның тілін жұлып алғанда, ол сөйлей алмай, ыз-ыз етіп, патшасы Жыланға қарай ұша жөнеледі.

«Қош, тілің жұлынды. Аузыңа құм құйылды. Адамның қанының тәттілігін енді қалай түсіндірер екенсің?» деген оймен Қарлығаш артынан ұшады.

Маса бірдемелерді айтқысы келіп, ыз-ыз етіп зар қағады. Бірақ еш нәрсені түсіндіре алмайды Жыланға.

-Мұның тілі аузынан түсіп қалған ба, немесе жынданған ба? Мынаның не деп тұрғанын түсінгендерің бар ма? – деп, Жылан тұрғандарға қарайды.

- Өте түсінікті, патшам! – дейді Қарлығаш сонда.

-Түн көрмей кетейін, бірдеңе ұқсам, кәне, түсінсең айтшы, не деп тұр? -

Ызындап ұшып жүріп, бүкіл әлемді араладым. Бірақ неше түрлі өсімдікті өзі өсіріп шығарған топырақтан басқа еш нәрсені таппадым, - дейді патшам! Тілі сөйлеуге жарамаса да құлағы сау Маса мұны естігенде, жаны шығып кете жаздайды.

Ол ызындап кеп, Қарлығашқа екі-үш рет тиіседі де Жыланның алдына барып жылап жібереді.


-Ә, ә, мұның тіліне бір пәле қылған сен екенсің ғой, – деп, Жылан Қарлығашқа атылып кеп кетеді. Қарлығаш ұша жөнеледі.

Жылан ұша жөнелген Қарлығаштың құйрығын ғана тістеп қалады. Жылан содан былай топырақ жалап, ал Маса ызылдап қалады. Адам жыланды көрсе өлтіріп, басын езетін болады. Қарлығаш жыланнан қорқып, адамды дос тұтып, үйдің төбесіне ұя салады, бірақ оның құйрығы кем, екі айырық, болып қалады.

### «Құмырсканың қанағаты» ертегісі

Ертеде бір данышпан кісі болыпты. Ол кісі жан-жануарлардың, құрт-құмырсканың тілін біледі екен.

Бір күні әлгі данышпан жолаушылап келе жатыпты. Жарты жолға келгенде, ат шалдырып, демалып отырса, кішкентай бір құмырсканың дән тасып жүргенін көреді. Оны жерден көтеріп алады да алақанына салып тұрып:



– Қане, құмырсқа, айтшы, дәнді қайда алып барасың? – деп сұрайды.

– Илеуіме апарамын, – дейді құмырсқа. Адам сұрайды:

– Оны қайтесің?

– Кейінге сақтаймын, – дейді құмырсқа. Адам:

– Көп жинайсың ба? – деп сұрайды.

Құмырсқа өз шаруасының жайын былайша баяндайды:

– Жаздай жұмыс істеп, жейтін азығымды жинаймын да қыстыгүні қаннен-каперсіз тынығып жатамын.

Данышпан құмырсқаны шыр айналдыра қарай бастады:

– Басың неге үлкен?

– Аз сөйлеп, көп ойлаймын.

– Белің неге қылдырықтай?

– Қомағай емеспін.

– Жылына қанша дән жейсің?

– Бір дән жеймін.

– Соған қанағат етесің бе?

– Одан көп жей берсем, жер бетіндегі басқа құмырсқалар аш қалмай ма? Қанағат керек қой!

Құмырсқаның ақылына, қанағатына, көрегендігіне сүйсінген данышпан оны сынап көрмек болады. Қорапқа бір дән салады да құмырсқаны соған қоса қамайды. Сонан соң су тимейтін бір жайлы жерге орналастырады.

– Бір жылдан кейін келемін. Дәнің бар жейтін, қамсыз жата бер, – дейді, данышпан құмырсқаға ескертіп. Осылайша құмырсқаның азықты қалай үнемдейтінін білгісі келеді.

Бір жыл өткен соң, данышпан әлгі құмырсқаға қайта оралады. Өзі қойып кеткен жерден қорапты тауып алады. Құмырсқаның өлі-тірісін білмек болып, қорапты ашады. Қараса, құмырсқа тірі екен. Қасына қалдырған жалғыз дәннің жартысын ғана жепті. Бұған таңданған данышпан:

– Ей, құмырсқа, – депті, мұның себебін білмек ниетпен. – Сен жылына бір дән жеймін деп едің ғой. Мына дәнді неге түгел жемей, жартысын қалдырғаның? Не себептен сонша үнемдедің?

Сонда құмырсқа былай депті:

– Айтқаның дұрыс, мен жылына бір дән жеймін, ол рас. Ал сен болсаң, мені қорапқа салып, қамап кеттің. Сыртқа шыға алмаймын. Егер сен мені бұл

қамаудан босатуды ұмытып кетсең, тағы да бір жыл қамауда жататын едім. Бір дәнді түгел жеп қойсам, аштан өлетін едім. Соны ойлап, қанағат еттім.

Данышпан құмырсқаның шыдамдылығы мен тастай берік қанағатына қайран қалыпты. Оны қамап кеткенінің қиянат болғанын, азапқа салғанын енді түсініп:

– Менің істегенім дұрыс болмапты, кешір! – депті де құмырсқаны қамаудан босатып жіберген екен.

Содан кейін данышпан қанағаттың қасиетін адам баласына үйретіпті.

### «Мақта қыз бен мысық» ертегісі

Бұл екеуі дос болып жүреді. Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады да мысықты шақырады. Мысық, келмейді. Қыз:

-Келмесең келме! – деп, мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң, мысық келіп:

-Неге шақырдың? – деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Сонан соң мысық:

-Ендеше қатығыңды төгем! – дейді.


Мақта қыз:

-Мен құйрығыңды кесіп аламын! – дейді.

Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады.

Мысық:

- Апа, апа, құйрығымды берші! – дейді.



Мақта қыз:

-Менің қатығымды төле! – дейді. Мысық сиырға барады.

- Сиыр, маған қатық берші! – дейді.





Сиыр:

-Менің қарным ашып тұр. Маған жапырақ әкеліп берші! – дейді.

Мысық ағашқа барып:

-Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші! – дейді.



Ағаш:

- Мен шөлдеп тұрмын. Су әкелсең, жапырақ беремін, – дейді. Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көреді.

-Қыздар, қыздар, маған су беріңіздерші! – дейді.



Қыздар оған:

-Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, – дейді. Мысық дүкенге барады.

-Әй, дүкенші, маған сағыз берші! – дейді.



Дүкенші:

- Маған жұмыртқа бер, – дейді. Мысық тауыққа барады.

-Тауық, тауық, маған жұмыртқа берші! – дейді.





Тауықтар:

- Бізге дән әкеліп берсең, біз саған жұмыртқа береміз, – дейді.

Мысық: «Енді не қыламын?» – деп, бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды бас салады.

-Жаныңның барында айт! Үйінде не бар? – дейді.




Тышқан қорыққанынан:

Үйімде бір табақ тарым бар, – дейді.

Мысық:

- Маған бір уыс тары бер, – дейді.



Тышқан үйіне барып, бір уыс тары әкеліп береді; мысық тарыны апарып тауыққа береді, тауық жұмыртқа береді; жұмыртқаны апарып дүкеншіге береді; дүкенші сағыз береді; сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді; суды апарып ағашқа береді; ағаш жапырағын береді; жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді; қатықты апарып Мақта қызға береді, Мақта қыз мысықтың құйрығын береді.

### «Екі сараң қонжық» венгер халық ертегісі

Ертеде бір ну орманда кәрі Аю тіршілік етіпті. Аюдың екі қонжығы болыпты. Қонжықтар өскен кезде, бақыт іздеуге жолға шығыпты. Олар жолға шығар алдында анасымен қоштасыпты. Ал анасы қонжықтарын құшақтап, еш уақытта бір бірінен айырылыспауды талап етті. Анасының бұйрығын орындауға сөз берген қонжықтар жқлға шығады. Алдымен олар тоғайдың шетімен, содан соң жазық даламен жүреді. Сөйтіп бір күн жүрді, екінші күн жүрді. Ақырында бар қоректері таусылды. Ал жолдан табатын ештеңе болмады. Қонжықтар бірінің артынан бірі еріп келе жатты. Сол уақытта кіші Қонжық: Ағатайым, менің қарным ашты! деп шағымданады.

— Менің де қарным ашты! деп өңі бұзылып, басын шайқайды. Солай жүре берді. Кенеттен үлкен ірімшікке кезікті. Әділ жолмен тең бөліспек еді, бөлісе алмады. Қонжықтар бір бірінен ірімшікті қызғанып, ұрсысып, ақырып тұрғанда кенеттен жандарына Түлкі келеді — Неге ұрсысып тұрсыңдар? деп сұрайды.

Түлкі:

- Мен сендерге ірімшікті теңдей бөліп беремін деді. Түлкі ірімшікті алып екі бөлікке бөледі. Алайда алаяқ басты бір жарымын екіншіден үлкен қылып



бөледі. Қонжықтар бұған ренжіді.

-Мынау үлкен ғой, деп ақырды.

Түлкі оларды жұбатып:

- Тыныш жастар! Кішкене сабырлық, қазір бәрін реттеймін.

-Мен өзімнің жұмысымды білемін, деді. Бұлай да бірдей емес, деп тынымсызданады. Ол үлкен жарты бөліктің жартысын қылғытып жұтып қояды. Енді кіші жарымы үлкен болады.

Осылайша қу түлкі қонжықтардың ірімшігін тең бөлмей, біразын жеп азғантай ғана қалдырып, оларды теңеп, екеуіне береді. Түлкі оларға күліп: Міне сараң, арам болсаң, бір күні осындай азығыңнан құр қаласың, деп өз жөнімен кетті.

### **«Ағаштар неге ашуланды?» Б.Сокпақбаев**

Жадырап көктем туды. Қар қауырт еріді де, аз күнде төңірек қарайып, құрғап шыға келді.

Мектепте көшелерді көгертіп, ағаш отырғызу апталығы басталды.

Оқушыларды түгел қызықтырған бұл бастама тек Алмабекке ұнамады. Орман болса тан іргеде тиіп тұр. Көшеге ағаш отырғызып, әуреленудің керегі қанша деп ойлады ол. Бірақ жұрт бір кісідей жұмылып кіріскен істен Алмабек шетте қала алмады. Өз кластарымен бірге тоғайға ол да барды. Бірнеше жас тал, терек, қайың әкеліп, басқалардың үлгісімен терезе тұсына тізіп отырғызды.

Алмабек осымен істі тындыға санады. Өзгелер отырғызған ағаштарын суарып, түбін қопсытып, мәпелеп күтумен болса, бұл оның бірін де істемеді.

Жаз шықты. Көктемде отырғызған ағаштар жапырақтары желкілдеп, бойлап есе бастады. Солардың арасында: Алмабек отырғызған ағаштар ешбір күтім көрмеген соң тамырланып кете алмай, шөжіп шалажансар жұтап тұрды.

Орманнан өздерімен бірге әкеліп отырғызған басқа ағаштардың айнала жамырап, жайнап өсіп келе жатқанын көргенде, қуқыл тартқан ағаштар қапаланып, қайғыға батты. Ертелі-кеш самал желмен тербелген ормандағы кешегі еркін өмірлерін аңсап, бір біріне мұңын шағып жылады. «Бұл халде тұра берсек, біраз күнде тамырымыз суалып, құритын шығармыз», — деп уайым шекті.

Бұл қайғылы халді самал жел өзен бойындағы орманға жеткізді. «Осындай да осындай. Алмабек дейтін бала алып барып отырғызған сіздердің туысқан шыбықтарыңыздың халі мүшкіл екен», — деп, ол сыбдырлап бұталарға айтып еді. Ауыздарына сөз тұрмайтын бұталар оны сыбдыр қағыл талдарға, талдар қайындарға, қайындар дереу теректерге

жеткізді. Сөйтіп, кен алқапты жалпағынан алып жатқан ну орман Алмабектің қылығын түгел естіді.

Бір күні Алмабек жолдастарымен бірге өзенге шомылуға келді. Олар шешініп те үлгермеп еді. Ауа райы күрт бұзылып, аспанды сірескен қара бұлт басып кетті. Азынап жел тұрды. Балалар сасқалақтап, үйлеріне қарай жүгіре жөнелісті.

Алмабек те жүгіріп келе жатыр еді. Ағаштың жыландай ысылдап майысқан бұтақтарының бірі кенет оның басынан кепкасын қағып, ұшырып түсірді. Ол жалт бұрылып, кепкасын ұстап алмақ болып еді, жолдастарынан адасып қалды. Ал кепка тоқтар емес. Ағаштың қалың ішіне қарай домалап барады. Алмабек әне жетем, міне, жетем деп, қуа берді. Балалар бұл кезде ұзап кетті.

Дәл сол уақытта адам айтса нанғысыз ғажап оқиға болды. Орман іші азан-қазан жаңғырып кетті. Түйе беліндей жуан бәйтерек майысып келіп, Алмабекті баса жаздап, жолына көлденеңдеп тосқауыл бола қалды.

Алмабек қорыққанынан шыңғырып жіберіп, кейін қарай жалт берді. Сол кезде тұс - тұстан:

-Ә, бәлем, Алмабек, қолымызға түстің бе? — деген ашулы дауыстар жамырап естілді.

Алмабекте ес қалмады. Ағашы аздау бір жермен жүгіріп өтпекші болып еді. Ұзын бір ақ қайың жапырақтары жалпылдап алдын тағы бөгей қалды. Алмабек кейін қарай жалт берді. Маңайдағы ағаштар су-су етіп, төніп келіп қалғанын көрді. Бірнеше солқылдақ көк шыбық жотадан шып-шып еткізіп, шарпып өтті.

-Сендерге мен не жаздым?! — деп, Алмабек жылап жіберді. Сол кезде төбесі көк тіреген көпті көріп, көп жасаған орман атасы кәрі еменнің гүжілдеген жуан даусы естілді.

-Сенің жазығың сол: біздің бірнеше жас шыбығымызды үйіңнің қасына отырғызбақ болып, қазып әкетіп едің, нағыз азап халге салып қойыпсың. Түбі босатылмай, қатып қалыпты. Тамыры суалып, құрып бара жатқан көрінеді. Осы қылығың адамшылыққа жата ма? Ағаштан көрген не жамандығың бар? Жайқалып өсіп тұрсақ қыстақтың көркі емеспіз бе? Жаздыгүні ми қайнатқан ыстықта саямызға паналайсың. Қыстыгүні азынаған бораннан қорғаймыз. Астыңдағы орындығың мен алдыңдағы столың, қалам-қағазыңа дейін — бәрі ағаштан істеледі. Үйіңе қабырға болып та қаланамыз. Сен осыны неге түсінбейсің, неге бағаламайсың? — деді қарт емен.

Істің мән-жайы Алмабекке әбден түсінікті болды.

- Кешіріңіздер. Кешіре көріңіздер! - деді Алмабек.

-Кешіруге болмайды, — деп, солқылдақ көк шыбық тағы да төніп қалып еді, қарт емен оны бұтағымен қағып тоқтатты.

-Жә, шоштандамай тұра тұр. Бала сөзін айтып болсын, — деді.

-Кешіріңіздер. Мен отырғызған ағаштарымды бүгіннен бастап мәпелеп, күтуге уәде беремін, — деді Алмабек.

-Жарайды, — деді қарт емен, — олай болса, бар үйіңе.

Ағаштар түзеліп, бойларын жазып, Алмабекке жол ашты. Алмабек үйіне келді. Дереу күрек алып, ағаштардың түбін қопсытты. Арықтан су әкеп құйды. Құрт түспес үшін ағаш діңгегінің түп жағын әкпен ақтап қойды. Аз күнде ағаштар қайтадан жанданды. Күзге салым кәдімгідей жапырақтары жайқалып, жетіліп қалды.

Бұл үшін өзен бойындағы ну орман Алмабекке ризашылық білдіріп, ол келгенде саясын тосып, шаттана сыбдырласып тұратын болды.

### «Жыл мезгілдері» ертегісі

Ерте,ерте, ертеде атақты Жыл ақсақалдың Қыс, Күз дейтін екі ұлы, Көктем, Жаз дейтін екі қызы болыпты.

Ұлдары мен қыздары есейгеннен кейін, Жыл ақсақал оларды алдына шақырыпты.

-Ұлдарым мен қыздарым! Ақылдарың толысты, буындарың бекіді. Енді мен сендерге үлкен сенім артып, зор міндет жүктегелі отырмын. Қалай көресіңдер? – деп, ол ұлдары мен қыздарына сынап қарапты.

-Мен дайынмын!-дейді қызу қанды Қыс қатулы қабағымен сүзе қарап.

-Мен де, – депті Көктем сұлу қасын керіп.

-Мен де, – депті көңілшек Күз аузын бұртитып.

-Мен де, – депті жадыраған Жаз.

Жыл ақсақал оларға риза болады.

-Ендеше, мен сендерге он екі Айды үш-үштен теңдей бөліп, енші бергім келіп отыр, – деп, Жыл ақсақал денесін тіктеп алады да, — мына әр қағазға ай аттары жазылған. Әрқайсысың үш-үштен алатын болыңдар, – деп ораулы он екі қағазды шашып тастайды...

Ұлдары мен қыздары шашылған қағаздарды таласып- тармасып алап жатады.

-Сонымен сендер кезекпен үш ай жұмыс істейтін боласыңдар.

-Ал жолдарың болсын! Бірақ бір ескертерім сол, әрқашан халық үшін, адамдар үшін қызмет ететіндеріңді ұмытпаңдар, – дейді де Жыл ақсақал кетуге ыңғайланады.

Содан бері жылдың төрт мезгілі – көктем, жаз, күз, қыс адамдарға қалтқысыз қызмет етумен келеді.

## Мазмұны

Түсінік хат.....	2
Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары. ....	4
Ұйымдасқан оқу қызметінің үлгілік жоспары. ....	10
№1-тақырып: Ертегілер еліне саяхат.....	10
№2-тақырып: «Ақыл мен Білім»ертегісі .....	12
№3-тақырып : «Ғажайып түс» ертегісі.....	14
№4-тақырып : «Нан қайдан шығады?».....	15
№5-тақырып: «Шаруа мен аю» ертегісі .....	17
№6-тақырып: «Шаруа мен аю» ертегісін сахналау.....	19
№7-тақырып: «Көкөністер мен жемістер туралы» ертегісі.....	21
№8-тақырып: «Әтеш пен тоты» ертегісі .....	23
№9-тақырып: «Арыстан мен тышқан» ертегісі.....	24
№10-тақырып: «Арыстан мен тышқан» ертегісін сахналау .....	26
№11-тақырып: «Қасқыр мен ит» ертегісі.....	28
№12-тақырып: «Қолғап» ертегісі .....	30
№13-тақырып: «Мысық, әтеш және түлкі» орыс халық ертегісі .....	32
№14-тақырып: «Мысық, әтеш және түлкі» орыс халықертегісін сахналау ...	34
№15-тақырып: «Түлкі мен тырна» ертегісі .....	36
№16-тақырып: «Түлкі мен тырна» ертегісін сахналау .....	37
№17-тақырып: «Алтын сақа» ертегісі .....	39
№18-тақырып: «Бес ешкі» ертегісі .....	41
№19-тақырып: «Қойшы, түлкі және аю» ертегісі .....	42
№20-тақырып: «Қойшы, түлкі және аю» ертегісін сахналау .....	44
№21-тақырып: «Кім күшті?» ертегісі.....	48
№22-тақырып : «Кім күшті?» ертегісін сахналау .....	50
№23-тақырып: «Жақсылық пен жамандық» ертегісі.....	53
№24-тақырып: «Жақсылық пен жамандық» ертегісін сахналау .....	55
№25-тақырып: «Алдар көсе мен бай» ертегісі.....	56
№26-тақырып : «Үйшік» ертегісі.....	58
№27-тақырып: «Үйшік» ертегісін сахналау.....	60
№28-тақырып: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі .....	64
№29-тақырып: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін сахналау .....	66
№30-тақырып: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі .....	69
№31-тақырып: «Құмырсқаның қанағаты»ертегісі.....	

- №32-тақырып : «Мақта қыз бен мысық» ертегісі.....
- №33-тақырып: «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау.....
- №34-тақырып: «Екі сараң қонжық» венгер халық ертегісі.....
- №35-тақырып: «Ағаштар неге ашуланды?» Б.Соқпақбаев .....
- №36-тақырып : «Жыл мезгілдері» ертегісі .....